В своем Послании народу Казахстана Стратегия «Казахстан - 2050» Президент - Лидер нации Н. Назарбаев особо отмечает: «Дети - наиболее уязвимая и самая незащищенная часть нашего общества, и они не должны быть бесправными. Как Лидер нации я буду требовать защиты прав каждого ребенка. Любого ребенок, который родился на нашей земле, - казахстанец. И государство должно заботиться о нем» [2]. Следует отметить, что это требование красной чертой проходит через все последующие обращения Главы государства и реализуется через правительственные программы, что подчеркивает его приоритетность.

Так уж получилось, что создание системы ювенальных судов сопровождалось кардинальным преобразованием во всей судебной системе страны, разработкой и внедрением новой уголовной политики, что выразилось в принятии новых кодексов (Уголовного Кодекса, УПП, УИП и др.), преобразованиями в пенитенциарной системе, реформами в системе государственного управления, а также серьезными преобразованиями в механизме защиты прав ребенка. Все эти изменения совершались при активном взаимодействии с общественными институтами. Многие инициативы выдвигались и продвигались благодаря международным общественным организациям. Все это в итоге привело к тому, что в настоящее время Казахстан «является лидером в регионе Центральной и Восточной Европы и СНГ в области юстиции для детей, и ювенальные суды набирают опыт, который по праву может служить примером для других стран - в республике действует более десятка законов и

утверждено свыше 20 постановлений Правительства, касающихся вопросов соблюдения прав несовершеннолетних» [3].

Органы ювенальной юстиции призваны стоять на страже интересов детей, их модернизация, с одной стороны является выполнением взятых на себя Казахстаном международных обязательств, с другой стороны желанием создания реального механизма закрепления, гарантирования, защиты и реализации всего спектра прав и законных интересов маленьких граждан Республики. Это возможно только при тесном взаимодействии всех заинтересованных лиц, в число которых входит и государственные и общественные институты.

Следует отметить, что многое из того позитивного, что достигнуто у нас в настоящее время в плане продвижения ювенальной юстиции, сделано усилиями некоммерческих неправительственных организаций (НПО).

Влияние общественных институтов на реформы проводимые в Казахстане сложно переоценить. Под их пристальным вниманием проводятся практически все важнейшие политические, экономические и социальные преобразования, например, конституционные реформы всегда сопровождалась экспертными оценками отечественных, зарубежных и международных организаций, то же самое можно сказать о любых социальные преобразованиях.

Особое место в решении проблем несовершеннолетних на международном уровне занимает ЮНИСЕФ (UNICEF) — это Детский фонд ООН. Деятельность ЮНИСЕФ основана на началах сотрудничества с государствами, общественными объединениями, неправительственными и иными международными фондами и организациями. ЮНИСЕФ оказывает содействие и помощь несовершеннолетним и женщинам, пострадавшим от военных конфликтов, гражданских беспорядков, катастроф и стихийных бедствий, поставляя продукты питания, лекарственные средства и питьевую воду в проблемные зоны. ЮНИСЕФ — это инициатор, организатор и пропаганда важной концепции «дети как зона мира», что позволяет обеспечивать эффективную охрану и защиту несовершеннолетних, создавать условия для оказания помощи детям, независимо от того, к какой стороне конфликта они принадлежат.

Как уже было отмечено выше, сама идея создания в Казахстане ювенальной юстиции была инициирована Фондом Сорос-Казахстан, который был основан в 1995 году Фондами Открытого Общества. Целью данной организации было оказание молодому, независимому Казахстану в преодолении трудностей политических и экономических реформ. По отчетам Фонда за 20 лет своего существования было выделено и использовано 70 млн. долларов на реализацию широкого спектра программ, одной из которых была программа продвижения идеи создания специализированной ювенальной системы в Казахстана. В своем юбилейном отчете за 20 лет работы «20 лет деятельности Фонда Сорос-Казахстан» отмечено: «В 2003 году Фонд инициировал проект по развитию ювенальной юстиции, в результате которого была создана функционирующая система правосудия для несовершеннолетних, гарантирующая им получение специализированной помощи. Исследование в Казахстане, профинансированное ФСК, выявило не только улучшение ситуации с предоставлением альтернативы тюремному заключению, но и улучшение отношения к несовершеннолетним правонарушителям со стороны полиции и судей. После того как в 2006 году завершился пилотный проект, поддержанный ФСК, в 2008 году правительство приступило к созданию национальной системы ювенального правосудия. Изменение политики государства в пользу ювенальной юстиции явилось прямым следствием инициатив Фонда Сорос-Казахстан, которые положили начало важным социальным изменениям и помогли привести отечественную практику Казахстана в соответствие с международными обязательствами. «Наличие этой системы является результатом деятельности ФСК. Фонд оказал непосредственный и существенный вклад в развитие правовой сферы Казахстана» [4].

В поддержку Концепция развития ювенальной юстиции в Республике Казахстан на 2009-2011 годы, ФСК проводился целый ряд брифингов и круглых столов. На круглом столе «Ювенальная юстиция в Казахстане: проблемы развития и перспективы» директор Фонда А.Айдаркулова отмечала, что внедрение такой системы обусловлено необходимостью реагирования на рост преступности среди несовершеннолетних, а в первую очередь, заботой о соблюдении прав детей и решение создать си-

стему ювенальной юстиции в Казахстане – это показатель того, что права ребенка сегодня являются предметом беспокойства государственных органов Республики Казахстан. [5].

Тандем государственных органов и данной общественной организации привел к началу столь кардинальных преобразований в системе работы с детьми имеющие девиантные наклонности.

В поддержку данной инициативы подключились и другие общественные учреждения, которые и в настоящее время оказывают существенную помощь в развитии и продвижении данного института. Так, например, Фонд имени Фридриха Эберта в Центральной Азии, в своих отчетах отмечает: «Начиная с 2008 года и по настоящее время мы активно сотрудничаем с Верховным Судом РК в рамках проекта «Ювенальная юстиция в Казахстане». За это время оказана существенная поддержка судам и заинтересованным государственным органам в развитии ювенальной системы в Казахстане: в формате круглых столов, семинаров, информационных поездок проводится обобщение накопленного опыта путем анализа деятельности специализированных судов по делам несовершеннолетних, а также выработка рекомендаций для дальнейшего совершенствования работы ювенальных судов. Важным элементом работы является привлечение представителей различных государственных и негосударственных структур, немецких экспертов, обмен опытом и мнениями, с целью оптимального решения существующих в данной сфере проблем. Необходимо решение многих других важных задач, для того, чтобы система судебной защиты несовершеннолетних, попавших в сложную жизненную ситуацию, была действительно эффективной и прогрессивной, помогла оступившемуся несовершеннолетнему избежать дальнейшей криминализации, способствовала его реабилитации и ресоциализации. Эти вопросы, а так же вопросы, прежде всего специального Закона в отношении несовершеннолетних, создания либо определения одного координирующего органа для детей и несовершеннолетних, развитие системы социальных служб ювенальной юстиции (возможно и на примере Германии, Франции), вопросы подбора и профессионализации качественного кадрового состава сотрудников, работающих в сфере ювенальной юстиции – здесь речь идёт о ювенальной

полиции, прокуратуре, адвокатуре, активное привлечение соответствующих НПО, поддержка НПО со стороны государства остаются предметом обсуждения в рамках данного проекта» [6]. Кроме того, следует отметить деятельность ПНО по аналитическому исследованию проблем и перспектив развития ювенальной юстиции через призму взгляда НПО. Так, Центр поддержки гражданских инициатив в течение 2016 и 2017 годов осуществляет выдачу государственных и негосударственных грантов для НПО. Число таких грантов на сегодняшний день достигло 47, и они призваны совершенствовать механизм взаимодействия государства и НПО в Казахстане. В числе этих грантов находится и наш грант по теме конкурса: «Ребенок и правосудие. Оценка ситуации в сфере ювенальной юстиции».

В 2017 году по инициативе Уполномоченного по правам ребенка направлены в Министерство по делам религий и гражданского общества РК предложения в проект Тематического плана предоставления грантов по тематике «Организация деятельности информационной службы «Телефон доверия для детей с целью привлечения к данной службе потенциала НПО. Предложения были поддержаны профильным министерством. По инициативе Уполномоченного по правам ребенка на эту тему и в целом еще на 13 тематических площадок по вопросам защиты прав детей выделено грантов для НПО в сумме 180 млн. тенге в 2017 году.

Целый ряд проектов стал возможен благодаря деятельности Европейского союза в Казахстане, очередным таким проектом стал новый двухлетний проект «Улучшение функционирования системы отправления правосудия в отношении несовершеннолетних в РК и повышение уровня доступа уязвимых групп к квалифицированной правовой помощи», стоимостью 300 тысяч евро, планирует решение трех основных задач:

- Проведение мониторинга реализации Концепции «О ювенальной юстиции», общественной экспертизы Национального превентивного механизма на соответствие международно-правовым нормам в области прав человека и выработку соответствующих рекомендаций;

- Повышение уровня знаний в области ювенальной юстиции 450 казахстанских экспертов;

- Обеспечение доступа к консультациям по правовым и социальным вопросам досудебного решения для более 6000 несовершеннолетних посредством развития и поддержки 20 общественных приемных для детей и молодежи.

Реализаторами проекта выступают два крупных НПО – «Союз кризисных центров» и «Детский фонд Казахстана» в партнерстве с Комитетом по защите прав детей, Рабочей группы НПО по защите прав детей Казахстана, депутатами Парламента и Омбудсменом. Созданная в 2001 году Рабочая группа НПО уже дважды представляли в Комитет ООН по правам ребенка «теневые» доклады и два доклада в рамках Универсального периодического обзора (где также была охвачена тема ситуации с правами детей), показывающие реальные существующие проблемы в этой сфере.

«Детский фонд Казахстана» совместно с Казахстанским международным бюро по правам человека уже имел опыт оказания юридической поддержки подросткам, оказавшимся в трудной ситуации. Правда, на тот момент организационные возможности ограничились двумя общественными приемными в Алматы. Теперь, благодаря европейской поддержке, такие приемные смогут охватить все крупные города страны. Всего за прошлый год в две приемные поступило 274 обращения.

Определенный вклад сделан Центром исследования правовой политики, который объявил ряд проектов при финансовой поддержке дипломатических представительств аккредитованных в Республике Казахстан и международных и государственных организаций, зарубежных и казахстанских неправительственных общественных организаций и фондов, предоставляющих гранты согласно перечню утвержденному Постановлением Правительства Республики Казахстан от 20 марта 2009 года № 376., в том числе и по вопросу анализа недостатков законодательства Республики Казахстан по защите прав человека.

Большой вопрос связан с социальной адаптацией детей. К этой работе активно привлекаются НПО. В частности, сейчас заключено специальное соглашение с рядом общественных фондов. Среди них, центры «Право», «Шанс», «ЦСАД». В работе с несовершеннолетними они основной акцент делают на организацию досуга детей. Организовывается изучение иностранных языков, плавание, походы детей на природу, детей учат играть на разных

музыкальных инструментах: гитаре, домбре и так далее.

В целом, следует отметить, что в области защиты прав детей действуют 280 НПО. В разрезе регионов наиболее представленными являются г. Алматы - 57 НПО (20,3%), в Костанайской области - 35 НПО (12,5%), в ВКО - 27 НПО (9,6%), в Астане - 20 НПО (7,1%), в Алматинской области - 18 НПО (6,4%), в Павлодарской области - 17 НПО (6%). Государство со многими из них заключило меморандумы, договоры и соглашения о сотрудничестве.

С 2011 года при Комитете по охране прав детей МОН действует консультативно-совещательный совет НПО. В 2015 году проведены два совещания Совета НПО, на которых рассмотрены вопросы выполнения основных положений Конвенции о правах ребенка в Республике Казахстан, создания института Уполномоченного по правам ребенка в РК и др. Работа с НПО сопровождается поиском новых путей и механизмов установления эффективной модели социального партнерства, которая обуславливает не только системные действия, но и взаимопонимание и сотрудничество в интересах детей.

Прямо или косвенно, НПО являются инициаторами внесения существенных корректировок в настоящую систему ювенальной юстиции. Так, например, по результатам ряда грантовых исследований был сделан вывод о необходимости оказания психологической помощи детям как в местах лишения свободы, так и на этапе рассмотрения и судебного разбирательства, что повлекло к появлению должности квалифицированного инспектора - детского психолога при ювенальных судах Республики, хотя и тут имеются серьезные проблемы, анализ которых будет сделан далее. Кроме того, по требованию общественных организации в ювенальных судах Казахстана впервые в существовании ювенальных судов созданы комнаты психологической разгрузки, где ребенок, являясь участником судебного заседания, может поиграть, порисовать, посмотреть мультфильмы, послушать музыку.

Особо следует отметить роль ПМОО PenalReform International (Международная тюремная реформа в Центральной Азии). Международная тюремная реформа (PRI) является независимой неправительственной организацией, которая разрабатывает и пропагандирует справедливые, эффективные и

соразмерные предложения в целях решения проблем уголовного правосудия во всем мире. PRI продвигает альтернативы тюремному заключению, которые поддерживают реинтеграцию правонарушителей, а также содействуют праву задержанных на справедливое и гуманное обращение. PRI проводит кампанию по предупреждению пыток и отмене смертной казни, наша работа нацелена на обеспечение справедливого и гуманного обращения с детьми и женщинами в системе уголовного правосудия. PRI работает со сторонниками тюремной реформы, неправительственными организациями (НПО), и Правительством, а также с межправительственными организациями, такими как ООН. PRI имеет консультативный статус при ООН (ЭКОСОС), Совете Европы и статус наблюдателя при Африканской Комиссии по Правам Человека и Народов. PRI также зарегистрировано в организации гражданского общества с Организацией Американских Государств (ОАГ). PRI работает с гражданским обществом, которое занимает центральное место в наших программных мероприятиях, и мы активно поддерживаем заинтересованных участников гражданского общества в реформе системы уголовного правосудия.

В 2017 году данная организация начала программу по продвижению тюремной реформы для уязвимых групп заключенных, и в первую очередь несовершеннолетним, в рамках которой планируется создание специальных СИЗО.

В настоящее время, НПО поднимается вопрос о необходимости разработки и внедрения специальных ювенальных технологий, применяемых на различных этапах уголовного или административного процессов. Это вопрос остается пока открытым и находится на стадии разработки. Так, социологический опрос экспертов НПО показал, что большинство экспертов (83,3 %) выступают за внедрение ювенальных технологий в работу с молодежью группы риска.

Среди огромного спектра различных НПО, проблемами, в той или иной степени связанными с ювенальной юстицией, занимаются правозащитные, детские, молодежные, образовательные организации. Сферы интереса и функции НПО разнятся, но вместе с тем их деятельность взаимно переплетается, они дополняют друг друга. Все они способствуют

ют реализации разнообразных прав, свобод и законных интересов несовершеннолетних, разрабатывают и совершенствуют ювенальные технологии. НПО проводят исследования проблем ювенальной юстиции, участвуют в общественных советах при органах публичной власти, имеют возможность участвовать в гражданском контроле в отношении государственных и муниципальных органов и должностных лиц, работающих с детьми, в том числе и в местах лишения свободы. Негосударственные и немunicipальные образовательные организации, а также детские и молодежные организации занимаются организационной и воспитательной работой, осуществляют профилактику девиантного поведения, содействуют социализации и при определенных условиях ресоциализации несовершеннолетних. Правозащитные организации помогают несовершеннолетним, оказавшимся в трудной жизненной ситуации, активно выдвигают гражданские инициативы по внедрению и развитию элементов ювенальной юстиции.

Значимость работы общественных организаций заключается и в том, что в работе с молодежью группы риска они ориентируются, прежде всего, на соблюдение принципов международного права, чтобы преодолеть имеющиеся негативные факторы, продвигают идеи развития в стране ювенальной юстиции. И здесь нельзя не согласиться с мнением российского исследователя И.Н. Гавриловой о том, что «некоторый оптимизм вызывает так называемый третий сектор, общественные неправительственные организации, стремящиеся бескорыстно решать многие наиболее социальные проблемы. Среди последних большую долю составляют проблемы, так или иначе связанные с детьми, потому что НКО занимаются, прежде всего, проблемами социально незащищенных слоев населения, а у нас дети относятся в большинстве своем как раз к данной категории» [7, с. 96-97].

Кроме того, следует согласиться и с мнением Автономова А.С., который констатирует, что «Роль НПО в развитии ювенальной юстиции видится и том, что они активно используют в своей деятельности новые передовые подходы и технологии, позволяя их опробовать, выявить в экспериментальном порядке их сильные и слабые стороны, тем самым, от-

тачивая ювенальные технологии для широкого применения [8, с. 186].

Это позволяет говорить о том, что государство получает существенную помощь от неправительственных организаций, в том числе и по вопросам дальнейшего совершенствования деятельности ювенальных судов.

Вместе с тем, следует отметить некоторую разрозненность деятельности неправительственных организаций в этой сфере, что конечно объясняется различием целей и задач самих НПО. Некоторые вопросы разработки НПО дублируются. Каждый из них самостоятельно приходит к тем или иным выводам и пытается внедрять их в свою или государственную практику. На наш взгляд, следует разработать и внедрить некий механизм координации деятельности НПО по вопросам дальнейшего развития ювенальной юстиции. Это вывод является актуальным еще и в свете того, что назревает серьезная необходимость разработки единой Концепции ювенальной политики Казахстана, в разработку которого неоценимый вклад могут внести НПО различных направленностей (союзы матерей, молодежные, детские, правозащитные и др. привлечь зарубежных экспертов и аналитиков, подключить отечественную научную мысль, а также зарубежных специалистов и пр. Как это было сделано при разработке Концепции развития системы Ювенальной юстиции в Республике Казахстан на 2009-2011 годы, которая по оценке международных экспертов ЮНИСЕФ получила высокую оценку. Они отмечали, что практика внедрения в Казахстане ювенальных судов является одной из передовых в мире, она позволяет вывести в отдельное производство судебные дела, связанные с защитой прав и интересов несовершеннолетних, что в полной мере соответствует реализации приоритетов Конвенции ООН о правах ребенка [9].

Принятие Концепции ювенальной политики Казахстана как продолжение ранее действовавшей Концепции развития системы Ювенальной юстиции в Республике Казахстан на 2009-2011 годы – это лишь дело времени. Многие проблемы так и не решены и их разрешение видится только в едином концептуальном подходе, вынесенным на общегосударственный уровень, в разработку и реализации которого будут вовлечены не только заинтересованные и уполномоченные государственные органы, но и общественные институты.

В этой связи, координация деятельности НПО в области продвижения ювенальной юстиции в Казахстане представляется важным шагом для достижения поставленных целей формирования в Казахстане целостной, охватывающей все необходимые стороны и аспекты системы поддержки детей и подростков, оказавшихся в трудной жизненной ситуации (и это не только в отношении подростков совершивших противоправные действия, но и оказавшихся в определенной среде способствующих появлению и развитию девиантных наклонностей).

Систематизация данных результатов исследований НПО (а их огромное множество, ряд из них так и не доходит до потребителя – государственных органов, что на наш взгляд, является расточительством финансовых и интеллектуальных средств) является важным условием реального взаимодействия государства и НПО, а также реальным механизмом воздействия НПО на совершенствование государственного механизма. В этой связи, считаем возможным инициировать создание в Казахстане Информационно-аналитического портала по ювенальной юстиции.

В стране существует серьезная практика работы такого рода порталов, которые как правило охватывают вопросы по торгово-экономическим, инвестиционным, политическим, СМИ, деятельности международных организации. Хотя такие порталы необходимы, например, в сфере образования, здравоохранения, юридической помощи (социально-уязвимым слоям населения) и прочим сферам жизнедеятельности общества. Кроме того, на базе этого портала могут оказывать свои услуги различные НПО, продвигая свои новаторские предложения, гранты и пр.

Это в свою очередь позволит решить ряд вопросов:

- обеспечить прозрачность деятельности уполномоченных государственных органов (достаточно сложно получить интересующую статистику, так как приходится обращаться в Комитет правовой статистики и специальным учетом Генеральной прокуратуры РК с официальным обращением и соблюдением всех процедур);

- упростить процедуры получения необходимой информации, тем более, что это информация общего доступа, которая не подлежит

засекречиванию (ст. 17 Закона РК «О государственных секретах Республики Казахстан» от 15 марта 1999 года). При этом создатели такого информационно-аналитического портала должны будут заключить соглашения с ювенальными государственными органами (через высшие звенья управления) и автоматически будут подчинены действию Закона РК «Об информатизации» от 24 ноября 2015 года № 418-V ЗРК. Можно рассмотреть возможность создания такого портала на базе Уполномоченного по правам детей либо заинтересованного государственного органа;

- скоординировать работу НПО между собой;

- скоординировать работу НПО и уполномоченных государственных органов.

Список использованной литературы:

1. Доклад о положении детей 2016 год.
2. Послание народу Казахстана Стратегия «Казахстан - 2050»
3. А. Жукенов. Ювенальная юстиция: системный подход. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.zakon.kz/4549790-juvenalnaja-justicija-sistemnyjj.html>
4. 20 лет деятельности Фонда Сорос-Казахстан [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://ru.soros.kz/uploads/user_68/2015_01_10_04_04_17_226.pdf
5. Внедрение специализированной системы правосудия для несовершеннолетних обусловлено заботой о правах детей – Фонд Сорос Казахстан [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.inform.kz/ru/vnedrenie-specializirovannoy-sistemy-pravosudiya-dlya-nesovershennoletnih-obusloveno-zabotoy-o-pravah-detey-fond-soros-kazakhstan_a2214324
6. Развитие ювенальной юстиции в Республике Казахстан [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.fes-centralasia.org/ru/statja/razvitie-juvenalnoj-justicii-v-respublike-kazaxstan.html>
7. Гаврилова И.Н. Третий сектор и гражданское общество в России: проблемы становления и развития // Полития.ру, № 3, 2003
8. Автономов А.С. Ювенальная юстиция. Учебное пособие. М.: Российский благотворительный фонд «Нет алкоголизму и наркомании» (НАН), 2009. — 186 с.. 2009
9. В Казахстане внедряется дружественное к детям правосудие. Сайт ЮНИСЕФ. 31.10.2014 г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.unicef.kz/ru/news/item/653/?sid=0num94pvhi6n>

Қуаналиева Г.А.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, "Кеден, қаржы және экологиялық құқық"
кафедрасының профессоры м.а., з.ғ.д, Алматы қаласы,
E-mail: Kuanalieva.guldanakz@mail.ru

Жетібаев Н.С.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, "Халықаралық құқық" кафедрасының доценті,
з.ғ.к, Алматы қаласы, Қазақстан, E-mail: Zhetybaev-14@mail.ru

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ӘРЕКЕТ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТСІЗДІКТІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Резюме. Мақалада қылмыстық құқықтағы қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздіктің ұғымы мен жалпы сипаттамасы, белгілері зерделенген. Осы мәселеге байланысты заң әдебиеттерінде орын алған әртүрлі ғалымдардың пікірлеріне талдау жасалған. Сонымен қатар, авторлардың өз пікірлері келтіріледі.

Түйінді сөздер: қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы, әрекет, әрекетсіздік, қоғамға қауіптілік, құқыққа қайшылық, сана, ерік және т.б.

Резюме. В данной статье рассматривается понятие и общая характеристика, признаки действия и бездействия в уголовном праве. Проводится анализ различных взглядов ученых на данную проблему имеющих место в юридической литературе. Приводится собственное мнение авторов

Ключевые слова: объективная сторона уголовного правонарушения, действие, бездействие, общественная опасность, противоправность, сознание, воля и т.д.

Summary. In this article rassmatreny a concept and the general harateristika, signs of action and inaction of criminal law. The analysis of different views of scientists on this problem taking place in legal literature is carried out. Own opinion of authors is given

Keywords: objective party of criminal offense, action, inaction, public danger, illegality, consciousness, will, etc.

Қылмыстық жауаптылық және жаза мәселесін шешкен кезде адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетін анықтау маңызды болып табылады. Қылмыстық құқық аясында қарастырылатын іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының қажетті, әрі міндетті белгісі

болып табылады. Бұл белгінің ұғымы мен мазмұны қылмыстық-құқық сипаттағы қасиеттер және белгілердің жиынтығымен анықталады. Қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы, саналы және ерікті, сонымен қатар мазмұны жағынан күрделі және нақты болуы керек. Іс-әрекеттің (әрекет немесе әрекетсіздік) алғашқы екі белгісі яғни қоғамға қауіптілік және құқыққа қайшылық Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (ҚРҚК) 10-бабының 2 бөлігіндегі қылмыс анықтамасында белгіленген: "...тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)" [1].

Қоғамға қауіптілік құқық қорғайтын қоғамдық қатынастарға қиянатпен қол сұғу арқылы немесе қол сұғу қауіпін туғызу арқылы көрінеді. Белгілі бір іс – әрекетке қылмыстық жауатылықты белгілеу тек қана қоғамға қауіптілік болғанда ғана орынды. Егер де іс-әрекет қоғамға қауіпті болмаса ол қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды және қылмыстық жауаптылықты көздемейді. ҚРҚК-ң 10-бабының 4 бөлігіне сәйкес: "Осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызды жағынан болмаша болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды" [1].

Заң әдебиеттерінде, қылмыстық құқық бұзушылық әрекет үшін ең бастысы қоғамдық қауіптілік ретінде орын алатын әлеуметтік сипаттама маңызды деген тұжырымдар кездеседі. Мәселен, А.Н. Наумовтың айтуынша: "Дене қозғалысы жағынан әрекет адамның белсенді жүріс-тұрысы арқылы сипатталады. Әдетте ол бірнеше дене қозғалысын құрайды (мысалы, мылтықпен кісі өлтіру; әуелі

оқталып көздеу, сосын мылтықтың шүріппесін басу сияқты бірнеше дене қозғалысынан тұрады). Бірақ қылмыстық әрекет үшін ең бастысы, дене қозғалысы емес, қоғамға қауіптілік ретінде орын алатын әлеуметтік мазмұн [2, 160 б.]. Әрине қылмыстық құқық бұзушылықтың ең басты белгісі ол қоғамға қауіптілік: "Қоғамға қауіпті іс-әрекет бұл адамның құқықа қайшы, саналы, белсенді немесе енжар түрде қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін мінез-құлқының сыртқы көрнісі болып табылады" [3, 71 б.]. Қоғамға қауіптілік тек қана қылмыстық құқық бұзушылыққа ғана қатысты белгі емес. Мәселен, әкімшілік құқық бұзушылықта қоғамға қауіпті зиян тигізуі мүмкін. "Алайда олардың қоғамға қауіптілік дәрежесі (зиянкестігі) әлдеқайда төмен. Әдетте заң шығарушы қылмыстырды басқа құқық бұзушылықтан ажыратып ҚК-н Ерекше бөлімдегі баптардың диспозициясында қылмыстық іс – әрекетті сипаттайтын зардаптарды көрсетеді" [4, 27-28 бб.]. Қылмыстық заңда көрсетілген зардаптың мүлде орын алмауы немесе оның орнына аз мөлшердегі зардаптың туындауы тиісті шарттарға сәйкес әкімшілік тәртіппен жауаптылықты көздейді. Мысалы, ҚРҚК-н 345-бабының 1 бөлігі бойынша, "Автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын басқаратын адамның жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады" [1]. Көрсетілген жағдайда кінәлі қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Ал егер де көлік құралын жүргізуші адам жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтіретін болса, онда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 610-бабының 2 бөлігімен жауапқа тартылады. "Жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтіруге әкеп соққан дәл сол әрекет - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

салуға және бір жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады" [5].

"Соттар жаза тағайындаған кезде қателіктер жібереді. Оның себебі кінәлімен жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатына соттың теріс баға беруі" болып табылады [6, 29 б.].

Іс-әрекеттің Қылмыстық кодекстегі көрсетілген екінші міндетті белгісі – құқыққа қайшылық. Құқыққа қайшылық, яғни іс-әрекеттің қылмыстық заңмен тыйым салынуы. Құқыққа қайшылық қылмыстық құқық бұзушылықтың формальды белгісі болып табылады. Заң шығарушы қоғамға қауіпті іс-әрекетке қылмыстық заңмен тыйым салады, ал қоғамға қауіптілік жойылғанда ол үшін қылмыстық құқықтық тыйым салу да жойылады. Демек, қылмыстық құқық бұзушылықтың формальды белгісі – құқыққа қайшылық және жоғарда аталып өткен қоғамға қауіптілік яғни қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық белгісі бір-бірімен тығыз байланысты. Аса көңіл бөлетін мән – жайлардың бірі, тыйым салу қылмыстық құқық аясында қарастырылуы үшін, ол тек қана қылмыстық заңмен тыйым салынуы қажет. Басқа нормативтік құқықтық актілермен тыйым салынған іс-әрекет (мәселен, әкімшілік құқықпен) себепті байланыс орын алатын бастапқы кезең болып табылмайды. Құқыққа қайшылық, А.Н.Ағыбаев дұрыс көрсеткендей: "Мұндай белгінің болуы азаматтардың заңсыз қылмыстық жауапқа тартуға жол бермеуінің кепілі болады және заңдылықтың қатаң сақтауын қамтамасыз етеді" [3, 71 б.].

Қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы іс-әрекет саналы түрде жүзеге асырылғанда ғана қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының белгісі болып табылады. Сана дегеніміз не? Сана - объективті шындықты бейнелеудің адамға ғана тән жоғарғы нысаны, оның дүниеге және өзіне адамның қоғамдық-тарихи қызметінің жалпыға бірдей нысандарының жанама түрдегі қатынасының тәсілі. Сана объективті дүниені және өзінің жеке болмысын ой елегінен өткізуге белсене қатысатын адамның психикалық процестері бірлігін көрсетеді [7, 371 б.]. Нақтылы іс-әрекетті жасаушы адамның санасымен сол іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі сонымен қатар, қоғамға қауіптіліктің сипатымен мазмұны қамтылуы тиіс. Адам қандай қоғамдық қатынастарға өзінің қол сұғып отырғанын және

қандай зиян тигізу мүмкіндігін ұғынуы қажет. Егер де адам өзінің жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынбаса, ол іс-әрекет қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының белгісі болып табылмайды.

Мысалы, Алматы қаласының Алатау аудандық сотының 2017 жылғы 11 қыркүйектегі үкімімен А.О. Бозов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106-бабының 1 бөлігінде көрсетілген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 3 жыл 6 айға бас бостандығынан шектеу жазасын алған. Сот үкімі бойынша А.О. Бозовтың ойына И.Умирхожаевтың денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру қылмыстық ойы туындап, өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында, шалбарының қалтасынан сабы сары түсті "бәкі" пышақты оң қолына алып, өзінің қылмыстық ойын жалғастыру мақсатында И.Умирхожаевтың денсаулығына қасақана зиян келтіру арқылы, оң қолындағы сары түсті "бәкі" пышақты сол жақ қабырға тұсына бір рет сұғып алып, өмірі мен денсаулығына қарай ауыр зақым келтірілген. Сөйтіп А.О.Бозов өзінің қылмыстық ойының жүзеге асқанына көзі жеткен соң, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен [8]. Бұл мысалда А.О. Бозов жәбірленуші И.Умирхожаевтың өмірлік маңызды органына пышақ сұғып, оның денсаулығына қол сұғып жатқанын ұғынып отыр. Өз әрекетінің қоғамға қауіптілік сипаты мен мазмұны, кінәлінің санасымен толықтай қамтылып отыр.

Адам санасын (саналы түрде ұғынуды) іс-әрекеттің белгісі ретінде анықтай отырып, ҚРҚК-сі былай деп негіздеуге мүмкіндік береді: Адам өз жасаған әрекетінің тек қана қоғамға қауіптілігін емес, сонымен қатар сол іс-әрекеттің құқыққа қайшылығын ұғыну қажет. Егер де адам өзінің жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғына алмаса және істің мән-жайы бойынша ұғынуға мүмкіндігі болмаса, онда жасалған іс-әрекет кінәсіз деп танылады. Сол себептен адам қылмыстық жауаптылыққа да тартылмайды. Бұл жағдай ҚРҚК – нің 23-бабында кінәсіздікпен зиян келтіру деп анықталған. Осы баптың 2 бөлігіне сәйкес: "Егер іс-әрекет жасаған адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілігін ұғынбаған болса және істің мән-жайлары бойынша ұғына алмаған болса, не қоғамға қауіпті зардаптардың туындауы мүмкін екенін алдын ала болжап білмеген болса және істің

мән-жайлары бойынша оларды алдын ала болжап білуге тиіс болмаса немесе біле алмаған болса іс-әрекет кінәсіздікпен жасалған деп танылады" [1]. Осы орайда А.Н. Ағыбаевтың келесі көзқарасымен толықтай келісуге болады: "Іс-әрекет – адам мінез-құлқының сыртқа шыққан шынайы көрінісі болып табылады. Сондықтан да адамның ниеті, пікірі, ойы қаншалықты зиянды болғанымен, ол белгілі бір іс-әрекетпен ұштаспаса, ол қылмыстық жауапқа тартылмайды. Іс-әрекет – адамның саналы мінез-құлқының көрнісі. Сондықтан да адамның санасынан тысқары болған кез келген дене қозғалысы зиянды залал келтіргені не зиян келтіру қаупін төндіргеніне қарамастан, қылмыстық-құқылық тәртіпен жазаланатын іс-әрекетке жатпайды" [3, 71 б.].

Төртінші белгісі, "іс-әрекеттің қылмыстық-құқықтық сипаты болу үшін, ол міндетті түрде ерікті болуы қажет" [2, 160 б.]. Ерік деп саналы түрде алға тұтқан мақсатқа жету үшін жұмсалатын жан қуатының белсенділігін және адамның өзін меңгере алу қабілетін айтамыз. Ерік алға мақсат қоюдан басталады. Ал мақсат адамға айқын, ашық, саналы түрде түсінікті болуы қажет. Алға тұтқан мақсаттарын жүзеге асыру үшін, адам алдындағы ұшырайтын бөгеттерді, қиындықтарды жеңіп отыруы қажет. Ерік – саналы әрекеттен туындайды. Мысалы, адамда өзінен-өзі пайда болатын қимыл (жатқанда қозғалу, дене мүшелерінің қимылдауы т.б.) еріксіз қозғалысқа жатады. Мұндай қозғалыстардың ерік-жігерді көрсетуге қатысы жоқ. Адамның ерікті әрекеті жүзеге асу үшін мынадай шарттар қажет: бірінші, алға тұтқан мақсатты орындау қайткенде де соған жету; екіншісі, жолда ұшырайтын кедергі, бөгеттерді жеңу; үшіншісі, мақсатқа жету жолында қайраткерлік, ерлік, табандылық көрсету, қиыншылықтан жол табу, тәсілқой болу сонымен қатар, қиындықтарға қарсы тұрып, үрейленбеу, қорықпау. Осы шарттар орындалған уақытта ғана адамды ерік-жігері жеткілікті, қажыр-қайраты бар адам деп айтуға болады.

Ерік пайда болу үшін, ең алдымен оны тудыратын себеп, түрткілер болу керек. Бұлар адамның мұқтаждықтарынан туындайды. Адамның күн көруі, тіршілік ету үшін оған өзінің табиғи және рухани мұқтаждықтарын қанағаттандыру керек. Адам алдына бір мақсат қояды, ал мақсат адам мұқтаждықтарын өтеу үшін пайда болып отырады. Сондықтан

кейбір теориялардың пайымдайтын, адам еркі оның ішкі жан дүниесінен шығады, адамның еркінің шығу себебі ол сананың әрекеті ғана, өзінен пайда болатын психикалық әрекеттердің нәтижесі деп айту қате пікір. Адам өзі жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынбаса, іс-әрекет еш уақытта адамның еркін білдірмейді. Қоғамға қауіпті белсенді түрде жасалатын әрекет болсын, енжар нысанындағы әрекетсіздік болсын кінәлінің өз еркі арқылы туындайды. Адам өзінің ерікті мінез-құлқының алдында сол қажеттілікті ұғынады, өзінің іс-әрекетінің мақсатын анықтайды, оны жүзеге асыру үшін әртүрлі жолдарды белгілейді, оны бағалайды, содан кейін сол бағалаудың нәтижесіне сәйкес әрекет етеді. Осы жағдайларды бағалап өз ниетін саналы ой елегінен өткізіп, адам кейбір ниеттерді жасаудан бас тартып және өзінің іс-әрекетін басқа ниеттерге тәуелді етуі мүмкін. Ол өз ішінде белгілі бір ықыласын басып, алыс тұрса да және тікелей ырықсыз кимылмен (импульс) байланысы болмаса да басқаларын туындатуы мүмкін. Ерікті актіде субъект өзінің алдына қойған мақсатына сәйкес, іс-әрекетті саналы және жоспарлы түрде орындайды. Адамның ерікті іс-әрекеті, оның басқа әрекеттері секілді себепті қамтамасыз етілген, бірақ бұл себепті қамтамасыз етудің ерекше, өзіне тән сипаты бар, өйткені ол адам санасымен негізделген. Ерік актісінің негізгі мән-жайларының бірі, адам объективтік сыртқы ортадан өзін ажыратып, сыртқы ортаға өзін қарама-қарсы қояды. Болашақ жүріс-тұрысын әрекет жасамай тұрып ойластырып, қол сұғатын объектіні ойша өзгертеді. Субъект пен объективтік сыртқы ортаның арасындағы қарама-қайшылық, адамның ерікті жүріс-тұрысында әрекет мақсатымен объектінің арасындағы қарама-қайшылық ретінде көрініс тауып, іс-әрекет жасаған кезде жойылады.

Адамның ерікті әрекеті дегеніміз, қоршаған сыртқы ортаға, адамның саналы түрде мақсатқа бағытталып әсер етуін айтамыз. Көріп отырғанымыздай ерікті әрекетте екі жақ бар: біріншісі – объективті, екіншісі – субъективті. Әрекеттің объективті жағы деп, адамның объективті сыртқы көрінісі жолымен яғни әрекет немесе әрекетсіздік арқылы әсер етуін айтамыз. Субъективтік жақ әрекеттің анықталған мақсатты мен ниетін көздейді. И.Лекшастың айтуы бойынша, әрекеттің саналы және ерікті мақсаты, деп адамды сол әрекетке анықтаған,

соған сәйкес тиісті объективті қозғалысқа өткен және әрекеттің мазмұнына айналған оның ішкі нұсқауын айтамыз [9, 39 б.]. Демек, әрекет объективті және субъективті жақтардың бірлігі болып табылады. "Әрекет етуші субъект өзінің әрекетін ұғынғанда, ол жүріс-тұрысқа айналады. Жүріс-тұрыс – қоғамдық акт ретінде әрекет етуші субъектінің өзімен қабылданып және ұғынатын, тұлғаның басқа адамдарға қатынасын білдіретін әрекет болып табылады" [10, 543 б.].

Қылмыстық жауаптылық адамның ерікті жүріс-тұрысымен ғана байланысты болуы мүмкін. Адамның еркімен байланысы жоқ әрекеттер қылмыстық құқық аясымен қамтылуға жатпайды. Оған ең бастысы адамның саналық бақылауынан тыс жататын тікелей физиологиялық әсер етумен жүзеге асырылатын рефлекторлық қозғалыстары жатады. Сонымен қатар, тойтарылмайтын күш орын алып, адам сыртқы күштің қолындағы еріксіз құралға айналғанда, қылмыстық құқық мағынасындағы әрекет туралы айтуға негіз болмайды. Мысалы, адамның қолын ұстап тұрып, іс-құжатқа жалған мәліметтерді енгізуге мәжбүр ету. Бұл жағдайда әрекет етуші кінәлі тұлға, мәлімет енгізуші адам емес, сол мақсатта күш қолданушы болып табылады. Біздің ойымызша Г.Б. Баймурзиннің келтірген көзқарасы толығымен орынды. "Адамның әрекетіне оның рефлекторлық дене қозғалысын, сонымен қатар ауырып сандырақтаған кезіндегі дене қозғалысын жатқызуға болмайды, өйткені олар адам санасына бағынышты емес. Кейбір жағдайда адамның саналы жүріс – тұрысы тойтарылмайтын табиғи күштің әсерінен немесе тойтарылмайтын күштеп мәжбүр етудің әсер етумен жасалса, оның қылмыстық-құқықтық маңызы болмайды. Осы жағдайда жасалған әрекет немесе әрекетсіздік, адамның жүріс-тұрысы болып саналмайды, демек ол қылмыс емес, өйткені ол өзінің еркінен тыс әрекет (немесе әрекетсіздік) етеді. Мысалы, адам өзіне жүктелген міндетті әрекет етуге мүмкіндігі болмағандықтан (байлаулы жату, еркін әрекет ете алмау) орындай алмайды" [11, 76 б.].

Тойтарылмайтын күшке төтенше табиғи жағдайлар (су тасқыны, жер сілкінісі, қатты жел, табиғаттың күрт өзгеріп кетуі басқа да жағдайлар) немесе қоғамдық құбылыстар (әскери әрекеттер, азаматтық соғыс жағдайы және т.б.) жатады. Тойтарылмайтын күштің әсерінен жасаған адам әрекетінің қылмы-

стық-құқықтық маңызы болмайды. Мәселен, ормандағы өртті сөндіру мақсатымен орман ағашын кесу арқылы өрттің жолын бөгеу қылмыстық құқық бұзушылық болып саналмайды. Тойтарылмайтын күш қолдану нәтижесінде, адамның мүлдем өз еркінен тыс жағдайда іс-әрекетті істеуі қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды. Тойтарылмайтын күш немесе күш қолдану арқылы мәжбүр ету қылмыстық жауаптылықты жоятын жағдайлар деп есептеледі. ҚРҚК-де қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайтын мән-жайлар нақтылы аталып көрсетілген. Олар: қажетті қорғаныс (32-бап); қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру (33-бап); аса қажеттілік (34-бап); жедел-ізвестіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру (35-бап); негізді тәуекел ету (36-бап); күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу (37-бап); бұйрықты немесе өкімді орындау (38-бап).

ҚРҚК-ң 37-бабының 1 бөлігіне сәйкес: "Егер күштеп немесе психикалық мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, мұндай мәжбүрлеудің нәтижесінде осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды" [1].

Психикалық мәжбүр етуде әрекет жойылады ма деген сұрақ бірқатар дау тудырады. Кейбір заңгерлердің пікірінше психикалық мәжбүрт ету ерікті жүріс-тұрысты жоққа шығарады. Мәселен, А.Н. Трайниннің көзқарасы бойынша, "Адамның еркін басатын психикалық мәжбүр етуде жасалатын қозғалыстарда әрекеттің қылмыстық құқық сапасын жоққа шығару толықтай ақиқатты. Тікелей және нақты өлтіруге қорқытқасын әрекет еткен адам, кейбір жағдайда бөтен біреудің еркін орындаушы ретінде қарастырылуы мүмкін" [12, 135 б.].

Психикалық мәжбүр ету әрекеттің өзін жоққа шығармайды, ол әрекеттің пайдасына ниетті қалыптастырады. Адамның сол ниетке қарама-қарсы тұрып, әрекетті жасамауға мүмкіндігі бар. Психикалық мәжбүр етуде қылмыстық жауаптылықтан босату әрекеттің жоқтығынан емес, аса қажеттілік тәртібі бойынша орын алуы мүмкін. Күштеп және психикалық мәжбүр ету өзінің заңды табиғаты жағынан іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін және құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайларға жатады. Психикалық мәжбүр ету іс-әре-

кеттің бағасына әртүрлі әсер етеді. Қорқыту арқылы психикалық мәжбүр ету, тез арада жүзеге асырылуына нақтылы мүмкіндік туса, бұл жағдайда қорқытып психикалық мәжбүр ету бағытталған объектіні (адам өмірі), қорқытуды жою үшін зиян келтірген объектімен салыстыру қажет. Мысалы, кассир сейфтегі ақшаны өзіне тікелей мылтық көздеп тұрған қылмыскерге беруге мәжбүр болады. Бұл жерде адам өмірі ақшадан қымбат. Кассир аса қажеттілік жағдайында яғни нақты қорқыту салдарынан өз еркіне байланысты емес әрекетті істеуге мәжбүр болып отыр. Қылмыстық құқықтың қорғайтын объектілерінің ішінде ең басты орынды меншік емес, жеке тұлға, оның өмірі алады. Бұл мысалда кассирдің әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды. Кейбір реттерде қорқыту арқылы мәжбүрлеу адамның еркін бірден тойтарып, жоққа шығармайды. Мұндай күйге ұшыраған адам өз қалауы, еркі бойынша әрекет істеу мүмкіндігіне біршама ие болады. Сондықтан да мұндай күйге душар болғандар шын мәнінде аса қажеттілік жағдайында болмаса, әдетте қылмыстық жауапқа тартылады. ҚРҚК-ң 37-бабының 2 бөлігіне сәйкес: "Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуінің салдарынан адам өзінің әрекеттеріне ие бола алу мүмкіндігін сақтаған болса, ол үшін қылмыстық жауаптылық туралы мәселе осы Кодекстің 34-бабының ережелері ескеріле отырып шешіледі" [1].

Нақтылы қоғамға қауіпті іс-әрекет гипноз арқылы да істелуі мүмкін. Гипноз, психикалық мәжбүр етудің ерекше түрі болып табылады. Ол қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаушы адамның еркін толығымен жояды. Сондықтан да мұндай адам еркінен тыс істелген іс-әрекеттің қылмыстық құқылық мәні болмайды.

Қоғамға қауіпті іс-әрекеттің келесі белгілері, оның мазмұны жағынан күрделі және нақты болып бөлінуі. Кез келген іс-әрекет бірнеше дене қозғалысын құрайды. Мысалы, кінәлі С., 1998 жылы 27 тамызда кешкі мезгіл шамасында мас күйінде Алматы облысы Аққұдық ауылындағы бөлімше меңгерушісі А., және агроном Б-мен жанжалдасып қалады. Содан соң үйінен "ИЖ-16" калибрлі мылтық алып келіп А-ны қасақана атып өлтірген. Одан кейін Б-ны өлтіру ниетімен 3-5 метр қашықтықтан оған оқ атқан. Бірақ, астындағы аты үркіп, оқ Б-ға тимей кеткен. Осындай

ниетпен С., тағы да бірнеше рет мылтықтың шүріппесін басқан, мылтық атылмай қалған. 1999 жыл 10 ақпандағы Алматы облыстық сотының үкімімен кінәлі С., ҚРҚК-ң 96 бабының 2 бөлігінің “а” тармағымен, 24, 26 баптың 2 бөлігінің “а” тармағымен қылмыстық жауапқа тартылды [13, 4-5 бб.].

Көрсетілген мысалда сотталушы С-ң А-ға қатысты қасақана әрекетінің өзінде бірнеше дене қозғалысы бар. Атап айтқанда А-ны өлтірмекші болып мылтықпен көздеуі, дәлдеп алған соң мылтықпен атуы, ал Б-ға қатысты ең әуелі атпен оның жанына 3-5 метр жақындауы, мылтықпен дәлдеуі, сосын мылтық шүріппесін басуы. Көріп отырғаннымыздай С-ң әрекеті бірнеше күрделі дене қозғалысының жиынтығынан тұрады.

Адаммен жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекет нақты мазмұнға ие болуы қажет. Кінәлінің жасаған іс-әрекетін нақтылап алған жөн. Мысалы, кінәліні ҚР ҚК-ң жеке өмірге қол сұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы 147-бабы бойынша жауапқа тарта отырып, нақтылы іс-әрекеттің анықтамасымен яғни жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзумен шектелуге болмайды. Ол үшін, адамның жеке өмірі, оның отбасы туралы заңсыз түрде нақты қандай мәліметтер жиналғаны немесе тартылғаны, бұл құқық бұзушылықтың нақты неден көрініс тапқаны анықталуы қажет. Осы жағдайда ғана адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетінің нақтылы мазмұны туралы айтуға болады.

Қылмыстық заңнама қоғамға қауіпті іс-әрекеттің екі түрлі нысанын көздейді. Оның біріншісі, белсенді нысан – әрекет, екіншісі енжар нысан – әрекетсіздік.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігі әрекет нысанында жасалады. Жекеленген қылмыстық құқық бұзушылықтар белсенді әрекет немесе әрекетсіздік күйде де жасалауы мүмкін. Аздаған қылмыстық құқық бұзушылықтар ғана әрекетсіздік нысанында жүзеге асырылады. Қылмыстық-құқылық әрекет көп жағдайларда адамдарға, материалдық игіліктерге немесе жануарларға күш қолдану нысанымен әсер ету арқылы істелінеді. Мысалы, ҚРҚК-гі зорлау (120-бап), кәмелетке толмағандар саудасы (135-бап), ұрлық (188-бап), қарақшылық (192-бап), терроризм актісі (255-бап) және тағы басқа. Қылмыстық-құқылық әрекет сөз жүзінде, жазбаша түрде, тіпті өте

сирек жағдайда ым көрсету нысанында да жасалуы мүмкін. Мысалы, сөз жүзінде адамның абройы мен қадыр-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту (131-бап, 1бөлігі); басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу немесе жария түрде шақыру (161-бап, 1бөлігі). Жазбаша түрде, адамның беделін түсіретін көрнеу жалған мәліметтер тарату (130-бап, 1бөлігі); құқықтар беретін немесе міндеттерден босататын куәлікті немесе өзге де ресми құжатты қолдан жасау, дайындау немесе өткізу (385-бап). Ым арқылы 14 жасқа толмаған балаларға азғындық әрекеттер жасауды жатқызуға болады (124-бап).

Жан күйзелісі (аффект) жағдайында жасалған әрекет үшін жауаптылық мәселесі біршама қызығушылық тудырады. "Жан күйзеліс жағдайында жасалған әрекет саналы есеп біреудің аз дәрежесімен сипатталатын ырықсыз қимылдағы әрекет болып табылады" [14, 156 б.]. Жан күйзелісі (өздігінен қылмыстық) жауаптылықты жеңілдететін негіз болғанымен өздігінен қылмыстық жауаптылықты жоққа шығармайды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облыстық сотының үкімімен Б., 1998 жылы 10 сәуірде өзінің әйелі С-ны қасақана өлтіруге оқталғандығы және содан кейін екінші жәбірленуші Б-ны қасақана өлтіргендігі үшін кінәлі деп танылған. Сот психиатриялық сараптама қорытындысына сәйкес, сотталған Б., қылмысты жасаған уақытта жан күйзелісімен ызаланып, шектен шығу (физиологиялық аффект) жағдайда болғаны анықталды.

Істің бұл жағдайында, сотталған Б-ң қылмыстық іс-әрекеттерін сот ҚРҚК-нің 24-бабының 3 бөлігі және 98-баптың 2 бөлігімен дәрежеленуге жатады деп табады. Себебі сотталушы қылмыстық оқиға болған жерге қандай да бір қылмыстық ниетпен келмеген. Сотталушының жәбірленушілерге пышақ салуына жәбірленушілердің өздері сотталушының ар-намысын қорлайтын мінез көрсетуі және оның ар-ожданына ауыр тиетін қасақана тіл тигізуі себеп болған. Бұл жағдайда сотталған Б., қылмысты табанда пайда болған жан күйзелісі салдарынан жасаған деп табу дұрыс. Сотталушыға жаза тағайындарда сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, оның жеке басын, жағымды мінездемесін, бұрын сотты болмағандығын, жас балалары барлығын, шын ниетпен өкініп, қылмысын мойындап, заң орнына өз еркімен келгендігі - сотталушының жауаптылығы мен

жазасын жеңілдететін мән-жайлар деп санайды [6, 7-9 бб.].

37. Ильин А.Б. Коммерциализация интеллект продукта высшей школы как фактор развития инновационного потенциала региона: дисс. ... канд. экон. наук. – Москва: Московский Государственный Университет экономики, статистики и информатики (МЭСИ), 2013. – 81 с.
38. Link A.N., Siegel D.S. Generating science-based growth: an econometric analysis of the impact of organizational incentives on university–industry technology transfer // *Eur. J. Financ.* – 2005. – № 11 (3). – P. 169–182.
39. Alibekova G., Medeni T. Linking university and industry: experience of Turkey and challenges in Kazakhstan // 6th International conference for entrepreneurship, innovation and regional development “Regional economic resilience through innovation and enterprise”. – Turkey, Istanbul, 2013. – June 20-21.
40. Rasmussen E., Sørheim R. How governments seek to bridge the financing gap for university spin-offs: proof-of-concept, pre-seed, and seed funding // *Technol. Anal. Strateg. Manag.* – 2012. – Vol. 24 (7). – P. 663–678.
41. Jensen R., Thursby M. Proofs and prototypes for sale: the licensing of university inventions // *Am. Econ. Rev.* – 2001. – № 91 (1). – P. 240–259.
42. Zieminski J., Warda J. Paths to Commercialization: University Collaborative Research // The Conference Board of Canada. – Ottawa, CA, 1999.
43. Cultivating Research Universities and Industrial Linkages in China // The Case of Shanghai. Weiping Wu. *World Development*. – 2007. – Vol. 35, No. 6. – P.1075–1093.
44. Clarke B.R. Creating Entrepreneurial Universities: Organizational Pathways of Transformation Emerald. – Bingley, 1998.
45. Брижань А.В. Национальная инновационная система как ключевой элемент развития экономики России: дисс. ... канд. экон. наук. – Краснодар, 2006. – 195 с.
46. Poh-Kam Wong, Yuen-Ping Ho, Annette Singh, Towards an “Entrepreneurial University” Model to Support Knowledge-Based Economic Development // The Case of the National University of Singapore, *World Development*. – 2007. – Vol. 35, Is. 6. – P. 941-958, ISSN 0305-750X, 10.1016/j.worlddev.2006.05.007.
47. Jonathan Levie The university is the classroom: teaching and learning technology commercialization at a technological university // *Journal of Technology Transfer*. – 2014. – Vol 39. – P.793–808.
48. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана (от 11 ноября 2014 г.) «НҰРЛЫ ЖОЛ – ПУТЬ В БУДУЩЕЕ»
49. Merle Jacob, Mats Lundqvist, Hans Hellsmark, Entrepreneurial transformations in the Swedish University system: the case of Chalmers University of Technology // *Research Policy*. – 2003. – Vol. 32, Is. 9. – P. 1555-1568, ISSN 0048-7333, 10.1016/S0048-7333(03)00024

Жатқанбаева А.Е.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі

Адилгазы С.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік Университеті

«Құқықтану» мамандығының докторанты, E-mail: serikhan@mail.ru

ҚАРТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТЕТІГІ

Түйін. Бұл мақалада әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған топтар ретінде қарт азаматтардың құқықтарын қорғаудың және реттеудің негізін қарастырады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл органдар жөніндегі мекемелері арқылы ұлттық деңгейде осы санаттағы тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етудегі негізгі мәселелерді анықтайды. Мемлекеттердің қоғамдық өмірдің барлық салаларында кемсітушілікке қарсы күреске бағытталған, соның ішінде жас ерекшеліктеріне қатысты кешенді заңдарды қабылдау қажеттілігі туралы қорытынды жасалады.

Резюме. В статье рассматриваются основы регулирования защиты прав пожилых людей как уязвимой группы населения, выделяются основные проблемы в области обеспечения прав данной категории лиц на национальном уровне сквозь призму деятельности Комитета по экономическим, социальным и культурным правам. Делается вывод о необходимости принятия государствами всеобъемлющих законов, направленных на борьбу с дискриминацией во всех областях общественной жизни по всем признакам, включая возраст.

Summary. The article analyses international legal basis of protection of human rights of older persons as a vulnerable group, determines the main problems in the area of ensuring their rights at the national level through the activities of the Committee on Economic, Social and Cultural Rights. The article concludes that there is a necessity of the adoption of comprehensive antidiscrimination laws by States aimed at fighting discrimination in all spheres of life on all grounds including age.

Қарт азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы қызмет адамның және азаматтың құқықтарын сақтау; әлеуметтік қызмет көрсету саласында мемлекеттік кепілдіктерді ұсыну; әлеуметтік қызмет көрсетуді алуға тең мүмкіндіктерді және мүгедек қарттар үшін олардың қол жетімділігін қамтамасыз ету; мүгедек қарттардың жеке қажеттіліктері үшін әлеуметтік қызмет көрсетуге бағыт сілтеу; мүгедек қарттардың әлеуметтік бейімделу шараларының басымдығы; билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен мекемелерінің, сондай-ақ лауазымды адамдардың әлеуметтік қызмет көрсету саласында мүгедек қарттардың құқықтарын қамтамасыз етудегі жауапкершілігі қағидаттарына негізделді.

Сонымен бірге, өмірдің өз шындығы бар. Әрбір әлеуметтік көмек объектіге немесе қарт азаматтарға жете бермейді. Синхронды дыбыс дабылдары бар арнайы бағдарламалар, жол белгілері мен нұсқағыштар негізінен орталық көшелерге орнатылған. Бүгінде қабылданып жатқан шаралар мәнісі бойынша жартыкеш. Қала көшелерінде бөгде адамның көмегінсіз жүре алмайтын мүгедектерді кездестіре алмайсыз. Өйткені олар қоғамдық көлік қызметтерін пайдалана алмайды, биік тротуардан өзі түсіп немесе бағдарламалары дыбыс дабылдарымен жабдықталмаған көшені кесіп өте алмайды.

Қарт адам қоғам қазынасы. Еліміздің құқық саласында адамдардың құқықтық мәртебесі жас ерекшелігіне байланысты емес, дегенменде қоғамның еңбек жағынан төмен қамтамасыз етілген қарт азаматтардың құқықтарын қорғау құқықтық мемлекет құрудың негізі болып табылады. Азаматтардың құқықтық мәртебе құқық жүйесінің ажырамас бір бөлігі ретінде әлеуметтік қарым-қатынастарды салыстырмалы түрде тәуелсіз реттеп отырады, негізі

мемлекет жалпы қоғамдағы объективті және субъективті факторлармен қатар әлеуметтік қоғамдық өмірді ескере отырып құқықтан бір нәтиже шығару мақсатында әрекет етеді.

Қазақстан Республикасы конституциясының 28 бабына сәйкес қарт адамдарды ең төменгі жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшерінде әлеуметтік жағынан қамсыздандыруға кепілдік берген [1,5]. Өкінішке орай қолданыстағы заң нормаларында қарттардың нақты құқықтық мәртебесі айқындалмаған. Дегенменде соғыс кезінде және мемлекеттің мүдесі үшін басқада соғыс операциясы кезінде Отан қорғауға қатысқан, соғыс кезінде аса ауыр жағдайларда немесе төтенше жағдайларда еңбек еткен немесе еңбегі үшін марапатталған қарт азаматтардың мәртебесі айқындалған. Бұл қолданыстағы заң нормалары қоғамдағы барлық қарт азаматтардың құқықтық мәртебесін бере алмайды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде Қазақстан Республикасы осы ТМД аумағыннан көшіп келген сондай-ақ осы мемлекеттердің кез келгенінің аумағында жүрген азаматтардың еңбек өтілін есепке ала отырып және ТМД ішкі істер органдарында жұмыс жасаған қарт азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету міндетін алды.

Сонымен қатар, қарт адамдардың құқықтарын қорғаудың әлемдік стандарттарын дайындаумен БҰҰ-ның халықаралық қауымдастықтары таяу 50 жылдықта ғана айналыса бастады, осының негізінде қарт адамдарды әлеуметтік қорғау проблемалары 1948 жылдан бастап БҰҰ-да бірнеше рет қаралуда, онда «қарт адамдардың құқықтары туралы декларация» дайындалды. Кейінірек: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948 жылғы 10 желтоқсандағы БҰҰ бас Ассамблеясының 217 А (III) қарары), еуропалық әлеуметтік хартия (еуропа Кеңесі 1961 жылы 18 қазанда туринда қабылдаған). Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті тәрізді халықаралық құжаттар қабылданған болатын. Алайда Жалпыға бірдей декларация және Халықаралық Пакт қарт адамдарға ерекше мәртебе бөлмеді және сонымен бірге арнайы құқықтарды көздемеген. Бас Ассамблея 1980 жылғы 11 желтоқсандағы өзінің 35/129 қарарында Дүниежүзілік Ассамблея «халық қартаюының әлеуметтік-экономикалық салдарларын және егде жастағы адамдардың нақты қажеттілігін

неғұрлым толық түрде ескеретін қоғам құруға ықпал етуіне тілек білдірді. 1982 жылы қартаю проблемалары жөніндегі Дүниежүзілік Ассамблея қартаю проблемалары жөніндегі іс-әрекеттердің Вена халықаралық жоспарын (бұдан әрі – Вена Жоспары) қабылдады. Бұл маңызды құжатты Бас Ассамблея мақұлдады және Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық пакт бекітілген құқықтармен байланыста егде адамдар құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында қатысушы-мемлекеттер қабылдауы тиіс шараларға қатысты өте пайдалы басшылықты білдіреді. Ол 62 ұсынымды қамтиды, олардың көбі экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті ережелерімен тікелей байланысты.[5, б.75]

Қазіргі уақытта әлемнің қай мемлекетін алсақта әлеуметтік мәселе алғашқы орындарға шығып отыр. Соңғы 70 жылда бүкіл әлемде халықтың өмір сүру ұзақтығы 25 жылға және 70 жасқа жақындады. Соңғы 30 жылда әлемде туу көрсеткіші төмендеп кетті. Жоғарыда айтылған екі жағдай әлемде қарт адамдардың абсолютты саны және дүние жүзіндегі жалпы халық санының үлесінде қарт адамдардың үлесі ұлғайып келеді. Осыған қарап жер шары халқының ғаламдық қартаю процесі құқық саласында тағы бір әлеуметтік топтың құқықтық жаңа проблемаларды тудырып отыр. Бірікен ұлттар ұйымы бас ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсандағы №217 А (111) қабылдаған декларациясының 22 бабына сәйкес «әрбір адам қоғам мүшесі ретінде ұлттық күштер мен халықаралық ынтымақтастық арқылы және әрбір мемлекеттің құрлымы мен ресурстарына сәйкес экономикалық, әлеуметтік және мәдениет саласында жеке тұлғаның еркін дамыту үшін және оның ар-намысын қолдау үшін қажеттіліктерді қамтамасыз етуге және әлеуметтік қамтамасыз етуге құқығы бар». [3,15]

Қоғамдық өмірде жағымсыз және регрессивті жағдайлар орын алғанда, құқықтың басты міндеттерінің бірі қоғамдық өмірдің жақсы жаққа қарай өзгеруін қамтамасыз етеді. Құқықтың дәрежесі өзінің өзгерместігіменен қоғамның дамуын қалыптастыра отырып, қоғамда болып жатқан құқық бұзушылықтарды болдырмау амалын іздестіреді. Мемлекеттің қиын кезеңіне қарамастан, адамдардың құқықтары мен бостандықтары мемлекет қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан тәуелсіздік алып өзі дербес мем-

лекет ретінде әлеуметтік салада қызмет ету жүйесін құра бастады, осы 90 жылдардың басында экономикалық күйзеліс салдарынан халықтың оның ішінде қарт адамдардың өмір сүру деңгейі төмендеп кетті. Осыған байланысты Қазақстан үкіметі әлеуметтік жағынан төмен топтағы азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында құқықтық жағынан қолдайтын нормалар қабылдай бастады. Қазақстан Республикасының конституциясына сәйкес адамдардың зейнетақылары мен жалақылары заң бойынша көрсетілген күнкөріс деңгейінен төмен болмауы тиіс деген тұжырымдамасы бойынша «ең төменгі күнкөріс деңгейінің» мазмұнын анықтап және қарап зейнетақы және жәрдемақының ең төменгі күнкөріс деңгейінен ең жоғарғы күнкөріс деңгейіне қол жеткізу үшін, қажетті жолдарын іздестіру амалдарын мемлекет жүргізді.

Қазіргі заманғы қоғамның әлеуметтік-демографиялық құрылымы бойынша, әлеуметтік көмек және қолдау объектілерді бірнеше топқа бөліп қарастыруымыз керек, солардың ішінде басты мәселелердің қатарына қарт адамдар жатқызылуы міндетті. Үлкен ірі әлеуметтік орталық ретінде, әлеуметтік-демографиялық топтардың да өзінің ішкі стратификациондық белгілері болып жас мөлшері қарастырылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) жіктеуіне байланысты қарт адамдар бірнеше санаттарға бөлінеді: жас аралығы 60-тан 70 – қарт адамдар; жас аралығы 75-тен 89-кәрі адамдар; 90 жастан жоғары жастағы адамдар ұзақ өмір сүрушілер ретінде жіктелген. [4, б.17]

Қазақстан Республикасындағы тұрғындары бойынша барлық қарт адамдардың саны қазіргі уақытта 20-30 % шамасында.[6, б.14] Бүкіл әлем сарапшыларының есептеуі бойынша БҰҰ ДДҰ, 60 жастан асқан адамдардың саны 2025 жылға қарай 1,2 млрд жетеді деп көрсеткен және 80 жастан асқан қарт адамдардың саны радикалды түрде өсуі ықтимал. Бұл деректер бойынша қорытынды шығаратын болсақ демографиялық даму үрдісі бойынша халықтың қартаюы белсенді түрде жүріп жатқанын көрсетеді. Оны қалыптасуы мен болуы мынадай себептермен түсіндіріледі: біріншіден демографиялық мінез –құлықтың өзгерілуі (неғұрлым кеш некеге тұруы, бала туудың төмен деңгейі т.б). Екіншіден, халықтың өмір сүру ұзақтығына байланысты, яғни медициналық технологиялардың жетілуі

және медициналық көмектің дамуына қатысты. Үшіншіден, қоғамда егде жастағы адамдарға үнемі әлеуметтік қолдау көрсету. Бұл қоғамда адамдардың ұзақ және қолайлы өмір сүруіне жағдай жасайды. Батыс мемлекеттерде қарт жастағы адамдар аз қорғалатын тұрғындардың санатына жатқызылатын арнайы құқық нормаларымен реттеген. Қарт адамдардың осы санаттағы адамдардың қатарына жатқызылуының ең басты себебі жасы болып табылады. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде қарт адамдардың жасы 60 және оданда жоғары жас аралығы құрайды.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын белгілейтін және қорғауын іске асыратын мемлекет болып табылады. Қоғамдағы адамның ұстанымын қалыптастыру мақсаты бойынша мемлекеттің қосатын үлесі өте жоғары, ал тікелей тарихқа жүгінетін болсақ мемлекет шешуші іс-әрекеттерді жүргізетін бірден бір орган болып табылады.

Қазақстанда қарт адамдардың құқығы, мәртебесі мен жағдайын бекітетін нормативті-құқықтық база жалпы және арнайы заңнамамен айқындалған. Қарт адамдардың әлеуметтік құқықтық жүйесін бекітетін заңнаманың даму негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясына көрініс тапқан болатын.

Қарт адамдардың әлеуметтік құқықтық жүйесіндегі құқық нормаларын екі үлкен топқа бөліп қарастырсақ болады:

Біріншіден жас ерекшеліктеріне қарай барлық зейнеткерлердің құқықтарын бекітетін жалпы құқық нормалар жиндығы.

Екіншіден қарт адамдардың ішінде арнаулы топтардың (ұлы отан соғысы ардагерлері, тылда еңбек еткен қарт адамдар, ауған соғысының ардагерлері, мүгедек қарт адамдар т.б.) құқықтарына қатысты арнайы құқық нормаларының жиндығы деп екі топқа бөліп қарастырсақ болады.

Қарттарға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», ҚР Еңбек кодесінде, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына

байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы», «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және т.б. заңдарында негізделеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабына сәйкес өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады және мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандығы деп бекіткен. Бұл мемлекеттік саясат халыққа жағдай жасауға бағытталған және адамның еркін дамуы мен жақсы өмір сүруін қамтамасыз етеді [1,286]

Конституция бойынша, қарт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен бостандықтары Қазақстанның басқада азаматтарымен бір деңгейде болуына кепілдік береді. Ол – қарт адамдардың әлеуметтік құқықтар жүйесіне кіретін жалпы нормалар.

ҚР Конституциясына сәйкес, әрбір азаматқа жас мөлшеріне сай әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету, сырқат жағдайы, мүгедектік, асыраушысынан айырылу жағдайы, балаларды тәрбиелеу және басқа әлеуметтік топтағы азаматтардың құқықтары айқындалған. [3.296]

ҚР Конституциясының 28 бабына сәйкес, егде жастағы адамдар, барлық азаматтар сияқты мемлекеттік муниципалды мекемелерден тегін медициналық көмек пен денсаулық күзетіне құқықтары бар.

ҚР конституциясының 14 бабына сәйкес Жынысына, нәсіліне, ұлтына, дініне қарамастан мемлекеттік және муниципалды білім беру орындарында тегін білім алуына және қолжетімділігіне кепілдік береді.

ҚР Конституциясына сәйкес қарт азаматтарға маңызды құқық берілген, ол әркім мәдени өмірге қатысу құқына ие, және мәдени орындарды қолдануға құқығы бар, мәдени құндылықтарға қол жетімді болуы. Сонымен бірге кәсіби құқықтық көмек қол жетімді.

ҚР конституциясының 28 бабына сәйкес әлеуметтік құқық, қарт адамдардың жеке өзі өтініш беру құқығы, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару

органдарына жеке және топтық өтініштер. Өздерінің ұсыныстарымен, ескертулерімен, жеткілісіздік сындарымен, жеке басы мәселелерімен өтініш бере отырып, қарт адамдар өздерін мемлекеттік істерде басқаруда белсенді мүшесі екенін сезіне алады.

ҚР Азаматтық кодексі егде жастағы тұлғалардың қатысуы жүзеге асатын қатынастарды реттеуге бағытталған арнайы нормаларды қамтымайды. Тек мұрагерлік қатынастар сияқты нормалар кездеседі.

ҚР Еңбек кодексі ардагерлерінің демалысына құқығын бекітетін әлеуметтік заңдардың ішіндігіе ең маңыздысы болып табылады. Осы заңға сәйкес, ардагерлер демалысы, оның ішінде көбісі қарт адамдар, ардагерлердің экономикалық және моральдық әл-ауқатына жағдай жасауға бағытталған іс-шаралар жүйесін іске асыруға қадағалайды, оларға қосымша жеңілдіктер мен құқықтар береді.

ҚР-ның азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз етумен байланысты заңнамасы қарт адамдар арасында үлкен орынды алады. Ол 2013 жылы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» № 105-V Заңы.

Атап кететін жағдай, бұрынғы зейнетақы заңнамасына қарағанда, жаңа заң жұмысын жалғастырған зейнеткерлер зейнетақыны толықтай мөлшерде алады. Бірақ Зейнетақы мөлшерін есептеуді реттейтін нормалар шынайы өмірден мүлдем алыс болып келеді. Қазіргі таңдағы зейнетақы қарт адамдардың ең керекті қажеттіліктерін қанағаттандыратын шығындарды толық көлемде қамтамасыз етпейді.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы N 193-IV Кодексі егде жастағы азаматтардың құқықтарын бекітетін құқықтарды қамтиды. Ол бапта, ҚР заңнамасында көзделген қарт азаматтар, үй жағдайында медико-әлеуметтік көмек алуға құқықтары бар, мемлекеттік немесе муниципалды жүйедегі денсаулықсақтау орындарында, сондай-ақ қоғамдық демалыс жүйесі орындарында, және курорттық емдеу санаторияларында ақылы немесе тегін жағдайда оңалту.

Қарт азаматтарды әлеуметтік қолдауға бағытталған тағы бір заң «міндетті әлеуметтік сақтандыру » туралы Қазақстан Республикасының заңын ерекше атап өту керек, себебі, қарт адамдардың көбісі төмен жағдайды аза-

маттар санатына жатады, және олар осы заңның негізінде мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар қатарына жатады.

Адамдардың әлеуметтік құқықтарын реттейтін құжаттар қатарына «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы», «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы», Бұл заңдар мемлекеттік биліктегі федералды өңірлік орган өкілеттігін, құқықтары іске асырылуына кепілдік беруді, азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсетудің негізіндерін, олардың құқықтарын бекітеді.

Сонымен қатар, «нұрлы жол» бағдарламасын атап өтуге болады. Бұл бағдарламаны жасауға 10 нан астам министрліктер мен ведомстволар, бірқатар академиялық және салалық ғылыми ұйымдар, көптеген огандар қатысады. Онда көптеген сұрақтар, әсіресе қарт адамдарға қатысты мәселелерді кешенді шешудің жолдары қарастырылған. Бұл – денсаулық сақтауды, қарт адамдардың өмірге қабілеттілігі мен белсенділігін, материалдық қамтасыз етуді көтеруді, жас ерекшелігі мен денсаулық жағдайларын есепке ала отырып көмек көрсетуді қолдау мен жетілдіру, сонымен қатар егде жаста интеллектуалды, мәдени және тұлғалық әлеуетті іске асыруға қолайлы жағдайлар туғызу.

«Нұрлы жол» бағдарламасы егде жастағы тұрғындардың мынадай категорияларының осал жерлеріне басымдылық көрсетеді: жалғызбасты қарт адамдар мен қартайған ерлі-зайыптыларға, өзін-өзі күту мүмкіндігінен толықтай немесе жартылай айырылғандар, ауыр сырқаттағы соғыс ардагерлері, алыс-шалғай ауылды жерлерде немесе шеткей солтүстікте тұратын қарт адамдар, мәжбүрмен көшірілген егде жастағы адамдар, маргиналдық топтағы егде адамдар.

Адамның құқықтық жағдайын және нормативтік талаптарға сай мемлекет заң шығарушы және құқықтық басқаруды жүзеге асырады.

Заңның тиімді және іске асатындай болуы үшін қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының заңдылығына және қоғамға қолайлы нақты деректерге сүйене отырып шығарылуы керек. Қарт азаматтардың жасы ұлғайған сайын тәжірибенің молайтындығын ескеру және аға буын өкілдері мен кейінгі буын өкілдері арасында ынтымақтастықты орнату қажет сол себепті қарт азаматтардың арнайы кәсіптік білімдерін толық пайдалануымыз қажет. Осыған орай елімізде қарт адамдарды қоғам өміріне және даму процесінде қатысуын сонымен бірге қоғам проблемаларын бірлесе шешу үшін міндетті түрде экономикалық, саяси және ғылыми еңбектерін барлық деңгейде пайдалана отырып, жұмыс істегісі келетін қарт азаматтардың барлығын жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін қарастыратын заң нормаларын қолданысқа енгізу қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен нормативтік актілер:

1. ҚР-ның Конституциясы, 30.08.1995.
2. Фокин В.А. Социальная работа с пожилыми - жертвами насилия // Социальная и медицинская помощь населению после катастрофы. Тула, 2003.
3. Пучков П.В. Вы чье, старичье? Опыт анализа геронтологического насилия // Социологические исследования. 2005. № 10. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сайты.
4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл органының ресми сайты. <http://www.ombudsman.kz/kz/about/>
5. Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің 2007 жылғы 25 мамырдағы N 153 бұйрығы
6. Закон Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года № 39-III «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30008935
7. Венский международный план действий по проблемам старения 1982 года // http://lawrussia.ru/texts/legal_901/doc901a314x867.htm
8. Информационный портал Today.kz, «Казахстан по продолжительности жизни обогнал соседней по ЕАЭС» // <http://today.kz/news/life/2014-05-05/kazakhstan-po-prodolzhitelnosti-zhizni-obognal-sosedej-po-eaes/>

Айгаринова Г.Т.

Заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң
Кеден қаржы және, экологиялық құқық кафедрасының профессоры м.а., Gulnar._80@mail.ru

Ақшатаева Ж.Б.

Заң ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы ОҚТУ-ң доценті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ФИТОСАНИТАРЛЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – АЗЫҚ ТҮЛІК
ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ АЛҒЫ ШАРТЫ РЕТІНДЕ**

Резюме. Важной проблемой пищевой безопасности республики на сегодняшний день остается качество продовольствия. В нашу страну нередко завозятся невостребованные в самих государствах-экспортерах некачественные и даже вредные для здоровья человека продукты питания. Развитие агропромышленного комплекса республики также во многом зависит от ввозимых продовольственных товаров (мяса и мясопродуктов, молока и молокопродуктов, рыбы и рыбопродуктов, овощей, зелени).

Безопасность пищевых продуктов в настоящее время выходит за рамки только лишь сферы гигиены питания и токсикологии, она оказывает влияние на такие области жизни страны как пищевая промышленность, сельское хозяйство, торговля и логистика, домашнее питание. Контроль безопасности пищевой продукции связан и с экономическими (производство и торговля), и с политическими (продовольственная безопасность страны) аспектами.

Түйін. Бүгінгі күні республиканың тағам қауіпсіздігінің маңызды мәселесі болып, азық-түлік сапасы танылады. Біздің елімізге экспорттаушылардың өзінде талап етілмейтін және адам денсаулығы үшін қауіпті азық-түлік өнімдері әкелінеді. Агроөндірістік кешеннің дамуы сондай-ақ көп жағынан кіргізілетін ауыл шаруашылық өнімдеріне тәуелді болып табылады (ет және ет өнімдерінен, сүт пен сүт өнімдерінен, балық пен балық өнімдерінен, көкөністерден).

Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі бүгінгі уақытта шегінен тек қоректенудің гигиенасы мен токсикология саласында ғана шығады, ол ел өмірінің азықтық өндіріс, ауыл шаруашылығы, сауда мен логистика, үй қоректенуі секілді салаларына әсерін тигізеді. Тағам

өнімінің қауіпсіздігін бақылау экономикалық (өндіріс және сауда) және саяси (елдің азық-түлік қауіпсіздігі) аспектілермен де байланысты болып табылады.

Әлемдік қауымдастықта қазіргі уақытта қауіпсіздік бағалауында артықшылықтарды нақтылау болып жатыр. Егер бұдан бұрын қауіпсіздікпен байланысты қатерлер тек азықтың контаминациясы тұрғысынан ғана бағаланатын болса, қазіргі кезде бүкіл әлемдегі ғалымдар тек азық өнімдерінің лаптауын ғана емес, сонымен қатар тұрғын халықтың қоректену құрылымында бағалау қажет деп есептейді (рациондағы азықтың заттардың жетіспеушілігі, артықшылығы және дисбалансы).

Summary. Nowadays the quality of food remains an important food security problem in the republic. In our country are imported unclaimed in the exporting countries substandard and even harmful to human health food. The development of the republic's agro-industrial complex also largely depends on imported food products (meat and meat products, milk and dairy products, fish and fish products, vegetables, herbs).

Food safety now extends beyond just the field of food hygiene and toxicology, it affects such areas of the country's life as the food industry, agriculture, trade and logistics, home-based food. Control of food safety is connected with economic (production and trade), and with political (food security) aspects.

In the world community, the priorities for assessing security are clarified. If earlier the safety risks were assessed only in terms of contamination of food, now scientists around the world have come to the conclusion that it is necessary to evaluate not only the level of food contamination, but also the structure of the population's nutrition (lack, excess or imbalance of nutrients in diet).

2017 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы аясында атап өткен «Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты» [1] - деген Елбасымен белгіленген мемлекет міндеттері жобаны әзірлеуге алғышарт болды. Бұл мақсатқа жету үшін біз республиканың фитосанитариялық қауіпсіздігінің деңгейін көтеруіміз керек. 2017-2020 жылдарына арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік дамыту бағдарламасына сәйкес республикада фитосанитарлық қауіпсіздік қанағаттанарлық деңгейде. Зиянкестермен күресте биологиялық әдістерді қолдану даму үстінде. Сонымен қатар, соңғы жылдары ошақтары жергілікті көбейген карантинді объектілердің жаңа түрлері ашылды. Карантинді объектілер мен аса қауіпті зиянкестердің таралу аймағы 2016 жылға сәкес 5 085,4 мың га жерді құрайды. Сонымен бірге, Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы дүниежүзілік сауданың одан әрі ұлғаюына, карантинді өнімнің жеткізілу географиясының кеңеюіне алып келді, оның ішінде, фитосанитарлық жағдайы карантинді фитосанитарлық қатынаста әлі де жеткілікті зерттелмеген елдер де бар.

Тағам және азық-түлік қауіпсіздігі мәселері жаңдан пайда болған жоқ және де әскери, әлеуметтік-демографиялық, территориялық, жалпыэкономикалық қауіпсіздік және елдің ұлттық қауіпсіздігінің басқа да құрамдас бөліктерімен қатар барынша өзекті және агроөндірістік кешен өнімдерін тұтыну мен өндіру саласындағы мемлекеттік саясат деңгейіне дейін шығарылған.

Мамандар азық-түлік қауіпсіздігін елдің экономикасының жағдайы, соның ішінде оның агроөндірістік кешенінің жағдайы ретінде сипаттайды, ол ішкі және сыртқы шарттардан тәуелсіз және мемлекеттік азық-түліктік резервінің азаюсыз-ақ халықтың салауатты қоректенуінің рационалды нормаларына сәйкес, яғни белсенді және сау өмір үшін жет-

кілікті, азық-түліктік тұрғысынан қанағаттандырылады.

Азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіруші болып:

жекелеген экспорттық тауарларға әлемдік бағалардың сыртқы және ішкі конъюктурасының нашарлауы және ауыл шаруашылығының мемлекеттік инвестициялардан тәуелділігін күшейтетін, ауыл халқының шын пайдасының түсуіне әкеліп соғатын, импорт тауарларына бағалардың өсуі;

ауыл шаруашылығын жүргізудің интенсивтілігінің құлдырауы жағдайында оның инвестициялық жағымдылығын төмендететін табиғаттық-климаттық қатерлер;

ауыл жерінің әлеуметтік тартымсыздығымен және ауыл мен қаладағы өмір деңгейінің айрықшалығымен айқындалатын әлеуметтік сипаттағы қатерлер;

шетелден ауылшаруашылық тауар өндірушілер үшін техника жеткізілімдеріне тәуелділік;

ауылшаруашылық өнімі мен ауылшаруашылық жерлері нарығын бақылау шетелдік ұйымдардың қолына көшуі қауіпі;

елдің ДСҰ құрамына кіруі нәтижесінде бақталастықтың елеулі өсуімен байланысты сауда-саяси халықаралық қатерлер;

агроөндірістік кешенді реттеу саласындағы заңнамалық базаның жетіспеушілігімен және жерге меншік құқықтарын рәсімдеуді жүзеге асыру күрделілігімен байланысты қауіп-қатер.

Бүгінгі күні республиканың тағам қауіпсіздігінің маңызды мәселесі болып, азық-түлік сапасы танылады. Біздің елімізге экспорттаушылардың өзінде талап етілмейтін және адам денсаулығы үшін қауіпті азық-түлік өнімдері әкелінеді. Былтырғы жылы шетелден әкелінген балық пен балық өнімдерінің 15%-н, консерві өнімдерінің 12%, жарманың 58%, маргарин өнімдерінің 45% жарамсыз деп танылған және сорттылы төмендетілген болатын. Агроөндірістік кешеннің дамуы сондай-ақ көп жағынан кіргізілетін ауыл шаруашылық өнімдеріне тәуелді болып табылады (ет және ет өнімдерінен, сүт пен сүт өнімдерінен, балық пен балық өнімдерінен, көкөністерден).

Осыған байланысты өнімнің сапасын барлық технологиялық тізілім бойынша бақылау жүйесін ұйымдастыру керек болып табылады. Бұл ретте ерекше назарды гендік модификацияланған қайнар көздерді қолданумен

жасалған шикізат пен тағам өнімдерінің айналымы талап етеді; өндірістің экологиялық таза жоғары сапалы өніммен сертификациялау мен ынталандыру бойынша шаралар енгізу қажет. Мемлекет азық-түлік пен тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты мәселені тиімді шешу үшін жеткілікті қорға ие деп санаймыз.

Сонымен байланысты ауылшаруашылық өнімінің тиімді тұрақтылығына және әсіресе экологиялық таза өнім өндіруге жету үшін маңызды орынға фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ие болады.

Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі бүгінгі уақытта шегінен тек қоректенудің гигиенасы мен токсикология саласында ғана шығады, ол ел өмірінің азықтық өндіріс, ауыл шаруашылығы, сауда мен логистика, үй қоректенуі секілді салаларына әсерін тигізеді. Тағам өнімінің қауіпсіздігін бақылау экономикалық (өндіріс және сауда) және саяси (елдің азық-түлік қауіпсіздігі) аспектілермен де байланысты болып табылады.

Әлемдік қауымдастықта қазіргі уақытта қауіпсіздік бағалауында артықшылықтарды нақтылау болып жатыр. Егер бұдан бұрын қауіпсіздікпен байланысты қатерлер тек азықтың контаминациясы тұрғысынан ғана бағаланатын болса, қазіргі кезде бүкіл әлемдегі ғалымдар тек азық өнімдерінің ластауын ғана емес, сонымен қатар тұрғын халықтың қоректену құрылымында бағалау қажет деп есептейді (рациондағы азықтық заттардың жетіспеушілігі, артықшылығы және дисбалансы).

Азықтың контаминанттарына қазіргі уақытта жеткілікті түрдегі химиялық (токсинді заттар, пестицидтер, нитрозоаминдер, полихлорланған бифенилдер және т.б.), биологиялық (зең микроскопиялық грибтары және микотоксиндер, бактериялар мен бактериалдық токсиндер, дрожь, теңіз өнімдерінің токсиндері және т.б.) және физикалық табиғат, бұл ретте бірінші орындардың біріне микробиологиялық қатерлер шығады.

Сонымен қатар, азық өнімінің қауіпсіздігі оның барлық өмірлік циклы бойынша қамтамасыз етілуі тиіс: өндірістік шикізатты өсіру, өндіру, тасымалдау, сақтау мен жүзеге асыру.

Заманауи нарықтық жағдайларда, ақырғы өнімнің ластануының потенциалды қатерлерді анықтаумен бірге, азықтық өнімнің өндірушісімен жасалатын, қатаң өндірістік

қадағалау ретінде жүзеге асырылуы тиіс, сондай-ақ оның қауіпсіздігі үшін мемлекеттік қадағалау, соның ішінде талдаудың заманауи жоғары сезімталдық әдістерін пайдаланумен қадағалау, ол тек контаминанттарды ғана емес, сондай-ақ мүмкін болатын фальсификациясын анықтайды.

Қазақстанның Кеден Одағына енуіне байланысты, ал одан әрі ДСҰ құрамына енуімен бүкіл әлемдік заңдармен гармонизациялау мақсатымен, сондай-ақ оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жаңа ғылыми деректердің есебімен азық өнімінің қауіпсіздігі мен сапасын реттеу саласындағы заңнамалық базасын көлемді модернизациялау басталды. Негізінен қазіргі уақытта Кеден Одағының «Санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға (қадағалау) жататын тауарларға біртұтас санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар» жасалып және әрекетке енгізілді, ол азық-түлік өнімінің қауіпсіздігі саласындағы Кеден Одағының жасалып жатқан техникалық регламенттерінің, және одан әрі ЕврАзЭС техникалық регламенттерінің тарауларының бірі болып табылады. Барлығы Кеден Одағы шегінде азық-түлік өнімдерінің әртүрлі өнімдері үшін Техникалық регламенттердің көп мөлшерін жасау және енгізу жоспарланған. Бұл ретте көптеген тәжірибеде сыналған ағымдағы нормативтік базаның ережелері қайтадан жасалған құжаттардың негізіне жатты.

Соңғы онжылдықтар шегінде әлемде азық өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін анықтаудың, ең аз концентрациялардағы контаминанттарды анықтауға мүмкіндік беретін соңғы ғылыми жетістіктерді қолдануға негізделген, заманауи жоғары тиімділіктегі және прецизионды аналитикалық әдістер жасалды.

Азық технологиясының, химияның, микробиология мен биотехнологияның дамуымен едәуір мөлшердегі жаңа азық қоспалары пайда болды, сондай-ақ азық өнімдерінің қауіпсіздігіне талаптарды қатаңдатқан, халықаралық азық заңнамасын жасауға қажеттілікті туындатқан қоршаған ортаның ластануы да өсе бастады.

Ауыл шаруашылық өнімдерін және азықтық шикізатты заманауи өңдеу кезінде жиі химиялық реактивтерді қолдануға жүгінеді:

- пестицидтер мен гербицидтер (арам шөптермен және зиянкес-жәндіктермен күрес үшін);

- антибиотиктер (жануарларды инфекциядан қорғау үшін);
- гормондар (өсімдіктердің өсуін жылдамдату үшін);
- бояғыштар (азық өнімінің тауарлық түрінің тартымдылығы мен жақсаруы үшін);
- әртүрлі жасанды иістендіршітер мн жоғары ароматты қоспалар;
- консерванттар мен антиоксиданттар (сақтау мерзімін ұзарту үшін).

Аталған химикаттарды қосу өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, алайда егер олардың енгізілетін мөлшері бекітілген нормалардан жоғар болатын болса, бұндай қоспалар адам денсаулығы үшін қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан да бұндай нормативтік талаптардың орындалуына мұқият бақылау жасау қажет болады. Олардың сәйкестігін анықтау үшін қолда бар азық өнімдеріндегі немесе шикізаттың өзіндегі ластаушы-заттарды анықтайтын аналитикалық әдістерді жасау және жетілдіру қажет болады.

Азық өнімдерінің қауіпсіздігі ретінде, оларды тұтыну кезінде адам денсаулығы үшін қауіптің болмауы түсіндіріледі, яғни терең негативті әсер ету тұрғысынан (азықтық улану мен азықтық инфекциялар), сондай-ақ алыстағы салдардың қауіптері (канцерогенді, мутагенді және тератогенді әрекеттер) тұрғысынан да қауіптің жоқтығын түсіну қажет. Басқаша айтқанда, қауіпсіздік деп адам денсаулығына және болашақ ұрпаққа зиянды, қолайсыз жағынан әсер етпейтін азық түлік өнімдерін айтуға болады.

Азық-түліктермен бірге адам организміне оның денсаулығы үшін қауіпті заттардың едәуір мөлшері түсуі мүмкін. Сондықтанда азық өнімдері сапасын қадағалаудың, олардың тұтынушылардың денсаулығы үшін қауіпсіздігіне кепілдік беретін, объективтілігі мен тиімділігіне жауаптылықтың артуымен байланысты мәселелер тұр.

Азық өнімдері мен ауылшаруашылық шикізаттарға көптеген химиялық қоспалардың болуына және тағам өнімдеріне, жем, өсімдіктерге (тыңайтқыштар, пестицидтер, антибиотиктер, гормондар, бояғыштар, консерванттар, дәрумендер, иістендіршітер мн жоғары ароматты қоспалар) түсетін ластайтын заттардың сандық қалдықтарына талдау жасау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

2) мақсаттық бағдарламаның іс-шараларына зерттеудің сәйкестігі, ғылыми және техникалық қажеттіліктерге (қажетті жағдайда әлеуметтік сұраныс пен (немесе) экономикалық және индустриялық қызығушылықты қосу) тиісті білім саласындағы жаңа жетістіктерді қоса отырып шолу жасау оның ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы.

Экономиканың нарыққа деген жаңа бағдары, Республиканың саяси және экономикалық дербестігі, халықаралық қатынастардың дамуы, ДСҰ-ға кіру, ЕАЭО-н құрылуы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің орны, рөлі мен сипатын жаңаша түсінуге алып келді. Қазақстанның ЕАЭО мен ДСҰ-ға кіруіне орай бізде жоқ қауіпті ағзалардың өтуінен ҚР-ң аумағын қорғау мәселесі пайда болды. ҚР-ң аумағына карантинді объектілердің енуі мен олардың таралу ықтималдығы зор. Ауыл шаруашылығы министрлігі мәліметтері бойынша жыл сайын республикаға 100-ден астам елден едәуір көп карантинді өнім түрлері алып келінеді. Кіргізілетін өнім мөшері жыл сайын ұлғаюда. Карантинді объектілер шетелдік тұқым, отырғызылатын гүлді-декоративті және орман өнімдерімен келуі мүмкін. Қазақстанмен көршілес ТМД елдерінде карантинді объектілердің 25-35 астам таралымы бар, ал Қытайда олардың саны 100-ден астам құрайды. Көптеген әлем мемлекеттерінде соңғы жылдары өздерімен күресте едәуір қаржылық шығынды талап ететін карантинді объектілердің пайда болып, таралуынан фитосанитарлық жағдай кенеттен шиеленісіп кетті. Мысалы, Ресейде капр қоңызының әкелу салдарын жоюға 2014 жылы 1,4 млрд рубль жұмсалды [3]., ал АҚШ-та осы карантинді объектімен күресте жыл сайын миллион доллардан астам жұмсалады [4]. Қазақстанда бюджет сұрауына сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдарының аталған аса қауіпті ағзалармен күрес жүргізуге республикалық бюджетті бағдарлама 215 «Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бойынша 6 155,52 млн. теңге бөлінді. Біздің мемлекетте таралған карантинді объектілер өнімдерің экспортына қауіпін төндіреді. Карантинді объектілердің бар болуы салдарынан ЕАЭО мүшелері ғана емес, сонымен бірге өзге де серіктес импорттаушы елдер біздің ауыл шаруашылық өнімдеріне тыйым салуы мүмкін, одан республика миллиардтаған шығын көреді [5].

Осының барлығы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ауыл шаруашылығында жетілдіруі мен дамуы және оның тиісті құқықтық қамсыздандырылуы, аталған қатынастарға тиімді құқықтық әдістердің табылуы, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге заңнаманың дамуына ұсыныстар мен нұсқаулар әзірлеу мәселелерін өзекті қылады.

Өсімдіктерді карантинді объектілерден, қауіпті ағзалардан және ҚР аумағын басқа мемлекеттердің карантинді объектілерінің кіргізілуінен немесе өзіндік енуінен қорғаудың құқықтық қамтамасыз ету мәселесі көптеген ұйымдастырушылық және құқықтық мәселелердің шешілуін талап етеді және өте маңызды болып табылады. Аталған ой түйінділері зерттеу тақырыбын Қазақстан Республикасының фитосанитарлық қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері етіп таңдауымызға себепші болды.

Осы зерттеу ұқсас шетелдік және отандық зерттеулерден фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бар мәселелерге құқықтық талдау жасау және Елбасы белгілеген міндеттерді орындау аясындағы осы саладағы заңнаманың реттелуі мен бақылау келешегі орын алатындығымен тиімді ажыратылады.

3) Зерттеу қандай технологиялық міндеттерді, мәселені шешуіне нұсқалған, алынған нәтижелердің ғылым мен технологияның дамуына және күтілетін қоғамдық және экономикалық әсері.

Осылайша, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиясының жалпы жоспары келесі негізгі бағыттарды іске асырады:

- тағам өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау, сату кезіндегі тиісті өндірістік тәжірибе (технология, санитарлық режим, өндірістік бақылау);

- тағам өнімдеріне қойылатын гигиеналық нормалар мен санитарлы-эпидемиялық талаптар;

- өндірістік шикізатқа ветеринарлы – санитарлық талаптар мен сараптама жасау;

- тағам өнімдерінің айналымына мемлекеттік қадағалауды (бақылау) жасау;

- талдау әдістерін дайындау, бірыңғайландыру, стандартизациялау және лабораториялық бақылаудың адекватты метрологиялық көрсеткіштерін қамтамасыз ету;

- тағамнан ауруға ұшырағандарға қадағалау жасау.

Осы тұрғыдан бағдарламаны жүзеге асыруды бағдарламалы-мақсаттық әдіспен шешуді тиімді деп санаймыз.

Бұл бағдарламаның серпінді нәтижесі болып, экологиялық таза ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді қамтамасыз ету және өсімдіктерді карантиндік объектілерден, зиянды организмдерден қорғау және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР-да фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жүйені жетілдіру бойынша тұжырымдама жобасын дайындау және нақты ұсыныстар жасау болып табылады.

Алынған зерттеу нәтижелері заманауи аграрлы-құқықтық ғылымын тереңдетеді және теориясын дамытады, сондай-ақ болашақтағы ғылыми зерттеулер үшін негіз бола алады, сонымен қатар, алынған нұсқаулар, нәтижелер және ұсыныстар төмендегі тұстарда пайдаланылуы мүмкін:

- агроөндірістік кешенді тұрақты дамытуды қамтамасыз ету және ҚР ауыл шаруашылық өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы әрекет етуші заңнаманы жетілдіру мақсатында заң шығармашылық қызметінде;

- орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігі, Қазақстан Республикасындағы өсімдіктердің карантині бойынша мемлекеттік инспекторлардың шешімдер қабылдау кезіндегі тәжірибелік қызметінде;

- ауыл шаруашылық ұйымдары мен ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің тәжірибелік қызметінде;

- жоғары оқу орындары мен колледждерде құқықтық бағыттағы пәндерді дайындау мен берудің оқу процесінде.

Алынған нәтижелердің ғылым мен техниканың дамуына әсері және күтілетін әлеуметтік және экономикалық көріністері.

- Қазақстан кәсіпорындарының азық өнімдері қауіпсіздігінің әрекет етуші менеджмент жүйесі негізіндегі сандық жағынан өсуі және инвестициялық жағымдылығының жоғарлауы;

- азықтық қауіпсіздік саласындағы қазақстандық экспорт потенциалының күшеюі;

- азық арқылы берілетін аурулардың санының азаюы;

- жергілікті және шетел нарығында серіктес-компаниялар сатылым деңгейінің жоғарлауы;

- реттеу және бақылау жүйесін жетілдіру негізінде әкімшілік ұстанымдардың төмендеуі.

Қазақстанда, заманауи лабораториялық құралдардың аздығына байланысты, тағамдардың қауіпсіздік мәселесіне қатты көңіл бөлінеді. Ұсынылып отырған бағдарлама қазақстан нарығындағы ет, балық және сүт өнімдерінде гармондар, антибиотиктер, микроорганизмдер, афлатоксин, пестицид, меломин, генетикалық модификацияланған организмдер, радиоактивті нуклидтер және ауыр металдар қалдықтарын анықтау үшін әртүрлі әдістерге баға беруге бағытталған. Үлгілерді үлкен супермаркеттегі, жергілікті базарлардағы өнімдерден алып мемлекеттік стандарттық методология бойынша (иммунологиялық, биодатчиктер, жоғары сапалы хроматография сұйықтығы және полимераздық-тізілім реакциясы) зерттейді. Алынған нәтижелер тез және жан-жақты (CHARM) тест жүргізетін және дәстүрлі әдісті қолдану арқылы бағаланады. Нәтижесі уәкілеті үкімет мекемелеріне хабарланады. Олар бұл әдістерді Қазақстан нарығында ет және балық өнімдерін тексеру кезінде пайдаланады.

Жиналған мәліметтер әртүрлі тамақтанатын халық тобына тәуекелді салыстырмалы талдау жасағанда қолданылады. Бұл қауіп деңгейін төмендету бойынша жергілікті және трансшекаралық стратегиялар үшін мәліметтер базасын қамтамасыз етеді.

Жергілікті тағам өнімдерінің ластық деңгейін анықтаған мәліметтерді адам денсаулығына қауіп келтіретін жағдайларды талдағанда және тағам өнімдерінің қауіпсіздігін басқаруда пайдаланылуы мүмкін. Мүдделі жақтар зерттеу нәтижесімен хабардар болады. Аграрлы-құқық ғылымы саласындағы отандық ғалымдардың қосқан қомақты ғылыми

еңбектерін айта отырып, бүгінгі күнге дейін нарықтың қалыптасуы мен даму шартындағы сондай-ақ, еліміздің ДСҰ мен ЕАЭО кіру жағдайындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық мәселесіне арналған кешенді жұмыстың жоқ екендігін айтып өту қажет. Заманауи аграрлы-құқықтық ғалымының көптеген тұжырымдамалық мәселелері жеткілікті дәрежеде негізделмеген және тәжірибелік шешімін таппаған. Осыған байланысты теориялық тұрғыдан және тәжірибелік қолдану қажеттілігі негізінен осы зерттеу жүргізудің өзектілігі күмән тудырмайды.

Қолданылған деректер тізімі

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2017 жылғы 31 қаңтар "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" // www.akorda.kz, 2017

2. Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы // www.akorda.kz, 2017

3. Захаренко В.А., академик Российской академии сельскохозяйственных наук, доктор сельскохозяйственных наук, профессор Обеспечение фитосанитарной безопасности страны в рамках Таможенного союза в условиях вступления в ВТО // Аналитический вестник совет Федерации Федерального собрания Российской Федерации 8(451). - 63-80 сс

4. Liquido, N.J., K.W. Vick, and R.L. Griffin. 1996. Quarantine Security for Commodities. In: Plant Quarantine Statistics, a Review. (P.W.Bartlett, G.R.Chaplin, and R.J. van Velsen Ed.). Horticultural Research and Development Oct.

5. 2015 жылдардағы өсімдіктерді қорғау бойынша мәліметтер // mgov.kz/ru/

Куаналиева Г.А.

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, юридический факультет
д.ю.н., профессор кафедры таможенного, финансового и экологического права

Рашева Г.К.

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,
Докторант 1-курса юридического факультета, e-mail: gulnur1989@mail.ru

ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ВНЕДРЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Резюме. Развитие казахстанского общества требуют функционирования сильной системы государственного управления. В решении этих вопросов возрастает роль государственного финансового контроля как неотъемлемой части государственного управления. Однако действующая в стране система государственного финансового контроля является «однобокой» и нацелена лишь на выявление случаев неэффективного использования бюджетных средств и финансовых нарушений. Поэтому внедрение такого института, как государственный аудит даст оценку существующей системе управления и определит направления по ее дальнейшему эффективному развитию.

Ключевые слова: государственный аудит, финансовый контроль, Лимская декларация, государственное управление, правовое регулирование.

Түйін. Қазақстандық қоғамның дамуы мықты мемлекеттік басқару жүйесін құруды талап етеді. Бұл мәселенің шешілуінде мемлекеттік қаржылық бақылау мемлекеттік басқарудың біртұтас бөлігі ретінде рөлі артуда. Еліміздегі әрекет етуші мемлекеттік қаржылық бақылау «біржақты» және бюджет құралдарын тиімсіз пайдалану мен қаржылық құқықбұзушылықтардың артуына септігін тигізіп отыр. Сондықтан да, мемлекеттік аудит институтын енгізу, сәйкес басқару жүйесіне баға беріп және де оның ары қарай даму бағытын анықтайды.

Түйінді сөздер: мемлекеттік аудит, қаржылық бақылау, Лим декларациясы, мемлекеттік басқару, құқықтық реттеу.

Summary. The development of Kazakhstan society requires the functioning of a strong system of public administration. In addressing these issues, the role of state financial control as an integral part of public administration increases. However, the system of state financial control in the country is "one-sided" and is aimed only at identifying cases of inefficient use of budgetary funds and financial irregularities. Therefore, the introduction of such an institution as a state audit will assess the existing management system and determine the direction for its further effective development.

Key words: state audit, financial control, Lima Declaration, public administration, legal regulation.

Актуальной проблемой на сегодняшний день является реформирования действующей системы государственного финансового контроля и концептуальных подходов к внедрению государственного аудита.

Эффективность управления государственными средствами является залогом стабильности экономики, обеспечения необходимых темпов экономического роста и уровня общественного благосостояния, а также соблюдения интересов национальной безопасности государства. Все это, безусловно, является объективной основой для перехода отечественного государственного сектора экономики на систему бюджетирования, ориентированного на результат, осуществить который невозможно без адекватных изменений в системе государственного контроля, а именно внедрения государственного аудита, позволяющего всесторонне оценивать результативность управления государственными средствами. Результативность управления государственными средствами и адекватная система контроля во многом будут определять тот эффект, и то качество экономического роста [1, с.6].

В условиях мирового кризиса необходимы пересмотр всей системы государственных доходов и расходов, расширение доходной части бюджета, повышение прозрачности налоговой сферы, оптимизация расходов, исключение неэффективного использования бюджетных средств. Особая роль отводится органам государственного финансового контроля, призванным обеспечивать финансовую дисциплину бюджетополучателей.

В Послании Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», указана: «Нам нужно создать комплексную систему государственного аудита на основе самого передового мирового опыта» [2].

При обороте генетически модифицированных объектов должны соблюдаться требования, установленные законодательством Республики Казахстан в области безопасности пищевых продуктов и Экологическим кодексом Республики Казахстан. Ввоз (импорт) и реализация на территории Республики Казахстан ГМО разрешаются только после их государственной регистрации, за исключением случаев ввоза (импорта) образцов, необходимых для проведения регистрационных испытаний. Документ о государственной регистрации ГМО, выдаваемый в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, при ввозе (импорте) предъявляется должностным лицам, осуществляющим государственный санитарно-эпидемиологический

надзор в пунктах пропуска через Государственную границу Республики Казахстан. Способы расфасовки и упаковки, а также упаковочные материалы, используемые при обороте ГМО должны обеспечивать их безопасность, в соответствии с требованиями, установленными законодательством Республики Казахстан о безопасности пищевой продукции.

Транспортные средства, используемые при обороте ГМО, должны иметь санитарный паспорт, оформленный в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. На документах, памятках (листах-вкладышах), этикетках, контрэтикетках, кольеретках, ярлыках, наклейках (стикерах), кроме информации, определенной законодательством Республики Казахстан о безопасности пищевой продукции, на государственном и русском языках указываются сведения о наличии и количестве ГМО в пищевом продукте. Реализация ГМО осуществляется через объекты внутренней торговли, соответствующие требованиям, установленным законодательством Республики Казахстан о безопасности пищевой продукции [5]. На двадцать седьмом пленарном заседании Межпарламентской Ассамблеи государств – участников СНГ постановлением № 27-9 от 16 ноября 2006 года принят модельный Закон «О безопасности деятельности, связанной с генетически модифицированными организмами», который регламентирует виды деятельности, связанные с получением, испытанием, производством, использованием и реализацией организмов, генетически модифицированных с применением методов современной биотехнологии».

Перспективность генно-инженерной деятельности, гуманное стремление с ее помощью преобразить национальную продовольственную политику, накормить голодное население стран «третьего мира», улучшить физическое и репродуктивное здоровье человека с целью увеличения его долголетия не

всегда дают возможность задуматься о негативных последствиях ее применения для будущих поколений, моральном и физическом здоровье населения, гармоничном развитии окружающей среды с ее биологическим разнообразием.

Список литературы

1. Экологический кодекс от 09.01.2007 года
2. Закон «О семеноводстве» от 08.02.2003 года.
3. Закон «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий» от 08.07.2005 года
4. Закон Республики Казахстан от 17 июня 2008 года N 43-IV «О ратифицировании Картахенский протокол по биобезопасности к Конвенции о биологическом разнообразии, подписанный в Монреале 29 января 2000 года»
5. Лякишева Ю.А. Некоторые аспекты технического регулирования в области генно-инженерной деятельности // Актуальные проблемы российского права. - 2008. - № 3(8). - С. 206 - 212.
6. Лякишева Ю.А. Проблемы лицензирования отдельных видов генно-инженерной деятельности // Актуальные проблемы российского права. - 2007. - №2(5). - С. 81 - 87.
7. Elikbai M.A., AkshataevaZh.B., Sarkulov K.R., Aigarinova G. T «Legal regulation of GMO introduction: problems and ways of their solution», №CE56A4AF25CBD4FA. В феврале 2015 года избранные труды конференции заявлены для включения в базу «Scopus».
8. Акишатаева Ж.Б. «Некоторые проблемы правового регулирования страхования сельскохозяйственной деятельности в Республике Казахстан». Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары №3 2015 Серия общественных и гуманитарных наук

Ахатов У.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессор м.а.,
заң ғылымдарының кандидаты, Ualikhan.Akhatov@kaznu.kz

Қуандықов Б.Ж.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті м.а.,
заң ғылымдарының кандидаты

ТҮРКІСТАН АКСР-І: МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Түйін. Мақалада 1918-1924 жж. аралығындағы Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының қалыптасуы мен оның мемлекеттік басқаруы мен құқықтық жүйесінің ерекшеліктері қарастырылады. 1917 жылғы қазан революциясының нәтижесінде Түркістан өлкесінде өз билігін орнатқан Кеңестер үкіметі өлкеде басқару, құқықтық жүйе мен қоғамдық қатынастарды кеңестік идеологияға сәйкес күрделі өзгертті. Республиканың мемлекеттік басқару жүйесі мен құқықтық жүйесі Кеңестік басқаруға негізделді.

Резюме. В статье рассматриваются становление в 1918-1924 гг. Туркестанской Автономной Советской Социалистической Республики и его государственное управление и особенности правовой системы. В результате Октябрьской революции 1917 года в Туркестанском крае, Советская власть значительно поменяла управленческую, правовую системы и общественные отношения в соответствии с советской идеологией. Государственная система управления и правовая система Республики основывалась на Советском управлении.

Summary. Formation in 1918-1924 of Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic and its state administration and features of legal system are considered in the article. Established, as a result of the October revolution of 1917 in the Turkestan region, the Soviet government considerably changed administrative, legal systems and the public relations according to the Soviet ideology. The state control system and legal system of the Republic was based on Soviet management.

Еліміз тәуелсіздік жолында қаншама тарих толқынынан өтті. Түрлі зобаландар мен тарихи жеңістерге жетіп отырды. Осындай сындарлы кезеңдердің бірі – XX ғасырдың бас кезіндегі саяси және экономикалық-әлеуметтік өзгерістерді айтуға болады. Бұл кезеңде Патшалық Ресейдің империялық саясатының сыр беріп, ұлттар мен ұлыстардың жаңғыруы басталды. Бұл үрдіс бірнеше ұлттар мен ұлыстардан тұратын Түркістан өлкесінде ерекше байқала бастады. Сол кездегі Түркістан өлкесіне қазіргі таңдағы бірнеше тәуелсіз мемлекеттер, оның ішінде Қазақстанның оңтүстік және батыс облыстары, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан республикалары кіргенін ескерсек, аталған бағыттағы зерттеулер мен ізденістердің өзектілігі сөзсіз екенін байқаймыз.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев өткен тарихымыздың қазіргі таңда мемлекеттілігімізді сақтап қалуда және рухани жаңғырудағы рөлі ерекше екенін ескеріп түрлі бағдарламалар қабылдап, оны іс жүзіне асырып отырғанын бағалауымыз қажет.

XX ғасырдың бас кезіндегі әлемдік саяси жағдайдың өзгеруі мен Ресей империясындағы экономикалық және әлеуметтік тоқырау 1917 жылы орын алған қос революцияның орын алуына алып келеді. Ресей патшалығының өз қарамағындағы ұлттар мен ұлыстарға қатысты жүргізген саясатынан шаршаған халық сол кездегі жаңа бағытты қолдап, 1917 жылғы қазан революциясының нәтижесі – Кеңестер билігін қолдайды. Кеңес үкіметі бұрынғы Ресей патшалығының аумағындағы ұлттар мен ұлыстарға өз басқару жүйесі мен әлеуметтік-экономикалық саясатын жүргізе бастайды.

1918 жылғы 30 сәуірде бұрынғы Түркістан өлкесінің аумағында кеңестік жүйеге негіздел-

ген Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылады. Түркістан Республикасы туралы ереже сол күні, яғни 1918 жылдың 30 сәуірде жарияланады, ал 1 мамыр күні V-ші Түркістан Кеңестерінің Съезді Ресей Кеңестік Социалистік Федерациясының құрамында Сыр-Дария, Жетісу, Ферғана, Самарқанд және Каспий облыстарының аумағында Түркістан Автономиялық Республикасын ресми түрде жариялайды.

Түркістан АКСР-нің қалыптасуы мен оның әрі қарай дамуында Республиканың жоғары өкілді органы – Түркістан Кеңестері Съездінің ролі жоғары болды.

«В состав Туркескеспублики входил весь Туркестан в его географических границах за исключением Хивы и Бухары. Высшим законодательным органом республики объявлялся съезд советов рабочих, солдатских, крестьянских и мусульмано-декханских депутатов, высшим постоянным законодательным органом – Центральный Исполнительный Комитет; исполнительные функции и управление краем сосредотачивались в Совете Народных Комиссаров. Властью на местах являлись советы и их исполнительные комитеты. Учитывая многонациональный состав населения Туркестана, V краевой съезд советов образовал в составе правительства Комиссариат по национальным делам, вслед за этим были созданы его отделы на местах, которым вменялась организаторская и политическая работа среди отдельных национальностей и отстаивание их интересов в органах власти.» [1].

Кеңес үкіметі Түркістанда өз билігін ресми түрде рәсімдеу үшін негізгі заң – өз Конституциясының қажеттілігін түсініп, 1918 жылы 15 қазанда VI-шы Түркістан Кеңестерінің Съездінде қабылданған Түркістан Республикасының Конституциясын қабылдады.

Түркістан АКСР-інің қалыптасуы мен оның одан әрі қарай дамуында Республиканың жоғары өкілді органы – Түркістан Кеңестерінің Съездінің ролі жоғары болды.

Түркістан Кеңестерінің Съезді өзінің құқықтық негізін бастапқыда жоғарыда аталған Ресей Социалистік Федеративтік Республикасының 1918 жылғы Конституциясын негізге алса, ал 1918 жылы 15 қазанда VI-шы Түркістан Кеңестерінің Съездінде қабылданған Түркістан Республикасының Конституциясын негізге алады. Аталған Конститу-

цияда Түркістан Кеңестері Съездінің қызметі нақты анықталмаған, тек жалпы сипатта көрсетілген. Конституцияның 5-ші бабына сәйкес Түркістан Кеңестері Съездінің қарауына келесідей өкілеттіктер берілген: «Вся власть в Туркестанской Республике в пределах, установленных настоящей Конституцией, принадлежит:

а) в пределах городов, деревень, сел, станиц, местечек, аулов, кишлаков – Советам Рабочих, Солдатских, Крестьянских (декханских, казачьих) депутатов этих мест, а где возможно – общему собранию избирателей непосредственно;

б) в пределах волости – волостному Съезду Советов;

в) в пределах уезда – уездному Съезду Советов;

г) в пределах области-округа – областному Съезду Советов;

д) на пространстве Туркестанской Республики – Туркестанскому Съезду означенных Советов». [2].

Түркістан Кеңестерінің Съезді Республика аумағында жоғары билікке ие болды және Конституцияға сәйкес Түркістан АКСР-інің аумағында кез-келген мәселелерді қарастыруға өкілетті болды. «На Всетуркестанских съездах Советов обсуждались и решались важнейшие вопросы: о национально-государственном строительстве в Туркестане, о внутреннем и внешнеполитическом положении республики, о деятельности республиканских и местных органов и т.д.» [3].

Сонымен қатар Түркістан Кеңестерінің Съезді тиісті әкімшілік аумақтарда өздерінің өкілеттіктерінің шегінде Атқарушы Комитеттерді сайлайды. Елді мекендерде (ауылдарда) 5 адамға дейін, қалаларда 7 адамнан 15 адамға дейін (Ташкент қаласы – 40 адамға дейін), облыстарда – 10 дейін, уездерде – 20, облыс-округтерде – 25, және Республикада – 75 адамға дейін сайланды. Түркістан Кеңестерінің Съездімен сайланған Атқарушы Комитет – Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқарушы Комитеті деп аталды. [4].

Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқарушы Комитеті Республика аумағында Түркістан Кеңестерінің Съездінен кейінгі билік тармағын құрады және Конституцияға сәйкес республикада маңызды қоғамдық мәселелерді шешуге өкілетті беделді орган болды.

Ал, 1920 жылғы 24 қыркүйек күні Түркістан Кеңестерінің IX-шы Съездінде қабылданған Түркістан Республикасының Конституциясында Түркістан Кеңестері Съездінің құқықтық жағдайы мен өкілеттіктері нақтыланып белгілі бір жүйеге келеді. Арнайы бөлімде қарастырылады: «Ст. 28. Туркестанский Съезд Советов в пределах настоящей Конституции, является Высшей властью Туркестанской Социалистической Советской Республики.

Ст. 29. Туркестанский Съезд Советов составляется из представителей городских Советов и уездных Съездов (по расчету 1 депутат на 25.000 жителей).

Примечание: В случае, если Областной Съезд Советов непосредственно предшествует Туркестанскому Съезду Советов, то делегаты на последний могут быть посланы Обл. Съездом Советов.

Ст. 30. Туркестанский Съезд Советов созывается Туркестанским Центральным Исполнительным Комитетом не реже 2-х раз в год.

Ст. 31. Чрезвычайный Туркестанский Съезд Советов созывается Туркестанским Исполнительным Комитетом Советов по собственному или требованию Советов местностей, насчитывающих не менее $\frac{1}{2}$ всего населения Туркестанской Республики.

Ст. 32. Туркестанский Съезд Советов набирает Туркестанский Центральный Исполнительный Комитетом Советов в числе не свыше 75 членов.

Ст. 33. В период между общереспубликанскими Съездами Советов Туркестанский Центральный Исполнительный Комитет Советов, в пределах настоящей Конституции, является высшей властью Туркестанской Республики.

Ст. 34. Туркестанский Центральный Исполнительный Комитет Советов всецело ответствен перед Туркестанским Съездом Советов». [5].

Ал, Конституцияның XI-ші бөлімінде Түркістан Кеңестерінің Съезді мен Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқарушы Комитетінің өкілеттіктері тізбектеледі: «Ст. 46. Ведению Туркестанского Съезда Советов и Туркестанского Центрального Исполнительного Комитета Советов подлежат все вопросы общегосударственного значения, как-то:

а) утверждение, дополнение и изменение Конституции Туркестанской Социалистической Советской Республики,

б) законодательство в пределах, устанавливаемых настоящей Конституции,

в) право установления правовых норм и оснований судостроительства и судопроизводства применительно к правосознанию трудящегося населения Республики,

г) установление и изменение границ территорий и пределов компетенции областных и национальных объединений, входящих в состав Туркестанской Социалистической Советской Республики и разрешение споров между ними,

д) установление административного деления территории Туркестанской Социалистической Республики,

е) право установления налогов и повинностей независимо от таковых установленных Федеральной властью,

ж) право помилования и право амнистия общей и частичной в пределах Туркестанской Республики,

з) утверждение росписи доходов и расходов Туркестанской Республики.

Ст. 47. Сверх перечисленных вопросов ведению Съезда Советов и Туркестанского Центрального Исполнительного Комитета Советов подлежат вопросы, которые они, согласно раздела третьяго настоящей Конституции, признают подлежащими разрешению.

Ст. 48. Ведению Туркестанского Съезда Советов подлежит установление, дополнение и изменение основных начал Конституции Р. С. С. Р.

Ст. 49. Разрешение вопросов, указанных в п. а) ст. 46 предоставляется Туркестанскому Центральному Исполнительному Комитету Советов лишь при невозможности созыва Туркестанского Съезда Советов». [6].

Түркістан Кеңестерінің Съезді өзінің қызметін пленарлық және секциялық отырыстар негізінде жүзеге асырды. Секцияларда қоғамдық өмірдің түрлі саласындағы мәселелерді, атап айтқанда, әкімшілік, қаржылық, сот, тамақ өнеркәсібі, әскери және т.б. қарастырып, тиісті шешімдер шығарып отырды.

Түркістан Кеңестерінің Съезді Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқарушы Комитетімен өте тығыз байланыста қызмет жасады. Себебі, Түркістан Кеңестерінің Съезді жылына екі ретке дейін ғана шақырылып отырды, ал қалған кезеңде республикадағы жоғарғы билік Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқарушы Комитетінің қарауында болды.

Пайдаланылган адабиёттер тізімі:

1. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости // Коллектив авт.: Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. / – Т.: Шарк, 2000. – С. 115-116.

2. Конституция Туркестанской Республики Российской Социалистической Советской Федерации, принятая VI-м Туркестанским Съездом Советов от 15 октября 1918 года. – Ташкент, 1918. – С. 7.

3. Уразаев Ш.У. Туркестанская АССР – первое социалистическое государства в Сред-

ней Азии. – М.: Юридическая Литература, 1961. – С. 121.

4. Конституция Туркестанской Республики Российской Социалистической Советской Федерации, принятая VI-м Туркестанским Съездом Советов от 15 октября 1918 года. – Ташкент, 1918. – С. 8.

5. Конституция Туркестанской Республики Российской Социалистической Советской Федерации, принятая IX-м Туркестанским Съездом Советов от 24 сентября 1920 года. – Ташкент, 1920. – С. 6.

6. Бўл да сонда. – С. 9.

Баимбетов Н.С

к.ю.н., доцент кафедры таможенного, финансового и экологического права
Казахского Национального университета имени Аль-Фараби, г. Алматы,
e-mail: baimbetovn@mail.ru

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО В ОБЛАСТИ НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Резюме. В данной статье рассматриваются возможные пути решения актуальной на данном этапе роста добычи углеводородов в Республике Казахстан, проблемы негативных воздействий на окружающую природную среду в области недропользования и допустимые методы решений сданной проблемы с перспективой их дальнейшего изучения. Также затронуты аспекты государственного регулирования в сфере охраны окружающей среды и охраны недр в современных условиях.

Түйін. Бұл мақалада автор жер қойнауын пайдалану барысында болатын қоршаған табиғи ортаға жағымсыз әсерлердің және экологиялық қауіп - қатер мәселесін шешудің ықтимал жолдарын құқықтық ғылым жағынан терең зерттеулер жүргізу қажеттілігін қарастырады. Сондай-ақ мақалада қазіргі кезең барысында жүзеге асырылып жатқан жер қойнауын пайдалану саласындағы және жер қойнауын қорғау саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселесінің мемлекеттік реттеу аспектілерін зерттейді.

Summary. In this article, the author writes about the possible ways of decision of on this stage issue of the day of the negative affecting are examined natural environment in area of use the bowels of earth and possible methods of decisions of the handed over problem with the prospect of their further study.

Экологическое право, как производное системы права является главным инструментом правового регулирования в решении проблем сектора недропользования, так как вероятность причинения вреда здоровью человека и окружающей среде в результате деятельности субъектов в области недропользования весьма велика, и обуславливает определенные неблагоприятные изменения состояния окружающей среды.[1]

На сегодняшний день в целях обеспечения устойчивого развития нормативное регули-

рование основных вопросов в законодательстве должно быть направлено на охрану, восстановление и рациональное использование недр, актуальная во все времена проблема антропогенного воздействия на недра, одна из глобальных проблем человечества, в связи с этим решение данной проблемы находится в прямой зависимости с экологической благополучием страны.

Роль государства в обеспечении баланса экономической, социальной и экологической составляющих является весьма актуальной в области недропользования. На данном этапе законодательная регламентация обязанностей субъектов правовых отношений в сфере недропользования базируется на разграничении отрасли права по специфическим признакам и методу правового регулирования.

Как показывает практика Государство в лице государственных органов, наделенных определенными полномочиями и функционирующими на различных уровнях должно обеспечить безопасность, и недопущение неблагоприятных событий. Действующие на сегодняшний день совокупность норм регулирующих организационные, экологические меры по стабилизации экологического состояния при разработке недр представлены в ряде нормативных актах. Анализ законодательства в области экологии и недропользования, определяя государство, единственным собственником, накладывает на государство обязанности в обеспечении гарантии охраны и оптимального использования природных ресурсов, следовательно правонарушения в отношении природных ресурсов и недр можно поделить как, правонарушение в отношении объекта окружающей среды, правонарушение в отношении объекта недропользования и правонарушение в отношении объекта права собственности.

Совершенствование законодательства и изменения некоторых норм тесно связаны с вредными техногенными воздействиями на

окружающую среду, и их последствиями, также такие факторы как аварии вследствие морального износа оборудования или неустойчивость применяемых технологий требует более тщательного изучения необходимых для устранения несоответствий и противоречий в действующем законодательстве в области недропользования.

Реализация принципа рационального использования и воспроизводства природных ресурсов является основополагающим фактором в развитии социально-экономической составляющей государства.

В контексте развития экологических правоотношений особое внимание необходимо уделить разработке механизма предусматривающего правовое регулирование в области частной собственности на природные ресурсы и недр.

В этой связи основной целью государственного регулирования в области экологических правоотношений является – обеспечение выполнения нормативно-правовых принципов в области Экологического права:

- Рациональное и комплексное использование природных ресурсов и недр;
- Предотвращение необратимых техногенных процессов;
- Безопасная утилизация отходов.

Соблюдение данных принципов обеспечит нам установить комплекс мер правового регулирования деятельности в области недропользования, направленных на обеспечение охраны, защиты природных ресурсов и экологическую безопасность. Изучение мирового опыта в области безопасного недропользования, а также проведение и анализ научных изысканий, дает предпосылку на создание наиболее эффективной системы правового регулирования в области недропользования.

Расширение экологической направленности отрасли недропользования, обуславливает внедрение новых технологий обеспечивающих минимальный размер вреда наносимого окружающей природной среде. Технологическая модернизация еще один вектор в сфере недропользования, который является ключевым в решении экологических проблем. Косвенно решить проблему за счет платежей за загрязнение окружающей среды предлагают некоторые эксперты, однако учитывая преобладание у участников отношений по недропользованию экономических интересов над

экологическими требованиями, экологические платежи не могут быть выступать гарантом и играют лишь стимулирующую, компенсационную, контрольную роль.

Изучение международного опыта и исследование существующих на сегодняшний день экологических проблем в стране приводят к следующим выводам:

1. разработать методы, исключаящие и минимизирующие негативное воздействие на состояние и воспроизводство природных ресурсов;
2. внедрить инновационные технологии, направленные не только на безопасное но и на безотходное использование недр, что требует расширение использования и переработку вторичного сырья
3. разработать новые формы страхования в сфере недропользования;
4. прививать экологическое мышление и эколого – правовую культуру в разрабатываемом регионе.

Возможно ли решение экологических проблем без изменений законодательной базы, если на данном этапе разработка и реализация программы: по охране, защите и воспроизводству природных ресурсов, в большинстве реализуются с учетом экономических интересов недропользователей, и введение соответствующих корректировок в законодательство законодательно закрепляет за недропользователем обязанность по снижению и ликвидации негативных воздействий на окружающую природную среду в процессе своей деятельности.

Мониторинг субъектов в ходе реализации ГПИИР, представляет нам следующее: Горнодобывающий сектор обеспечивает более 2,9 % занятости и 18 % валовой добавленной стоимости (далее - ВДС) в экономике. Инвестиции в основной капитал в добывающей промышленности сегодня составляют более 30 % от общего объема, а в обрабатывающей промышленности всего 12 %. Несмотря на значительный масштаб предпринятых в последние годы мер по поддержке инновационной активности ключевыми проблемами по-прежнему остаются:

- 1) недостаточное стимулирование трансферта передовых технологий;
- 2) неэффективность механизмов для решения и поиска приоритетных технологических задач предприятий и бизнеса;

3) низкий уровень восприимчивости бизнеса к инновациям технологического характера;

4) нехватка технологических и управленческих компетенций;

5) неразвитость инновационных технологий в системе образования;

6) несовершенство системы контроля за реализацией инновационных проектов.[2]

В контексте анализа сильных, слабых сторон, возможностей и угроз в сфере промышленного развития (SWOT-анализ): низкая ресурсоэффективность и высокая энергоемкость промышленности; неразвитая система технического регулирования.

Исходя из вышесказанного необходимо отметить, что в современной Казахской отрасли недропользования существует потребность в создании новой модели развития правоотношений для обеспечения благоприятной экологической обстановки и формирования конкурентоспособной, перспективной среды для осуществления социально-экономического развития. Необходимо учитывать, что Государственная Программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан, должна реализовываться параллельно с решением экологических проблем и созданием эколого-правовых институтов направленных на эффективное правовое регулирование отношений в области инноваций и реформ в сфере недропользования.

Литература

1. *Экологический кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 2016 г.)*

2. *Государственная Программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы*

3. *Национальный план действий по охране окружающей среды для устойчивого развития Республики Казахстан.* – Астана: МПРО-ОС, 1999.- 128.

4. *Эколого-технологические проблемы добычи, обогащения и использования угля* Б.С. Панов, Э.В. Янковская, Ю.Б. Панов, В.И. Федоров.

5. *Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2011 года № 1741- О внесении изменения в постановление Правительства Республики Казахстан от 8 февраля 2011 года № 98 "О Стратегическом плане Министерства охраны окружающей среды Республики Казахстан на 2011 - 2015 годы"*

6. *Закон Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями на 2016 г.)*

Орынтаев Жамбыл Қылуәтұлы

Заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университет, Шымкент қаласы

Есенбекова Фатима Тәңірбергеновна,

Құқықтану магистрі, аға оқытушы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті

Аталыкова Гүлжазира Шурахановна

Құқықтану магистрі, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университет, Шымкент қаласы, ratima_@mail.ru

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕ ТЕРІС ФАКТІЛЕРДІ ДӘЛЕЛДЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: Бұл мақалада азаматтық процестің теориясы мен практикасында дәлелдеуге жататын фактілердің барлығын атап көрсеткен. Соттағы дәлелдеудің теориясы негізінен оң фактілерді анықтау болып табылады. Шын мәнінде болмаған мән-жайларды анықтау. Бұл соттық тәжірибеде негативті салдар туғызады - соттар көбіне теріс фактілердің дәлелденбегенін байқамауды ұйғарады.

Резюме: В данной статье указаны все факты доказывания теории и практики гражданского процесса. Теория доказывания в суде в основном является определением положительных фактов. А это в свою очередь порождает негативные последствия в судебной практике – суды во многом, предпочитают не обращать внимания доказываний отрицательных фактов.

Summary. This article states all the facts proving the theory and practice of civil procedure. The theory of proof in court is basically the definition of positive findings. And this in turn leads to negative consequences in the jurisprudence – the courts largely prefer to ignore to prove negative facts.

Азаматтық істер бойынша сот әділдігі өзіне келіп түскен талап арыздардың заңды әрі негізді шешілуіне маңызы бар барлық мән-жайларды анықтауды қосады. Азаматтық процестің теориясы мен практикасында дәлелдеуге жататын фактілердің барлығын оларды кім көрсеткеніне (талапкер, жаупкер, прокурор т.б.), сонымен қатар, тікелей немесе жанама дәлелдемелер қабылдаумен ненің дәлелденіп жатқанын, немесе сот өзі, болмаса сарапшылар мен мамандардың көмегімен

нені анықтауға қауқарлы екеніне байланысты классификациялау қалыптасқан.

Шын мәніндегі мәселеге қатысты дәлелденетін фактілер оң және теріс болып бөлінеді.

Біріншісі, қандай да бір фактілік мән-жайдың барлығын, белгілі бір адаммен белгілі бір әрекеттердің жасалуынан көрініс табады. Бұл сотпен зерттелетін құқық қатынастарда болған немесе әлі де бар нәрсе. Мысалы, шарт жасасу, залал келтіру, құқықбұзушылықты анықтау, абайсызда болған жағдай, мұраны табу т.б. Азаматтық істердің көбінде соттық дәлелдеу, ең алдымен, оң фактілерді анықтауға бағытталған.

«Теріс фактілер- бұл белгілі бір дүниенің жоқтығы, қандай да бір актілердің жасалмауы, мән-жайлардың орындалмауы»-дейді Л.В. Туманова [1]. Олар шынайы өмірде болмаған немесе жоқ дүниелерді көрсетеді, мысалы, тауар бағасының төленбеуі, оның жеткізілмеуі, міндеттерді уақытылы орындамау, мүлікті жалға беру туралы сатушыны хабардар етпеу, сот отырысына келмеу т.б.

Теріс фактілерге азаматтық, отбасы, тұрғын үй және азаматтық процестік т.б. кодекстің көптеген нормалары арналған. Тұлғаның міндеттерін орындамауы, оны жауапкершілікке тартуға негіз бола алады; істің соттың қарауына жатпайтындығы немесе талапкердің әрекет қабілеттілігінің болмауы, соттың арызды қабылдаудан бас тартуына әкеліп соғады. Теріс фактілер-дегеніміз көбіне әрекетсіздік. Олар қалыпты құқыққатынасының дамуына аз кедергі келтірмейді. Логикаға сүйенсек, бәсекеге толы сот өндірісінде оң фактілер қанша болса, терісі де сонша болу керек. Дауда пікірлер міндетті түрде қарсы пікірмен ауысып отыратыны секілді. Алғашқылары оң мән-жай-

ды, соңғысы теріс мән-жайды негізге алады. Теріс мән-жайлар туралы мәлімет тараптардың, куәлардың, үшінші тұлғалардың түсініктемелерінде, сарапшылар қорытындысында көрініс табады, және осы фактілерде ерекше өндіріс категориясындағы көптеген істерде шешуші маңызы болуы мүмкін. Соттың азаматты хабар-ошарсыз кетті деп немесе қайтыс болды деп тануы, оның ұзақ уақыт бойы хабарсыз болуы фактісіне негізделеді. Мұндай істерде азаматтың тұрақты мекен жайы бойынша орнықтауы, оның өлім презумпциясына негіз болады.

Азаматты әрекет қабілетсіз деп тану туралы өтініш, тұлғаның өз әрекеттерінің мәнін түсінбейтінін немесе оны игере алмайтынына куәлік ететін теріс фактілердің бар екендігін дәлелдейтін болса, қанағаттандырылады. Мүлік иесінің болмауы және оны анықтаудың мүмкін болмауы, соттың мүлікті иесіз деп тануына негіз болады. Теріс фактілер болып, наториалдық әрекеттерді жасаудан бас тарту, сонымен қатар, өндірістегі істің талапкеріне бағалы құжаттардың жоғалуы табылады.

Талап бойынша істе теріс фактілер аналогтік мағына алады. Әр түрлі категориядағы талаптың қалай шешілуі, жауапкердің міндеттерін орындамауы негізіндегі теріс фактілерді анықтауға тікелей байланысты. Көптеген дәлелдеу презумпциялары теріс фактілерді дәлелдеумен жоққа шығарылады. Осылай, өз міндеттерін орындамаған борышкердің кінәлілік презумпциясы, мүдделі тұлғаның кінәнің болғанын дәлелдеуімен даулануы мүмкін. Бұл әдіспен әкелік презумпциясы әрекеті тоқтатылады (баланың анасының күйеуі, оның әкесі болып саналады (ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексі 48-бабы).

Ұзақ уақыт бойы, теріс фактілер дәлелдеуге жатпайды деген пікір болған. Алғаш рет оларды дәлелдеу мүмкіндігін негіздеген француз заңгері Бонье. Оның айтуы бойынша, теріс фактілерді дәлелдеу мүмкінсіздігі оның теріс сипатына емес, тараптардың оны анықталмаған факт ретінде көрсететіндігінен. Егер тарап теріс фактіні анығырақ жеткізсе, оны дәлелдеу қиындық туғызбайды. Азаматтық істе бәсекелестік бастамасының күшеюі, сот өндірісіндегі сот пен тараптардың функционалдық ролінің өзгеруі, дәлелдеу процесіндегі теріс фактілердің орны мен ролі туралы сұрақты қайта өзектендіреді.

Соттағы бәсекелестіктің тиімділігінің ай-

нымас шарты, заңмен қорғалатын мүдделері мен субъективті құқықтарын қорғауға теңдей мүмкіндік беруді қорытатын, тараптардың процестік теңдігі. Ол тараптардың құқықтық мүмкіндіктерінің толық координациясын болжайды. Бәсекелестік қағидасын өмірге әкелу салдары тек процестік тең құқықтылықты орнату шартымен ғана мүмкін болады.

Бәсекелестік қағидасының процестік теңдікте көрініс табуының бір белгісі ретінде дәлелдеу бойынша міндеттерді бөліп жіктеуді келтіруге болады. ҚР АПК-ң 72-бабында көрсетілгендей әр тарап өзінің талабы мен қарсылығын негіздейтін мән-жайларды дәлелдеуі керек. Демек, фактіні ұсыну секілді оған қарсылық білдіру де дәлелдеуге жатады. Алайда, тәжірибені анализдеу өзгеше көрсетеді. Азаматтық сот өндірісінде қаралатын істердің тек 20% теріс фактілерге сілтеме көрсетеді [2]. Бұл жағдай біріншіден, тараптардың бәсекелестік бастаманы толық жүзеге асырмауымен, екіншіден, теріс фактілерді дәлелдеудің қиындығымен, үшіншіден, көбіне олардың анықталмаған сипатымен түсіндіріледі.

Соттағы дәлелдеудің теориясы негізінен оң фактілерді анықтауға бағытталады. Шын мәнінде болмаған мән-жайларды анықтау туралы ұсыныстар жоқтың қасы. Бұл соттық тәжірибеде негативті салдар туғызады- соттар көбіне теріс фактілердің дәлелденбегенін байқамауды ұйғарады. Мысалы, осы уақытқа дейін, олар некеде тұрған ата-аналардың кәмілетке толмаған балаларын асырау үшін алимент өндіру туралы көптеген талаптарды қарап, шешкен. Бұл істер бойынша олардың некеде болғанын дәлелдеу қиын емес, баланың туылғандығы және талапкердің асырауында екендігі туралы факт. Жауапкердің (көп жағдайда әкенің) баланы асырайтыны туралы факт ешқандай дәлелмен расталмаған. Әдетте талапкер, жауапкердің отбасынан кеткенін немесе материалдық көмек көрсетпейтінін т.б. хабарлайды. Сот мұндай мәліметті дәлелсіз қабылдаған.

Заң әдебиеттерінде мұндай соттық практика ата-анамен баланы асырамау туралы теріс фактіні дәлелдеу міндеті баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды айтарлықтай қиындататынымен, кей жағдайда тиімділігін жоғалтатынымен түсіндіріледі. Қазіргі уақытта, сырттай шешім шығаруда және сот бұйрығын беруде, жауапкер немесе талапкердің соттың хабарлауын алмағандығы туралы фактіні

анықтау сұрағы өзекті болып тұр (ҚР АПК-ң 129,256 баптары). Бәрімізге белгілі, азаматтық сот өндірісінің жұмысын жеңілдету мен жылдамдату үшін сот бұйрығы мен сырттай шешім институттары құрылған. Екі жағдайда да мүдделі тұлға істің қаралу уақыты мен орны туралы соттың хабарлауын алмағандығы туралы және себепті жағдайлармен кредитордың талабына уақытылы қарсылық білдіре алмағандығы туралы теріс фактіге сілтеме көрсете алады. Мұндай мән-жайды анықтағанда сот өзінің қаулысының күшін жоюға міндетті. Сот практикасында аталған институттар азаматтар мен ұйымдардың бұзылған немесе дауланатын құқықтарын қорғауды жылдамдатуға ғана қоймай, созып жібереді. Жауапкер шақыртуларға қарамастан сотқа келмейді де, сот бұйрығының немесе сырттай шығарылған шешімнің көшірмесін алған бойда, соттың шақыртуын алмағандығы және сол себепті талапқа қарсы қорғануға мүмкіндігі болмағандығын көрсетіп арыз береді. Олардың ешқандай дәлелдеме көрсетпегендігіне қарамастан соттар сөзсіз сырттай шешімнің немесе сот бұйрығының күшін жояды. Мәселенің өзектілігі мұндай жолмен азаматтық істердің көп бөлігі шешілетінімен анықталады (кей деректермен талап арыздардың тең жартысы). Талапкердің теріс фактіні дәлелдеуінсіз соттың қаулысын бұзуы заңсыз болып табылады. ҚР АПК-ң 72-бабына сәйкес өзі көрсетіп отырған фактіні тиісті түрде дәлелдеуі керек. Теріс фактілер үшін заң ешқандай өзгешеліктер көрсетпейді. Осылайша, теріс фактілерді дәлелдеу соттың емес, сырттай шешім немесе сот бұйрығының күшін жою туралы арыз берген мүдделі тұлғаның міндеті. Бұдан бөлік, тарап талапқа қарсы келіспеушілігіне дәлелдеме ұсынуға міндетті. Егер мүдделі тұлға өзінің іске келмеуінің дәлелді себептерін көрсете алмаса және шығарылған сырттай шешімнің (сот бұйрығының) мазмұнына әсер ететін мән-жайларды негіздей алмаса, шешім өзгеріссіз қалып, арыз қанағаттадырылмайды.

Теріс фактілерді дәлелдеудің ерекшеліктері неде? Ең алдымен мән-жайдың салалық тиесілілігі маңызды. Азаматтық процестік сипаттағы мұндай фактілер сотпен іс материалдары бойынша елеулі қиындықсыз ашылады (ең алдымен сот отырысы хаттамасымен).

Апелляция мен кассация сатыларының соттары қаралған азаматтық істің материал-

дарын зерттеп нақты іс бойынша асқан қиындықсыз сот өндірісімен байланысты іске қатысушы тұлғаның іске шақыртылмауы, тұрған жерде қарауды жүргізбеу, қандай да бір заттай немесе жазбаша дәлелдемені сұратпау және т.б. теріс фактілерді анықтайды. Сарапшы іс үшін маңызы бар теріс мән-жайларды анықтай алады, және оның қорытындысының дәлелдемелік мәні болады.

Материалдық-құқықтық сипаттағы теріс фактілердің көпшілігі олармен байланысқан оң фактілерді ашумен анықталады.

Мұндай жағдайларда, жанама дәлелдемелер көмегімен дәлелдеу сияқты, талап фактісінің болуы сәйкес оң фактілердің болуымен расталады.

Мысалы, азаматтың білгілі бір уақытта белгілі бір жерде болмауы (алиби) оның сол уақытта басқа жерде болуымен дәлелденеді. Сатылған тауардың талапқа сай еместігі, оның дұрыс тауармен айырбасталып сатылған тауардың кемшіліктерін анықтауға кеткен шығындар негізінде сатып алу бағасын сәйкес кеміту фактісімен анықталады.

Мысалдар санын көбейте беруге болады, бірақ барлық жағдайда соттың теріс логикалық жолмен өзге анықталған фактілерден алынған фактілерді білуі ой қорытындыларын жасауда шешуші болады. Теріс фактілердің бар жоқтығы туралы тұжырым негіздері соттың шешімі немесе ұйғарымында көрсетілуі керек.

Әдебиеттер

1. Туманова Л.В. *Гражданское процессуальное право* / Л.В. Туманова. - М., 2009. - 446 с.
2. Стольникова М.В. *Практика подготовки и ведения гражданских дел* / М.В. Стольникова. - М., 2009. - 530 с.
3. Баймолдина З.Х. *Гражданское процессуальное право Республики Казахстан\ научно-практическое пособие* З.Х. Баймолдина. - Алматы: Жеті жарғы 2001.-96с.-ISBN 5-7667-5121-4
4. Абдулина З.К. *Производство гражданских дел в суде первой инстанции. Учебное пособие*. Алматы: Казак университеті, 1998.
5. Коршунов Н.М., Мареев Ю.Л. *Гражданский процесс: учебное пособие* / Н.М. Коршунов, Ю.Л. Мареев. - М.: МПСИ, 2011. 568 с.

Ускеленова Әсел Талапқызы

экономика ғылымдарының докторы,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қ., assol_74_leo@mail.ru

Шадиев Қайратбек Хамзаханұлы

экономика ғылымдарының кандидаты,

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., shadiev@mail.ru

УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН БАСҚАРУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Резюме. Данная статья посвящена осмыслению вопросов перехода к новому этапу формирования общества – построению экономики, основой которой является генерация, распространение и использование знаний. Показано, что управление знаниями становится сегодня решающим фактором социально-экономического развития. Грамотное применение знаний совершенствует все бизнес-процессы и делает необходимым изучение и анализ методов, принципов и подходов к управлению знаниями как на микро-, так и на мезо- и макроуровнях.

Түйін. Бұл мақала қоғамның қалыптасуының жаңа кезеңі – негізгі білім генерациясы, оны тарату және қолдану болып табылатын экономиканы құруға көшу мәселелерін ойластыруға арналады. Білімді басқару бүгінде әлеуметтік-экономикалық дамудың шешуші факторы болып табылатыны көрсетілген. Білімді сауатты қолдану барлық бизнес-үрдістерді жетілдіреді және микро-, мезо- және макродеңгейлерде білімді басқарудың әдістерін, ұстанымдары мен тәсілдерін зерттеп, талдауды қажет етеді.

Summary. This article is devoted to judgment of questions of transition to a new stage of formation of society – to creation of economy which such fundamentals as generation, distribution and use of knowledge. It is shown that management of knowledge becomes a decisive factor of social and economic development today. Competent use of knowledge improves all business processes and makes necessary studying and the analysis of methods, the principles and approaches to management of knowledge as on micro, as well as on meso - and macrolevels.

Қазіргі әлемнің дамуы қоғамның қалыптасуының жаңа кезеңі – негізгі білім тудыру, оны тарату және қолдану болып табылатын экономиканы құруға көшумен сипатталады. Білім және зияткерлік қорлар соңғы жылдары қоғам-

ның әлемдік-экономикалық дамуында ерекше мәнге ие болып келе жатыр. Білімге негізделген инновациялық экономикаға тауарлар мен қызметтердің ғылым сыйымдылығының қарқынды өсуі, олардың өмірлік кезеңінің қысқаруы, еңбек өнімділігінің еселеп артуын қамтамасыз ететін қолданыстағы технологиялардың зияткерленуі, зияткерлік өнімдер мен қызметтер (патенттер, лицензиялар, транзакциялар, консалтинг) нарығының ірі саласының пайда болуы, білімнің жаңаруының жылдам қарқынды және оларды тұрақты толықтыру қажеттілігі тән. Фирмалар білімді пайдаланып қоймай, оларды сатады да. Басқарушылық қызметтің жаңа түрі – білімді, заманауи компаниялардың ірі және өспелі активін басқару пайда болды. Білімді қолданудың тиімділігін арттыру мақсатында нысаналы топтардың, матрицалық, виртуалдық және желілік құрылымдардың жағына қарай ұйымдастырушылық тетіктер мен құрылымдардың белгілі бір түрленуі орын алып отыр. Бұл ретте айта кететін жайт, мәселенің өзектілігіне қарамастан, білімді басқару теориясы әлі бастапқы сатыда тұр, ал компаниялардың материалдық емес активтерінің артушы үлесі реттеледі және әзірше әлсіз әрі жүйесіз басқарылады.

Университеттер жаңа білімге негізделген экономиканы қалыптастырудың негізгі құралдары болып табылады. Соған байланысты университеттер жаңа білімді тудыру мен таратудың, оларды академиялық емес салаға енгізу мен коммерцияландырудың орталықтарына айналып отыр. Сонымен қатар университеттер бизнес-қауымдастықты тиісті құзыреттерге ие түлектермен байыта отырып, оның дамуына ықпалын тигізеді. ХХІ ғасырда ғылыми ұйымдар, соның ішінде университеттер өздерінің негізгі функцияларын орындаумен қатар, білімді басқару жүйелерін дамытудағы бизнестің белсенді серіктестеріне айналууда.

Білімді басқару жүйелері (ББЖ) – бұл «әртекті білім көздерінің бірігуін және олардың іскери үрдістерде ұжымды түрде қолданылуын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық тәртіптердің, ұйымдастырушылық бөлімшелер мен компьютерлік технологиялардың жиынтығы» [1].

Әлемнің дамыған елдерінің көбінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда және қызмет көрсету саласының ұйымдарында, соның ішінде білім беру саласында ББЖ тиімді қолданылуының үлкен тәжірибесі жинақталған. Көптеген елдерде білімді мемлекеттік басқару жүйесіндегі білімді басқарумен байланысты түрлі жобалар жүзеге асырылуда. Бірқатар елдерде білімді басқару бойынша құрылымдық бөлімшелер құрылған. Білім беру мекемелерінде білімді басқару адамдардың, үрдістер мен технологиялардың өзара байланысы үшін құрылымдардың жиынтығын қамтамасыз етіп, сонымен қатар, адамдарға біліммен алмасуға және оны басқаруға көмектесетін саясатты және тәжірибені қолдауы тиіс. Осылайша, университеттер білім ұшбұрышында басты тарап болып табылады – білімді тудыруға (зерттеу), таратуға (білім беру) және қолдануға (инновациялар) қатысады [2].

Бүгінгі күні университеттер жаңа білімді тудыру және оны мүдделі тараптарға тапсырумен байланысты үрдістерді саналы түрде басқаруы тиіс. Университеттің ББЖ үш іргетасқа – инфрақұрылымға, инфо-құрылымға және инфо-мәдениетке негізделеді. Аталған негіздердің әрқайсысы ББ қалыптастыру бойынша жобаның сәттілігіне немесе сәтсіздігіне әсер ете алады, сонымен қатар, университеттің өз функцияларын орындаудағы өнімділік факторы болып табылады. Университет ББЖ сәтті қалыптастыру үшін қызметкерлер, зерттеушілер, студенттер мен басқа қатысушылар арасындағы оқуға және біліммен алмасуға септігін тигізетін ұйымдастырушылық білім негізі қажет. Осылайша, ББ негізі ЖОО атқарымдығының сәттілігіне ықпал ететін бірнеше аталған факторлардың арасындағы қатынастарды қамтиды. Сәйкесінше, ББЖ инфрақұрылымы озық біріктірілген ақпараттық жүйелердің платформасы түрінде болуы тиіс.

ББЖ XX ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында ірі корпорацияларда белсенді түрде енгізіле бастады, олар үшін ақпаратты өңдеу мәселелері сыни сипатта болды. Осы ретте,

компания мамандары жинақтаған біліммен жұмыс жасау ең әлсіз буын екені белгілі болды. Ірі компаниялар ББЖ құруға қаражат жұмсай бастады. Кейбір компанияларда «Білім орталықтары» құрылып, олардың әрқайсысы атқарушы директор бастаған зиялы кәсіпқойлардың белгілі бір тобынан тұратын. Атап айтқанда, білімді басқару бойынша директор лауазымына тағайындалған қызметкерлері бар танымал ұйымдардың қатарына Hewlett-Packard, Coca-Cola, PricewaterhouseCoopers, Cap Gemini Ernst & Young сияқты ірі корпорациялар жатады. Бұған қоса, IBM және CGEY штаттық кестесіне білімді басқару бойынша бас маман лауазымы енгізілген. Білімді басқару жүйесін енгізуді Ernst & Young, British Petroleum, Hitachi Ltd., Dow Chemicals, Texas Instrument сияқты ұйымдар жүзеге асыруда. Білім беру ұйымдары компанияларға ілесіп ББЖ қалыптастыру және енгізу мүмкіндіктерін зерттей бастады. 1990-шы жылдардың ортасынан бастап Harvard Business School, Fraunhofer IPK, University of California және тағы басқа шетелдік жоғары оқу орындарының бағдарламасында «Білімді басқару бойынша маман» мамандығы пайда болды [3].

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде ұйымдарда білімді басқару мәселелеріне біршама көп көңіл бөлінеді, алайда басылымдарды талдау көрсеткендей, жиі жағдайда білімді ұйымдастырудың теориялық аспектілері зерттеу нысаны болып табылады. Университет ББЖ қалыптастыру және енгізу тәжірибесі туралы сөз қозғалмайды, бұл көптеген ЖОО өз тәжірибесімен бөліскісі келмейтініне байланысты болуы мүмкін.


Соңғы онжылдықта әлемнің көптеген университеттерінде ББЖ белсенді түрде енгізу басталды, олардың көбісі озық веб-технологиялардың негізінде жасалған. ЖОО-да ББЖ енгізудің кейбір мысалдарын қарастырайық. Binus университеті (Universitas Bina Nusantara, Индонезия). Индонезияның Джакарта қаласында орналасқан жеке меншік зерттеу университеті болып табылады. Университет 1974 жылдың 21 қазанында «Заманауи Компьютерлік курстар» ретінде құрылып, бакалавриат, магистратура мен аспирантура бағдарламалары бар кең ауқымды университетке айналды. BINUS Индонезиядағы жетекші университет болып табылады, соған байланысты студенттер саны жыл сайын артуда. Бизнес-үрдістер

барған сайын күрделенуде. Келесі мәселелерді шешу үшін, BINUS жоғары басшылығы ББЖ енгізуге бел бұды:

- Кадрлардың жиі тұрақтамауының салдарынан зияткерлік капиталды жоғалту;
- Жаңа қызметкерлер үшін жоғары оқу төлем-мақысы;
- Шешім қабылдаудың нақты уақыт тәртіп-темесінде өзекті ақпаратты іздестіру қажеттілігі;
- Күштерді қосарлау;
- Қателіктерді қайталау.

Университетте білімді басқару жүйесін жүзеге асыру үшін қажетті базалық инфрақұрылымды құру үшін әлемдік жетекші жүйе құрастырушылардың бірі болып табылатын «Lotus Development Corporation Notes & Domino» компаниясы шақырылды [4]. Бүгінгі күні Университетте жүйелі бағдарламалардың бірнеше нұсқасы бар, оларға Team Room бағдарламасы арқылы жоба тобын басқару және үйлестіру, Domino.Doc құжаттарды басқару жүйесі, Sametime сервер алмасу қосымшасы және Learning Space электрондық оқыту жатады.

Университеттің интранеті ББЖ платформа-сы болып табылады (1-сурет).



1-сурет. BINUS интранет құрылымы

BINUS интранеті келесі негізгі элементтерден тұрады:

1. Корпоративтік ақпарат – есептік, жоспарлы, анықтамалық, жиынтық, талдампаздық ақпарат, сонымен қатар профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) және студенттердің мәліметтері.
2. Жеке ақпарат – ПОҚ және қызметкерлердің жеке ақпараты, бұнда пошталарға, жеке жоспарлар мен байланыс ақпаратына дербес қол жеткізу ұсынылады.
3. Жұмыс тобы – құжаттамаға және еске салу жүйесіне қол жеткізе отырып, пікірталастарды өткізу алаңы.

4. Интернет – ауа райы, валюта және құнды қағаздар бағамы туралы, сонымен қатар әлем жаңалықтары сияқты ақпараттан тұратын парақша.

5. Жұмысқа қажетті қосымшалар, соның ішінде EIS және PA.

Осы университетте ББЖ қалыптастырудың негізгі кезеңдері:

1. Іске қосылған үрдістерді бақылау.
2. Тиісті штабтармен олардың қажеттіліктерін анықтау үшін әңгімелесу.
3. Жасалуға тиісті басым модульдердің тізімін құрастыру.
4. Жүйе құрылысы.
5. Модульдер құрылысы.
6. Модульдерді біріктіру.
7. Жүйені тестілеу [5].

YТИТ (Yung Ta Institute of Technology and Commerce) Тайвань. 1967 жылы құрылып, Тайваньнің оңтүстік бөлігінде орналасқан, 8300 студенті және шамамен 300 әкімшілік қызметкері мен профессорлық-оқытушы құрамының мүшелері бар жеке меншік кәсіби мекеме [6]. YТИТ әкімшілігіндегі вице-президент білімді басқару мәселелері бойынша менеджер рөлін атқарады. Университеттерде білімнің ұйымдастырушылық базасына жеке білімді тапсыру үшін алмасу мәдениетін құру мақсаты көзделген. Жоба ББЖ басшыларынан және қызметкерлерден тұрады. Шаруашылық субъектісінің білім базасын жекелеген қабілеттердің, құзыреттердің, ойлар мен идеялардың, инновациялардың әлеуетімен үйлестіре отырып толық пайдалану кәсіпорынға салада тиімді бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Негізгі топ әр топ үшін ББЖ арналған орталық, соның ішінде, білім ұсыныстарының бастапқы бағалауы үшін маршрутизатор, жіктеу үшін құрылымды тексеру үшін рецензент, техникалық қызмет көрсету үшін санаттарды рәсімдейтін редактор, білімді тапсыру және онымен алмасу үшін коммуникатор ретінде құрылады. Әр топта білім алу және алмасуға арналған білімді басқару бойынша нақты іс-шаралар белгіленген. Техникалық және ұйымдастырушылық инфрақұрылым Gweb аутсорсингіне негізделген. Бағдарламалық қамтамасыз ету Lotus Domino жүйелеріне негізделген [7].

Санкт-Петербург мемлекеттік ақпараттық технологиялар, механика және оптика университеті (СПбГУ ИТМО, Ресей). Құрамында 20 астам институттар мен факультеттері бар Ре-

сейдің ұлттық зерттеу университеті. Университет іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамытады. Білімді тиімді жинақтау және тарату үшін OntolingaWiki кешеніне негізделген ББЖ енгізілді.

«Ontolinga Wiki» бағдарлама кешені формалды БЖ әдістері мен құралдарын және ақпаратты құрылымдаудың формалды емес тәсілдерін біріктіру үшін ұйымдардың білімін жинақтаудың біріктірілген ортасының моделін құру мақсатында жасалған [8]. Бұл жобаның аясында құралдар жиынтығының прототипі жасалды. Құралдар жиынтығы автоматты түрде әрбір онтология концептісі үшін Wiki-парақты құрастырады, оған сарапшылар сипатталатын ұғым жайлы ақпаратты енгізеді. Соңғы пайдаланушылар кескін түрінде келтірілген онтологияны көре алады және оның ұғымдары бойынша навигация жасап, таңдалған ұғымға сәйкес келетін Wiki-парақтардың құрамын көре алады. OntolingaWiki негізгі кемшілігі – оның көмегімен құрылған Wiki-жүйенің түбінде жатқан онтология сол Wiki-жүйенің құралдарымен өзгертіле немесе толықтырыла алмайды. Бұл жүйенің функциялары мынадай: контентті енгізу және білім базасын толықтыру, соның ішінде кең тараған форматтардағы файлдардан импорттау арқылы; портал құрылымы ретінде онтологиялар импорты; тақырыптық мақалаларды (портал контентін) құру, редакциялау және сақтау; контентті басқару; білім құрылымын ұсыну.

Білімді визуалдау құралдары:

- онтология концепттері арасындағы мұрагерлік қатынастар және класс-индивид қатынастарының ағашы түрінде келтірілген білім құрылымын визуалдау;

- «тегтер бұлты» (түйін сөздер жиынтығы) түрінде концепттер арасындағы қатынастар жиынтығын визуалдау;

- Белгілі бір тақырыптық мақалаға жақын концепттердің жиынтығын қатынастар кескіні түрінде визуалдау.

Өңделетін мәліметтер үш санатқа бөлінеді: онтология түріндегі формалды білім моделі; портал контенті; мақалалар арасындағы бағытталған қатынастар кескіні түріндегі порталдың онтологиялық құрылымы.

Бұл порталдың контенті гиперсілтемелерден және қосымша мультимедиялық материалдардан тұратын форматталған мәтін болып табылады. Пәндік облыстың сақталатын онтологиясының негізінде портал құрылымы таңдалған

контекстте пайдаланылмайтын ұғымдарды алып тастау арқылы құрылады. Онтологияға қойылатын талаптар мазмұндық және формалды деп бөлінеді. Мазмұндық – пәндік облысқа, ал формалды – онтологияны пайдалану әдістемесіне қатысты [9].

Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика және информатика университеті (МЭСИ). 1932 жылдан бастап жоғары білікті мамандарды дайындау дәстүріне және орасан зор тәжірибеге бай Ресейдің жетекші университеттерінің бірі. МЭСИ университетіндегі білімді басқару жүйесін құру тәжірибесін қарастыра отырып, келесі енгізу кезеңдерін бөліп көрсетуге болады:

- Қойылған мақсаттар мен міндеттердің негізінде стратегияны анықтау;

- Жүзеге асыру әдістерін, тәсілдерін және мерзімдерін анықтау;

- Барлық қорларды каталогтау (мәліметтер базасын жасау);

- Электрондық құжат айналымын құру;

- «Формалды емес білімді» формалдау әдістерін анықтау;

- Кафедра, институт, университеттің «білім картасын» құру;

- Персоналды оқыту;

- Ынталандыру жүйесіне өзгерістер енгізу;

- Электрондық оқыту технологияларын білімді басқару міндеті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негіз ретінде енгізу;

- Сапа менеджменті жүйесін енгізу;

- Өздігінен оқитын ұйым ұстанымдарын енгізу;

- Тепе-теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін енгізу;

- Білімді басқару үрдістерін автоматтандыруды жүзеге асыратын сервистер мен технологияларды анықтау;

- Бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру;

- Сервистер мен технологияларды біріктіру.

- Бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігінің аясында жұмысты ұйымдастыру.

«МЭСИ өздігінен оқитын ұйым» жобасын жүзеге асыру аясында университетке заманауи және тиімді оқыту жүйесін жақсартуға және әрбір бөлімшенің, соның ішінде кафедраның білім кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Барлық кафедраларға ашық білім беру қорларын, Интернет қорларын пайдалану, үздік тәжірибелерді қолдану мүмкіндігі берілген. Осы қызметтің нәтижесінде ғылыми қызмет-

тің жаңа нәтижелері қалыптасады, оқу үрдісі жетілдіріледі.

Кафедралардың білім кеңістіктерінің негізінде университеттің ірі құрылымдық бірлігінің – оқу институтының немесе факультеттің білім кеңістігі, содан кейін бүкіл ЖОО білім кеңістігі құрылады. Барлық мұғалімдер мен қызметкерлер білім кеңістігін құруға, оның пайдалануға қатысады. Сонымен қатар, университетте сапа менеджменті жүйесі енгізіліп, жыл сайын жақсартылады. Күн сайын ПОҚ және қызметкерлер қайсыбір облыс бойынша білімді «жинақтайды» және жүйелейді. Нәтижелерді кез келген адам қажетінше пайдалана алады, соның ішінде, жұмысқа оқуына университет өз уақытын жұмсайтын жаңа қызметкерді немесе оқытушыны қабылдағанда, себебі барлық құжаттар, нұсқаулықтар, ережелер оларға енгізілген электрондық құжат айналымының арқасында қолжетімді болады.

Университет қызметіндегі ерекше бағыт институттар мен кафедралардың жанында «Зерттеу орталықтарын» ашу болып табылады. Олар ББЖ құрамдас бөлігіне айналып, білім берудің мемлекеттік құрылымдар мен бизнеспен байланысты қамтамасыз етеді. Университетте ББЖ енгізу электрондық құжат айналымы және MS Exchange (Outlook) корпоративтік потшта жүйесі, MS Share Point порталдық технологиясы, Docvision құжат айналымы, Электрондық кампус, Click to Meet онлайн коммуникациясы, MS Project жобалармен жұмыс жасау жүйесі, ББ КАЖ оқуды ұйымдастыруды автоматтандыру, РИСК аумақтық құжат айналымы, ICQ, CRM сияқты ақпараттық технологиялардың көмегімен мүмкін болды. Бұл қорларды бір бүтін ақпараттық кеңістікке біріктіруге университеттің білім кеңістігін елестету мүмкін емес. Барлық қорларды біріктіру инновациялық университеттің дамуының стратегиялық міндеті болып табылады.

Тафтс университеті (Tufts University, АҚШ). АҚШ жеке меншік зерттеу университеті, құрамына 9 мектеп және 1 колледж кіреді. 1852 жылы Татс діни колледжі ретінде негізі қаланған. ББЖ құру аясында 2003 жылы Visual Understanding Environment (VUE) жобасы жасалды, ол пәндік облыстардың онтологияларын құрудың визуалдық құралдарын, мәтіндік, аудиовизуалдық ақпараттың және құрылымдалған мәліметтердің шоғырлануын біріктіреді.

VUE жобасы аясында үйрету, оқыту және зерттеу қызметінің үрдістерін қолдау мақса-

тында білім мен ақпараттың сандық қорларын (digital resources) басқару және пайдалану үшін ыңғайлы бағдарламалық құралдар жиынтығы құрылған. Бұл бағдарламалық қосымша сандық ақпаратты құрылымдауға, ұсынуға және біріге отырып пайдалануға (sharing) мүмкіндік береді. Бағдарлама Education Commons лицензиясымен таралады. VUE жобасы ашық кодты жоба болып табылады, бұл тақырыптық карталарды жасауға (Mind Maps) және мүмкіндік береді және оқыту және ғылыми зерттеулер үрдісін қолдау мақсатында сандыққорларды басқару және біріктіруге көңіл бөледі [10].

VUE ортасы пайдаланушыға сандық ақпаратты құрылымдауға, ұсынуға және таратуға арналған икемді визуалдық кеңістікті береді, ондай ақпаратқа төмендегілер жатады: сандық суреттер, аудио-видео контент, мәтіндік ақпарат, құрылымдалған мәліметтер.

Құрылымдалған мәліметтерді пайдалану графикалық интерфейс көмегімен мәліметтер жиынтығын сондай біріктіру нәтижелерін визуалдаумен біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл ретте бұндай операцияларды жүзеге асыру үшін SQL тілін немесе басқа сұрау тілдерін қолдану қажет болмайды – барлығы да тышқан манипуляторының көмегімен жасалады. Өзінің функционалдық арнауы бойынша VUE концепт-маппинг құралы болып табылады. Қосымша оқу мекемелерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жасалғанына қарамастан, VUE қолдану аясы кеңінен таралған: инженерия, графикалық дизайн, шығармашылық үрдісті қолдау, құрылыс жасау, жазбаша жұмыс жоспарларын жасау және т.б. [11].


Басктер Елінің университеті (University of the Basque Country). Испания солтүстігіндегі автономдық қауымдастық Басктер Еліндегі жалғыз университет. Университет испан ЖОО арасында 11-інші, ал Еуропа бойынша 96-ншы орынға ие [12]. Университеттің ғылыми-зерттеу білімінің желісін дамытудағы тәжірибесі қызығушылық тудырады. Виртуалдық ғылыми-зерттеу орталықтарын ұйымдастыру идеясы ақпараттық технологиялардың дамуындағы негізгі жетістіктердің арқасында шындыққа бір қадам жақындады. Бұндай орталықтар әлеуметтік-экономикалық ортадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру мүмкіндігін береді. Зерттеулер үшін білімнің виртуалдық желісі тұжырымдамасы қазіргі замандағы зерттеулерді ұйымдастырудан түбегейлі түрде ерекшеленеді. Ең алдымен, өзгеріс шектелген

жағдайда болмай, керісінше іргелес ғылымдарды дамытуға тиісті зерттеулердің бағытына қатысты. Бұған қоса, бұл желілер түрлі ғылыми бағыттардағы, мемлекеттік құрылымдардағы пайдаланушыларды, компанияларды және т.б. біріктіре алады, бұл зерттеулерді тиісті әлеуметтік-экономикалық ортаның қажеттіліктеріне бағыттауды жеңілдетеді. Ғылыми-зерттеу жобалары үшін консорциумдарды қалыптастыру әлеуеті шексіз, алуан түрлі зерттеушілер әрбір қарастырылатын мәселеге немесе зерттеу тақырыбына көпбейінді көзқарасты қамтамасыз етеді. UNIKNOW университеттерінің виртуалдық желісінің пайдаланылатын моделі пәнаралық сипаттағы білімді тудырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

«Қоғамдық университеттегі білімді басқару: зерттеу үрдісі, ғылыми-техникалық білімді әзірлеу және тарату» атты жоба ғылыми және техникалық білімді университеттен кәсіпорын-

дар мен мекемелерге тапсырумен іргелі зерттеулерден басталатын барлық үрдісті қамти алатын білімді басқару моделін қалыптастыру мақсатында 2000 жылы Басктер Елінің Университетінде басталған. Бірінші кезеңде, ынтымақтастық үшін желіні құру туралы идеялардың диффузиясы ББ мәселелері мен бизнесті басқарумен байланысты түрлі ғылыми конференциялар қатысушыларының арасында ұсынылған. Желіні құрастыру бойынша жұмыс тобы басқа университеттер де тәжірибемен және ғылыми зерттеулермен алмасуға мүдделі деп санаған. Осылайша, 2001 жылдың сәуірінде білім желісі құрылып, 2003 жылдың ортасына қарай UNIKNOW 11 университет қатысты.

UNIKNOW желісінде екі түрлі деңгей орнатылған: «Университеттердің білімді басқаратын виртуалдық орталығы» және «Білімді басқару бойынша зерттеушілердің виртуалдық желісі» (2-сурет).



2-сурет. ЖОО білімін басқаруға арналған UNIKNOW білім желісінің модулі

Бірінші деңгей – білімді басқару бойынша зерттеулерді жүргізуді және жобаларды жүзеге асыруды қолдайтын университеттерден ғана тұрады. Олардың негізгі мақсаты – ақпаратпен, біліммен және тәжірибемен алмасу. Бұнда олар форумдар, конференциялар өткізіп, біріктірілген жобаларды жүзеге асыра алады. Екінші деңгей – білімді басқару саласына, әсіресе университеттер арасында мүдделі зерттеушілерді біріктіреді. Осылайша, бұл желі негізінен біріккен зерттеулерді дамыту және жобаларды басқару мүмкіндігін беретін форум, пікірталас және ақпаратпен, идеялар мен біліммен алмасу түрінде көрсетілген.

Зерттеулердің мақсаттары әртүрлі және білімді басқару мен университеттерден компаниялар мен қоғамға тасымалдаумен байланысты әртүрлі салаларда жүргізілу мүмкін. Бұған қоса, желіде зерттеулерімен бөлісетін зерттеушілер және университеттер тобының ауқымдары мен алуан түрлілігі ынтымақта-

стыққа және инновациялық идеялардың пайда болуына бірнеше мүмкіндік тудыратын мәселелерге көпжақты көзқарасты қамтамасыз етеді. Жоғарыда аталғанға байланысты, виртуалдық желі өз алдына келесі бірінші қатарлы мақсаттарды қою керек:

- Зерттеулерге қажетті қорларды барынша төмен бағамен және барынша үлкен жылдамдықта ұйымдастыру;

- Танымал зерттеушілерді шақыру, оларға кең ынтымақтастық жиынтығын, ашықтық саясатпен қатар ұйымдастырушылық мәдениеттің икемділігі мен жаңа тұжырымдамаларын ұсыну.

- Топтық рух және дербес шығармашылық ұстанымын жылжыту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және технологиялық дамуды елеулі түрде нығайту үшін жағдай жасау.

Ұсынылған модель түрлі білім үлгілерінің сипаттамаларынан тұрады. Түрлі қатысу деңгейлері бар, алайда деңгейлердегі айы-

рмашылықтар міндеттерді шешуге қатысу дәрежесіне тәуелсіз, олар қатысушылардың ниеттестігіне және орындалатын міндеттердің үлгісіне тәуелді.

Модельде ҒЗТКЖ үшін білім желісі аясындағы төрт маңызды инновациялық элемент келтірілген. Бірінші элемент өзара сенімді құру және қатысушылардың қызметін бейімдеу мен өзара толықтыратын пәнаралық зерттеулерге жәрдемдесу болып табылады. Екінші элемент бұл университеттер арасында және университеттің жекелеген зерттеушілерінің арасындағы жұмыстың виртуалды және интерактивті әдістері бар ақпараттық желіні дамыту. Үшінші элемент – біліммен алмасу тетігін, білімді басқару саласында озық тәжірибені әзірлеу, зерттеу және тасымалдау. Төртінші элемент білім желісінің ішінде жүретін білімді басқаруды біріктіру болып табылады.

Градец-Кралове Университеті (Univerzita Hradec Králové, Чехия). Градец-Кралове чех қаласындағы мемлекеттік жоғары оқу орны шығыс-чех аймақтың жетекші білім беру және зерттеу институттарына жатады. Бүгінгі күні университетте 9 мыңнан астам студент оқиды. Университетте 40 астам бағдарламалар мен шамамен 100 мамандық бойынша оқу жүргізіледі [13].

Университет ББЖ қалыптастырудың басы өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасына тұспа-тұс келеді. Жүйені реформалау бойынша бастамалар менеджмент және ақпарат факультетінде басталған. Бұл бастамалар келесі міндеттерден тұрады:

- Жоспарлаушыны сатып алу және интернетке қол жеткізумен баспалық графиктердің кең ауқымды мүмкіндіктерімен оны пайдалану тәжірибесіне енгізу;

- Барлық маңызды құжаттарды электрондық форматқа түрлендіру және интранет арқылы қолжетімді болатын үлкен құжаттар қоймасына оларды жинақтауды дамыту;

- Интранет жүйесін біртіндеп әзірлеу және студенттер, оқытушылар, пәндер, оқу бағдарламалары және т.б. туралы қажетті ақпаратпен толықтыру;

- Виртуалдық оқу ортасын әзірлеу;

- Университеттің корпоративтік мәдениетіне сараптамалық білімі бар барлық тұлғалардың біліммен алмасуына қатысты өзгерістерді әзірлеу және біртіндеп енгізу.

1999 жылдың ортасынан бастап университетте баспалық графиктердің және басқа тиісті функцияларының кең мүмкіндіктеріне ие жоспарлаушы пайдаланыла бастаған. Scientia ООО фирмасының өнімі SyllabusPlus® ЖОО-на үш пайдаланушылар тобының өзара әрекеттесуінен бастауға мүмкіндік берді, яғни университет басшылығы, оқытушы құрам және студенттер. Жүйе Интранетке негізделген факультеттің ақпараттық жүйесімен де біріктірілген. SyllabusPlus жүйесі факультеттің әдістемелік жұмысын және оқытушылық қызметін жоспарлаудағы рөлімен қоса, факультет пен университеттің білім қорларын қамтитын білімді басқару жүйесі ретінде де қолданылады. Бұл университетті басқару үрдісін қолдауға және басшылықты заманауи әрі нақты ақпаратпен және қажетті біліммен қамтамасыз ете отырып, тиімді шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді [14].

Осылайша, көптеген университеттердің ұйымдастырушылық құрылымы пәнаралық тәсілді пайдалануға мүмкіндік бермейді. Алайда, қазіргі заманда, біз білгендей, ғылыми жаңалықтар түрлі ғылым шекарасында пайда болады. Сонымен қатар, жаңа білімді тудыру үшін халықаралық байланыстарды дамыту керек. Университеттер өздерін дербес мекемелер ретінде есептеуді доғару тиіс. Бұл қарым-қатынас барған сайын маңызды болатын институционалдық ынтымақтастыққа кедергі келтіреді.

Университеттің әрбір қызметкері өз біліміне ие. Алайда заманауи ақпараттық технологияларын қолданусыз және тиісті корпоративтік мәдениетсіз бұл білім мен тәжірибе әрбір жеке адамның білім кеңістігінде қалып қоюы мүмкін. Шетелдік университеттердің тәжірибесі көрсеткендей, әрбір ЖОО қатысушыларға тәжірибемен және зерттеулермен алмасуға, білімді жинақтап, жаңа білім тудыруға мүмкіндік беретін ББЖ құруға талпыну тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Харрингтон Дж. *Совершенство управления знаниями: искусство совершенствования управления знаниями: пер. с англ. / Дж. Харрингтон Ф. Воул. – М.: Стандарты и качество, 2008. – 269 б.*

2. А.Л. Пастухов *Управление знаниями в образовании: международный опыт // Вестник*

Челябинского государственного университета. Политические науки. Востоковедение. - 2012. - № 12 (266). - 56–59 б.

3. Соболева, Н.В. «Новая экономика» и управление знаниями // Вестник БГЭУ. – 2006. – № 3. – 26 – 31 б.

4. Anbulagan U. Kuswara. *An Experience in Knowledge Management System Implementation at Indonesian Leading IT School* // ISMICK. - 2001 – P.45-53.

5. Prabowo H. *The Concept and Strategy of ICT Integration in Teaching and Learning Process at Bina Nusantara University – Jakarta* // *Innovations in E-learning, Instruction Technology, Assessment, and Engineering Education*. - 2007 - P.127-131.

6. Данные об университете Yung Ta Institute of Technology and Commerce // <http://www6.ytit.edu.tw/english/mp5178.html>

7. Yaying Mary Chou Yeh, *The Implementation Of Knowledge Management System In Taiwan's Higher Education* // *Journal of College Teaching & Learning*. – 2005. - Vol. 2, №9. - 35-42 б.

8. Пертая М.В. Роль университетов в инновационном развитии российской экономики

// *Universum: Вестник Герценовского университета*. - 2014. - №2. – 104-115 б.

9. Тихомирова Н.В., Исаев С.Н. Создание системы управления знаниями в университете // *Открытое образование*. - 2007. - №4. – 44-49 б.

10. Bennett E. *Virtual HRD: The Intersection of Knowledge Management, Culture, and Intranets* // *Advances in Developing Human Resources*. – 2009. <http://adh.sagepub.com/content/11/3/362.short>

11. Kumar, N. Schwertner. *Visual Understanding Environment* // *Third International Conference on Open Repositories*. - Southampton, United Kingdom, 2008, 1-4 April // <http://pubs.or08.ecs.soton.ac.uk/79/>

12. University of the Basque Country сайты-ның материалдары // <http://www.ehu.eus/en/en-home>

13. Градец-Кралоуе Университетінің материалдары // <https://www.uhk.cz/cs-CZ/UHK/O-univerzite>

14. Mikulecka J., Mikulecký P. *University Knowledge Management - Issues and Prospects* // chirouble.univ-lyon2.fr/~pkdd2000/Download/WS5_12.pdf

Имашев Ботабек Есенбекович
заң ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Жарылқапова Гүлзагира Пәрменбайқызы
PhD докторант, аға оқытушы,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, zagira_09.80@mail.ru

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ ТҰРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ШАРАЛАРЫ

Түйін: Бұл мақалада соңғы жылдары мемлекет кәсіпкерлікті дамытуда бірқатар жұмыстар атқарды, нәтижесінде сауда-саттық, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, құрылыс, материалдық-техникалық қамсыздандыру, дайындау және өткізу, жылжымайтын мүліктермен операция салаларында жеке меншік формасындағы кәсіпорындар көптеп пайда болды. Олардың көпшілігі коммерциялық ұйымдар мен жеке кәсіпорындар. Кәсіпкерлік қызмет құқықтық ықпалдың объектісіне айналды, оның қалыпты жұмыс істеуіне жағдай туды. Бірақ, мұндай дұрыс жақтары бола тұра, мемлекеттің меншіктен бас тартуға және оны жеке адамдардың жекешелендіруіне бағытталған соңғы жылдардағы саясаты нарықтық экономикадан біз күткен нәтижені бермей отыр.

Резюме: В данной статье рассматривается проблемы противостояния уголовным правонарушениям в сфере предпринимательства. Государством в развитии предпринимательства за последние годы проведен ряд работ, в результате торговли, бытового обслуживания населения, общественного питания, строительства, материально-технического обеспечения. В отраслях появилось много предприятий с частной формой собственности и коммерческих организаций. Объектом правового воздействия и предпринимательской деятельности стала ситуация возникшая в его нормальном функционировании.

Summary: In this article examined problems of opposition criminal by a crime in the field of enterprise. At the present stage the government has taken steps to entrepreneurship development, which resulted in numerous businesses in the form of private property in the trade, providing household services, catering, construction, real

estate, logistics. Most of them are commercial organizations and enterprises. Entrepreneurship has become the object of the legal field and contributed to its development efficiency.

However, if there are clear benefits, denationalization of property, privatization and market economy policies have not led to the expected results. Without analyzing the nuances, we can not pay attention to some criminal manifestations, preventing dynamic development of society.

Қоғамдық қатынастарға және қоғамды басқару жөніндегі өз қызметінің негізгі бағыттарын қамтитын процестерге ықпал ету арқылы мемлекет өзінің басты және әлеуметтік маңыздылығы бар функцияларын іске асырады. Осы функциялардың ішінен ішкі бағыттағы, мысалы, кәсіпкерлік саладағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуына кепілдік беру сияқты функциялардың осы зерттеу тақырыбына қатысы бар. Мемлекет және құқық теориясында мемлекет қызметінің ғаламдық, стратегиялық және басқадай түрлерін бөліп алып, одан кейін оларды белгілі бір түрлерге бөлу тәсілі бар. Оны белгіленген тәртіпте жүзеге асыру үшін жалпы және арнайы сипаты бар ұйымдық шаралар керек. Мұндай тәсіл кәсіпкерлердің құқыққа қайшы іс-қылықтарына қарсы тұруда да қажет [1,390-6].

Жалпы сипаттағы ұйымдық шаралар. Олар мемлекет пен азаматтық қоғамның, қызметі кәсіпкерлердің құқыққа қайшы іс-қылығымен тікелей күресуге бағытталмаған, бірақ бұл процесске елеулі ықпал ете алатын айрықша институттар құрумен байланысты. Мемлекеттің ұйымдық құрылымында қызметі толықтай экономика саласындағы проблемалық мәсе-

лелерді шешуге бағдар алған мамандандырылған автономды мемлекеттік комитеттің болғанын қолдайды.

Себебі нарық экономиканы дамытуға бағытталған қазіргі реформаны шағын және орта кәсіпкерліксіз жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан да кәсіпкерлік қызметті қолдаудың кешенді бағдарламасын жасап, оны қаржылай толықтай қамтамасыз ету керек.

Бұл мәселені зерделеу Қазақстанның кейбір аймақтарында ғана (Алматы, Астана қалаларында, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Қостанай облыстарында) жеке бизнес пен кәсіпкерлікті жоспарлы негізде жергілікті мемлекеттік органдар тарапынан ықпал болмаса кәсіпкерлер заңға сай іс-қылық шегінде қала алмайды, күн көрістің балама вариантын іздестіруге мәжбүр болады.

Сондықтан да азаматтық қоғам институттарын құрудың маңызы зор, олар әртүрлі проблемаларды шешуде төрелік жасап, кәсіпкерлер мүддесін қорғаған болар еді. Әрине кәсіпкерлер үшін іс-қылық стандарттарын белгілеу, олардың сақталуын бақылау, құқық бұзушыларға мемлекеттік мәжбүрлеу жоспарын қолдану мемлекет еншісінде болады. Сонымен қатар, кәсіпкерлер мүддесін қорғайтын қоғамдық (мемлекеттік емес, коммерциялық емес) бірлестіктердің болуы, қалай да, мемлекет пен азаматтық қоғам арасында өзара жаңа қатынастар тудырады, өзара жауапкершілікті, мүдделердің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді [2,350-6].

Азаматтық қоғамның Сауда-өнеркәсіп палатасы және аймақтық бөлімшелері түріндегі мамандандырылған институтының болуы кәсіпкерлер игілігі үшін іске асырылатын қызметтің көптеген бағыттарын құрылымдық қамтамасыз ете алады.

Олардың ішінен мыналарды айрықша бөліп аламыз:

- Кәсіпкерлер арасындағы дау-дамайларды төрелік негізде қарау жұмысы;
- Кәсіпкерлік қызметтің экономикалық қауіпсіздігін және кәсіпкерлікті құқыққа қайшы озбырлықтардан қорғауды қамтамасыз ету қызметі;
- Кәсіпкерлерге ақпараттық қызмет көрсету, оның ішінде оларға бейімдеп әртүрлі бағылымдар шығару.

Сауда-өнеркәсіп палатасымен және оның аймақтық құрылымдарымен қатар билік ор-

гандары жанындағы қоғамдық кеңестер, кәсіпкерлердің бірлестіктері мен қауымдастықтары сияқты құрылымдар да жұмыс істейді, оларды экономикалық мүдде біріктіреді. Олардың әлеуеттері мен мүмкіндіктері де әртүрлі, бірақ олар кәсіпкерлерге ықпал етіп, олардың құқыққа қайшы іс-қылықтарына қарсы тұруға тиіс.

Ұйымдық тұрғыдан алғанда, автордың пікірінше, мамандар даярлауға бағытталған шаралардың маңызы зор, олар әртүрлі оқу орындарын бітіргеннен кейін коммерциялық ұйымдар құрып, олардың кәсіпкерлік заңнама нормаларына сай жұмыс істеуін қамтамасыз еткен болар еді. Бұл ретте «кәсіпкер» термині жай ұғым ғана болып қалады, себебі заңды тұлғаның штат кестесінде әртүрлі деңгейдегі және бағыттағы менеджерлер қызметі көрсетіледі. Олар өздерінің даярлығы жағынан тиісті қызметкерге қойылатын талаптарға сай келуге тиіс. Бұл мән-жай да антикриминогендік роль атқарады.

Арнайы ұйымдық шаралар. Мемлекеттік қызметтің айрықша бір түрі – құқық қорғау қызметі. Оны арнайы уәкілеттік алған органдар заңдық шараларды қолдана отырып қатаң заңға сәйкес және белгіленген тәртіпті мүлтіксіз сақтап жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген анықтамада аса маңызды тұс бар, ол – құқыққа қайшы іс-қылықтарға қарсы тұрудың арнайы шараларын жүзеге асыруы үшін мемлекеттік құрылымдық ұйымына құқық қорғау деп аталатын арнайы органдарды кіргізу. Олардың құрамында анықтама, алдын ала тергеу және жедел іздестіру органдары құрылады. Құқық қорғау органдарының қызметін осылай ұйымдастырудың арқасында қылмыстық көріністерге, оның ішінде субъектісі кәсіпкер қылмыстарға тойтарыс беріледі.

Криминологияда бұл проблемаға біршама басқаша қарайды. Мұнда соңғы жылдары «қылмыстылықты әлеуметтік бақылау» сөз тіркесі пайдалануда, оны ұнамсыз нәрселерді жою немесе азайту мақсатында қоғамның оған ықпал ету құралы мен әдісі деп ұғыну керек.

Әлеуметтік бақылаудың құрылымдық компоненттері деп, біріншіден, адамдардың іс-қылықтарын нормативтік реттеуді, яғни қабылданған норманы бұзатын адамдар үшін жауапкершілік белгілеуді айтамыз.

Екіншіден, міндеттеулерді (нормаларды) жүзеге асыру жөніндегі, оның ішінде теріс

санкциялар сияқты әлеуметтік бақылау әдісін қолдану мақсатындағы әрекет танылады [3,267-6].

Жоғарыда аталған «құқық қорғау қызметі» және «қылмыстылыққа әлеуметтік бақылау» ұғымдарын салыстыра отырып, соңғының өз мазмұны жағынан біршама кең екендігін көреміз. Себебі ол қылмыстық әділет функциясын ғана емес, оған қосымша әлеуметтік пайдалы қызметтің басқа түрлерін де қамтиды. Құқық қорғау қызметінің де, әлеуметтік бақылаудың да ортақ белгісі олардың формальдық сипатында, себебі қылмыстылыққа ықпал етудің көрсетілген түрлерін құзырлы органдар, ұйымдар, мекемелер және олардың өкілдері лауазымдық өкілеттік негізінде және қатаң белгіленген тәртіпте құрылым жағынан қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда қоғамның нормативтік тәртіпті белгілеу және қолдау, құқық бұзушылықты жою (азайту) арқылы өзін-өзі сақтап қалуына мүмкіндік туады.

Сонымен кәсіпкерлердің құқыққа қайшы, оның ішінде қылмыстық іс-әрекеттеріне қарсы тұру үшін оңтайлы ұйымдық модель таңдалуға тиіс, ал мемлекеттік органдар бақылау-тексеру функцияларын да, қылмыстық әділет функцияларын да құрылымдық жағынан қамтамасыз етуге тиіс.

Мұндай ұйымдық модель кез келген мемлекетте бар, бірақ қандай да бір әлеуметтік-саяси, экономикалық және өзге факторлардың ықпалынан ол өзгеріске ұшырайды, жетілдіріледі.

Бұл өзгерістер бізде 80-жылдардың екінші жартысынан басталды. Кәсіпкерлік қызметте заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуге, сондай-ақ жалпы экономикалық қылмыскерлікпен күресуге тиісті бұрынғы құрылымдар қайта құрылып, жаңалары пайда болды.

Осы процесті автор мынадай уақыттық кезеңдерге бөледі:

Бірінші кезең (1985-1991жж). Бұл кезеңде саяси-әлеуметтік және экономикалық реформа басталды, экономикалық қызмет саласында қылмыскерлік етек алды. Мамандардың ойынша, отандық экономиканың себебі кооперативтік қозғалысты әртүрлі «заңдағы ұрылар» мен авантюристер болып қалды, олар оңай олжаға кенеліп қана қалған жоқ, бұрынғы «ұрлағандарын» заңдастырып та алды. Бұл КСРО-да нарықтық экономиканың бой көтере бастаған, алғашқы капиталдың

жинақтала бастаған кезі еді. Бұл кезеңде экономикалық қылмыстарға КСРО-ның ОБХСС қызметі мен Қаржы министрлігінің құрылымындағы ведомстволық емес қаржы бақылау органдары қарсы күрес жүргізді. Кейін мамандандырылған жедел-іздістіру бөлімі таратылған соң, бұл оперативтік бөлімшелердің күші азайды, экономикалық қылмыстармен күрес босаңсыды.

Оның орнын толтыру мақсатында қылмыскерлікпен күреске МҚК (КГБ) жұмылдырылды, оның қызметкерлері ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес, қылмыстардың алдын алу, жолын кесу, бетін ашу және оларды тергеу функцияларын өз мойнына алды.

Сонымен қатар Ішкі істер органдарының құрамында да ұйымдасқан қылмыстылықпен күресетін мамандандырылған оперативтік бөлімшелер құрылды.

Оған себеп – ОБХСС органдары әлсірегеннен соң, 70-жылдардан бастап мемлекетті де, халықты да ұйымдасып «тонау» етек алып кетті. Ал милиция қылмысты ашуда көрсеткішті қуып, лауазымы жоғары адамдардың ұрлығын көре тұра шара қолдана алмады. Бірақ ПМ мен МҚК-нің оперативтік бөлімшелері экономикалық қылмыстарға қарсы тұруды құрылымдық жағынан күшейткенмен, іс жүзінде ойдағыдай нәтиже бермеді.

Сонымен қатар бірінші кезеңде экономикалық қызмет саласындағы, оның ішінде кәсіпкерлікпен байланысты күрестің ұйымдық моделі жасалды[4,288-6].

Екінші кезең (1992–1993 жж.) Бұл кезеңде Қазақ КСР-і ПМ-нің құрамындағы социалистік меншікті ұрлаумен күрес (БХСС) қызметі ҚР ПМ-нің құрамындағы экономикалық қылмыстармен күрес (БЭП) қызметі болып қайта құрылды.

Экономикалық қылмыстармен күресуді, бұрынғыдай, ұйымдасқан қылмыстармен күресу басқармасы ба (УБОП) жалғастырды. Сонымен қатар бұл іске арнайы қызметтер де қамтылды (ҰҚК-нің 4-департаменті). Осы кезеңде салық органдары құрылып, оның құрамында салық тергеу қызметі (кейінгі салық полициясы) ұйымдастырылды. ҚР ПМ-і республика үшін мүлде жаңа бұл құрылымдармен тығыз байланысты болып, экономика саласындағы қылмыстармен бірге күресуі керек болды. Бұл халықаралық стандартқа сай келетін, себебі нарықтық экономикадағы елдерде ұйымдық модельдің элементі болып сана-

лады. Бұл кезеңде құрылымдық қамтамасыз ету жөнінен жаңа ұйымдық шаралар жүзеге асырылды, қудалауға да, ескертіп-сақтандыруға да мүмкіндігі бар мемлекеттік органдардың ауқымы кеңейді, олар:

- заңсыз кәсіпкерліктің таралуына;
- жалған кәсіпкерлікке;
- жалған банкроттыққа;
- тауар белгілерін заңсыз пайдаланумен, сапасыз және денсаулық үшін зиянды тауарларды алып келумен, сатумен және отандық жағдайда өндірумен байланысты қылмыстарға қарсы тұруға міндетті болды.

Осы кезеңде көлеңкелі, оның ішінде криминалды кәсіпкерлік етек алды, ол:

- заңды экономикалық едәуір қаражатын бақыланбайтын салаларға аударуға;
- соның нәтижесінде инвестициялар мен айналымдағы қаражаттың көлемінің азаюына, өндірістің тоқтауына, салық және бюджетке түсетін басқа төлемдердің азаюына немесе толықтай тоқтауына алып келді.

Үшінші кезең (1993–2000 жж.)

Бұл кезеңде мемлекеттік салық қызметі органдарының жүйесі реформаға ұшырады, салық тергеу бөлімшелерінің негізінде барынша мамандандырылған автономды құқық қорғау органы – Салық полициясының Бас басқармасы (ГУНП) құрылды.

Экономикалық қылмыстылыққа да қарсы тұратын бұл ұйымдық модельді қайта құрудағы мақсат – көлеңкелі экономикамен ашық күрескеннен нәтиже шықпаған соң биліктің оның қаражатының бір бөлігін салық санкциясы арқылы алуға талпынысы болатын.

Ұйымдастырылу жағынан да, құрылымдық тұрғыдан да салық полициясы бірегей құқық қорғау органы болды, ол анықтама, алдын ала тергеу, жедел іздестіру функцияларымен қатар, салық-тексеру жұмыстарын іске асыру мүмкіндігін алды. Сондықтан да салық органдары салық төлейтін кәсіпкерлерді бақылайтын бірден бір құрылым болмады.

Бұл модель, бір жағынан, мемлекеттің экономикалық қылмыстылықпен күресін күшейткендей болды, ал екінші жағынан, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті оперативтік қызметтері мен Салық полициясы арасындағы байланысты жаңа сапаға көтеру керек екендігін көрсетті, себебі олар бір кеңістікте бір жұмысты қайталауға тиіс емес еді. Мұндай проблема салық-тергеу жұмысы саласында салық полициясы мен салық орган-

дары арасында туындады. Оның үстіне Салық полициясының органдары өз жұмыстарын экономикалық қылмыстармен күресу жөніндегі аппарат жұмысымен үйлестіре алмады, елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмысына кедергі келтірді.

Төртінші кезең (2000–2001 жж.)

Бұл кезеңде республикалық экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты барлық проблемаларды өз мойнына ала алатындай бірыңғай құқық қорғау органын құру мәселесі туындады.

Бір жағынан, Салық полициясының қандай тергеу жүргізетіндігін заңда анықтау бұл мәселенің көтерілуіне себеп болды, ал бұл көрсетілген құқық қорғау органын экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды айқындайтын, ашатын, тергейтін, олардың алдын алатын және жолын кесетін «экономикалық» полицияға айналды.

Бұл жердегі стратегиялық мақсат – шаруашылық және қаржы-шаруашылық саласындағы көлеңкелі экономиканы ығыстырып шығару және ұйымдасқан қылмыстылықты жою еді. Сондықтан да экономикалық қылмыстылыққа қарсы тұрудың ұйымдық моделін мүлде өзгерту ұсынылды, ол үшін Салық полициясы комитетінің базасында салыққа байланысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды ғана емес, экономикалық қауіпсіздік саласында жасалатын қылмыстарды да ашып, тергейтін құқық қорғау органын құру керек болды. Мұндай модель бойынша Ішкі істер министрлігі адамға және меншікке қарсы қылмыстарды ашып, тергеумен, ал ҰҚК бөлімшелері – мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етумен айналысуға тиіс болды.

Мұндай реформаның бір варианты – Салық полициясын Қаржы полициясына өзгерту, ал қаржы-кредит, бюджет және салық қатынастарын қылмыстық қол сұғудан қорғаған болар еді.

Бұл сияқты модернизация күрделі процесс және біржақты нәтиже бермейді. Ведомство неғұрлым ірі және ол шешетін мәселелер неғұрлым көп болған сайын оны басқару да қиындайды. Мұндай қайта құру Ішкі істер органдары құрамындағы экономикалық қылмыстармен күрес қызметін 9-басқарманы тартумен байланысты болар еді, ал оның көптен жинақталған тәжірибесі, қалыптасқан кәсіби ұжымы бар. Бұл жағдайда ол басқарма криминалдық полиция, ұйымдасқан қылмыспен

күрес басқармаларымен, полиция бөлімдерімен байланысын үзген болар еді.

Мұндай модернизация экономикалық қызмет саласында қаржы және салық қылмыстар ғана емес, иелену және жұмсап қою, алаяқтық, жалған ақша шығару, мемлекеттік қызметкерлерді сатып алу сияқты қылмыстардың жасалатындығын ескермеді[5, 264-6].

Бесінші кезең (2001 жыл және осы уақытқа дейін)

Бұл кезеңде құқық қорғау және бақылау – тексеру функцияларын құрылымдық қамтамасыз ететін ұйымдық модель тағы да өзгерді. ПМ-нің 9-департаменті таратылғандықтан Салық полициясы органдары да реформаланды, олардың орнына өзінше дербес Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес жөніндегі Агенттік (Қаржы полициясы) құрылды, ол тікелей ҚР Президентіне бағынды. Ал мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету функциясы ПМ-нің 4-департаментіне жүктелді.

Бұл реформа биліктің фискальды блок пен салықтағы тергеу блогын бір ведомствоға біріктіретін бірыңғай салық әкімшілігін құрғысы келмейтіндігін көрсетті. Функциялардың қабаттаса қатар жүруі жайында, Ішкі істер органдарының 9-басқармасы атқаратын функцияны бұрындары Салық полициясының сондай бөлімшелері де қосарланып атқаратын.

ЭСҚКА-ін және оның жергілікті жерлердегі органдарын (Департаменттер) құру оның ішкі құрылысы туралы мәселені көтерді. Автор бұған байланысты үш функцияны құрылымдық қамтамасыз ету қажет деп санайды.

Біріншіден, жедел-іздігі қызметі және оған байланысты оперативтік қызмет көрсету институтын дамыту, ал салыққа қатысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды, сондай-ақ экономика саласындағы басқа да жанама іс-әрекеттерді ашу міндетін орындайды.

Екіншіден, бұл салық төлеушілердің салық заңдарын құқықтық режимде сақтауын тексеруді құрылымдық қамтамасыз ету, ол үшін қаржы полициясының бөлімшелерінде салық құқық бұзушылығын жедел құжаттайтын қызмет типтес мамандандырылған бөлімше құру керек.

Үшіншіден, Қаржы полициясына бақылау-тексеру өкілеттілігін беруде проблемалық сипат бар. Әдетте салық және қаржы бақылауы функциясын мемлекеттің мамандандырылған институты қамтамасыз етеді, ол

құқық қорғау органдарына жатпайды. Бірақ Салық полициясы үшін бұл ереже сақталмады. Сонымен қатар заң шығарушы 1999 жылы Салық полициясы үшін, құқық қорғау органы ретінде тексерудің айрықша түрін енгізді, тиісті өкілеттік берді.

ЭСҚКА-ға тиісті өкілеттіктер беруді салмақтай келе, автор, оларды бұл оперативтік қызмет құрамындағы Салық тергеулерінің басқармасы құрылымдық қамтамасыз етуге тиіс деп есептейді.

Оның құрамында салық тергеулерін ұйымдастыру бөлімін құрған жөн, ол:

- салық тергеулерін іріктеу, есепке алу және іске асыру жүйесін құрады;

- тергеуге жататын материалдардың жергілікті жерде қаралуын және шешім қабылдау үшін материалдар дайындауды қамтамасыз етеді;

- көлеңкелі экономикаға тартылған салалар мен қызмет түрлерін анықтайды;

- заңға сүйене отырып салық тергеулерінің әдістемесін жасайды.

Сонымен қатар бұл бөлім салық тергеулерінің төменгі тұрған бөлімшелеріне қатысты ақпараттық-талдау және бақылау функцияларын да атқарады.

Салық тергеулері басқармасының құрамында, автордың пікірінше, мынадай бөлімдер болуға тиіс:

- тергеуге дейінгі тексеру;

- салық тергеулерін құқықтық және методологиялық қамтамасыз ету бөлімі;

- ақпараттық-талдау бөлімі.

Тергеуге дейін тексеру бөлімі алдын ала анықтау функциясын атқара отырып сол органның өкілеттілігін алады, ал ҚДЖК-нің 200-бабына сәйкес қылмыс белгілері болған жағдайда қылмыстық іс қозғап, дереу (5 тәулік ішінде) тергеу әрекеттерін жүргізуге мүмкіндік алады.

Күш-жігердің бірігуін керек ететін мәселелерді шешуде Салық полициясы органдар мен салық органдарының ведомстволық өзгелігін жеңу керектігіне автор назар аударады. Бұл тұрғыдан алғанда, жергілікті жерлердегі тексерулердің нәтижесіне байланысты тез шара қолдану мақсатында Қаржы полициясының қызметтерін салық инспекциясына уақытша жіберіп алу тәсілі қолданылса. Ол үшін алдымен құқық бұзушылықтың бар-жоғын анықтап, болған жағдайда оны дұрыс саралау керек және оны қоғамға қауіпті деп танып,

қылмыстық жазалау шарасын қолдануға болады деген шешімге келу керек[6,104-б].

Ел өміріндегі жаңа төңкеріспен байланысты әлеуметтік былық экономикалық қылмыстарға қарсы тұруды ұйымдастыру процесіне де өз ықпалын тигізді.

Осы мақалада айтылғандарды түйіндей келе мына тұстарды көрсете кеткенді жөн көреміз:

1. Шағын және орта бизнесті дамытуда – атқарушы биліктің қажетті ресурсы бар мамандандырылған органның бір орталықтан ұйымдастыруы да кәсіпкерлердің құқыққа қайшы іс-қылықтарына тежеу болар еді. Кәсіпкерлікті аймақтық деңгейде қолдаудың да маңыздылығы бар. Алдын алу функциясын Сауда-өнеркәсіп палатасы және оның жергілікті жерлердегі органдары, өзге қоғамдық құрамалар түріндегі азаматтық қоғам институттары да қамтамасыз ете алады.

2. Кәсіпкерлердің құқыққа қайшы іс-қылықтарына қарсы тұруға бағытталған арнайы ұйымдық шаралар, егер олардың нәтижесінде оңтайлы ұйымдық модель жасалса, табысты болды деп саналады. Бақылау-тексеру функцияларын да, қылмыстық әділет функцияларын да құрылымдық қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар оның элементтері болуға тиіс. Экономикалық қызмет саласында, оның ішінде кәсіпкерлік саласында әлеуметтік-құқықтық бақылауды құрылымдық қамтамасыз ететін ұйымдық модельдің қазіргі элементтері – мемлекеттік органдар, олар мемлекеттік тіркеу және лицензия беру процедурасын жүзеге асыру арқылы жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлікке кіруін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, құқық қорғау органдары да, бақылау-тексеру органдары да құқық қорғау және бақылау-тергеу функцияларын

іске асыру арқылы кәсіпкерлердің әкімшілік заңдарды сақтауын қамтамасыз етеді, қылмыстық әрекеттердің алдын алады, жасалғандарын ашуға және тергеуге мүмкіндік тудырады.

Көрсетілген органдар арасындағы дұрыс өзара әрекеттік те ұйымдық тұрғыдан проблема болып табылады, оларда әртүрлі, бірақ бірін бірі толықтыратын мүмкіндіктер бар. Өздеріне жүктелген міндетті ұтымды шешу үшін құқық қорғау органдарына да, бақылау-тексеру органдарына да қажетті мәліметтердің ведомствоаралық банкын құрған жөн. Кәсіпкерлер жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстарды ашу және тергеу кезінде бірлескен бұйрық беру, берлескен келісім жасау практикасын қолдану керек деп санайды автор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Указ. соч. Алауханов Е.О. Психология криминального поведения в предпринимательской деятельности и предупреждение преступлений в сфере экономики // Материалы НПК. – Т.: ТГЮИ, 2003. – 390 с.

2 Алауханов Е.О., Зарипов З.С. Криминология: Учебник. – Алматы: Юридическая литература, 2008. – 350 с.

3 Тотьев К.О. Предпринимательское право: Учебное пособие. – М.: Профобразование, 2003. – 267 с.

4 Каиржанов Е.И. Криминология. Общая часть. – Алматы: Өркениет, 2000. – 288 с.

5 Платонов К.К. Краткий словарь системы педагогических понятий. – М., 1994. – 264 с.

6 Каиржанов Е.И. Преступность – явление социальное // Предупреждение преступности. – 2003. - №1. – С. -104.

Исмаилов Атахожа Айдарович

кандидат юридических наук,
Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,

Омарбаева Лаззат Касымбековна

старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
E-mail: Lyaka-64@mail.ru

ПОНЯТИЕ И ПРИЗНАКИ УГОЛОВНОГО ПРОСТУПКА

Резюме: Основанием уголовной ответственности является совершение уголовного правонарушения.

В зависимости от степени общественной опасности и наказуемости деяния уголовные правонарушения подразделяются на преступления и уголовные проступки (в основе деления правонарушений на проступки и преступления лежат два признака: степень общественной опасности, наказуемость деяния).

Уголовный проступок - совершенное виновным деяние (действие или бездействие), не представляющее большой общественной опасности, причинившее незначительный вред либо создавшее угрозу причинения вреда личности, организации, обществу или государству, за совершение которого предусмотрено наказание в виде штрафа, исправительных работ, привлечения к общественным работам, ареста.

Не является уголовным правонарушением действие (бездействие), хотя формально и содержащее признаки какого-либо деяния, предусмотренного особенной частью настоящего Кодекса, но в силу малозначительности не представляющее общественной опасности.

Түйін: Қылмыстық жауапкершіліктің негізі - қылмыстық құқықбұзушылық болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтар өзінің қоғамға қауіптілігінің дәрежесі және жауаптылығына байланысты қылмыстар мен қылмыстық теріс қылықтарға бөлінеді (құқық бұзушылықтарды қылмыстар және теріс қылықтарға бөлу негіздерінде екі белгі бар: қоғамға қауіптілік дәрежесі, әрекеттің жазалануы).

Қылмыстық теріс қылық – кінәлінің қоғамдық қауіптілігі онша емес, үлкен қоғамдық қауіптілігі жоқ, тұлғаға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке елеулі емес залал немесе залал келтіру қауіпін туындататын әрекет

(әрекет немесе әрекетсіздік) жасағаны үшін айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түрінде жаза қарастырылған.

Осы кодекстің ерекше бөлімінде қарастырылған формальді түрде және кез келген әрекеттің белгілері бар әрекет (әрекетсіздік), бірақ маңыздылығы аз өзінің қоғамдық қауіптілігі жоқтығынан қылмыстық құқық бұзушылық болмайды

Summary: Founding of criminal responsibility is a feaisance of criminal offence.

Depending on the degree of public danger and punishability of act criminal offences are subdivided into crimes and criminal misconducts (in basis of division of offences on misconducts and crimes two signs lie: degree of public danger, punishability of act).

Criminal misconduct is a perfect guilty act (act or omission), not presenting a large public danger, causing insignificant harm or creating the threat of damnification to personality, organization, society or state, for the feaisance of that punishment as a fine, correctional works, bringing in is envisaged to social works, arrest.

An action (inaction) is not criminal offence, although formally and containing the signs of some act envisaged by the special part of the real Code, but by virtue of unimportantness not presenting to public.

Проблема уголовного проступка обсуждается в юридической литературе более 25 лет. Модернизация уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного и административного законодательства, проводимая в последние годы в Казахстане, продиктована необходимостью усиления конституционных гарантий защиты прав личности, обеспечения эффективности судопроизводства и мер правовой ответственности, необходимостью дальнейшего повышения конкурентоспо-

сособности национальной правовой системы. Действующие Уголовный и Уголовно-процессуальный кодексы РК приняты 17 лет назад. За эти годы в них внесены сотни изменений и дополнений. Необходимость изменения государственной политики в сфере реформирования уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного законодательства является объективной и стала следствием перехода Республики Казахстан к цивилизованным рыночным отношениям, ведь вся жизнь определяется состоянием экономической базы»[1].

В уголовном законодательстве ряда восточноевропейских стран категория уголовных проступков уже обособлена в соответствующую классификационную группу. Причем, по признанию многих зарубежных и отечественных ученых-юристов, разграничение уголовно-противоправных деяний на преступления и проступки доказало свою эффективность»[2].

Уголовный проступок — непроступное правонарушение. На это указывает сам термин «проступок», применяемый в праве для обозначения деяний, отличных от преступлений.

3 июля 2014 года был принят новый Уголовный Кодекс Республики Казахстан, состоящий из 467 статей против 393 старого Кодекса. Глава государства Нурсултан Назарбаев подписал Уголовный и Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, которые введены в действия с 1 января 2015 года. Задачи Уголовного кодекса остались неизменными и соответственно задачами Уголовного кодекса являются защита:

- прав, свобод и законных интересов человека и гражданина, собственности;
- законных интересов организаций;
- общественного порядка и безопасности;
- окружающей среды;- конституционного строя и территориальной целостности Республики Казахстан;
- охраняемых законом интересов общества и государства от общественно опасных посягательств, а также:
- охрана мира и безопасности;
- предупреждение уголовных правонарушений.

Для осуществления этих задач Уголовный Кодекс устанавливает основания уголовной ответственности, определяет какие опасные для личности, общества или государства дея-

ния являются уголовными правонарушениями.

Основу для формирования категории уголовных проступков должны составить правонарушения, не представляющие большой общественной опасности. При определении круга уголовных проступков полезно учитывать практику судов по делам о подобных правонарушениях и освобождения лиц от уголовной ответственности, а также уровень правосознания граждан.

Понятие уголовного проступка и преступления четко разграничены в законодательстве многих государств. Статьей 4 УК РК указано: «Единственным основанием уголовной ответственности является совершение уголовного правонарушения, то есть деяния, содержащего все признаки состава преступления либо уголовного проступка, предусмотренного настоящим Кодексом. Никто не может быть подвергнут повторно уголовной ответственности за одно и то же уголовное правонарушение. Применение уголовного закона по аналогии не допускается»[3].

Уголовным проступком признается совершенное виновно деяние (действие либо бездействие), не представляющее большой общественной опасности, причинившее незначительный вред либо создавшее угрозу причинения вреда личности, организации, обществу или государству, за совершение которого предусмотрено наказание в виде штрафа, исправительных работ, привлечения к общественным работам, ареста.

За совершение уголовного проступка квалифицирующегося соответствующей статьей Уголовного Кодекса предусмотрено наказание в виде штрафа, исправительных работ, привлечения к общественным работам и арест.

«Смысл выделения уголовных проступков в том, чтобы быстро разрешить правовой конфликт там, где слишком долго расследовать ничего не нужно. Все деяния, которые не характеризуются тяжкими последствиями подлежат наказыванию не сурово, но стремительно»[4].

Уголовный проступок определяется по двум критериям: общественная опасность совершенного деяния и наказания, наказание предусмотрено в виде штрафа и административного ареста.

В связи с этим часть тех правонарушений, которые предусматривают штрафные санкции и административный арест перене-

сены в уголовный кодекс в качестве уголовного проступка.

К уголовным проступкам целесообразно причислить и неосторожные преступления, не причиняющие большого вреда. Кроме того, сюда можно отнести некоторые административные деликты (мелкое хищение чужого имущества, управление транспортными средствами в состоянии опьянения, мелкое хулиганство, злостное неповиновение законному требованию работника правоохранительных органов и др.).

Обосновывая необходимость установления нового вида правонарушений, Г. А. Кригер подчеркивал непосредственную близость уголовных проступков и преступлений, сходство их социальной природы, характера и степени общественной опасности. Кроме того, благодаря этому исключается дублирование большинства институтов Общей части уголовного права, которые, в принципе, должны быть едиными для обеих разновидностей уголовно, противоправных деяний (форма вины, необходимая оборона, крайняя необходимость, соучастие, добровольный отказ и др.). Данное решение, считает автор, обзывает вдобавок к строгому ведению статистического учета преступлений и проступков»[5].

Да и сам термин «уголовный проступок», прочно вошедший в лексикон юристов, может означать лишь одно: ответственность за подобные деяния должна предусматриваться уголовным законом. При формулировании оснований уголовной ответственности в законе необходимо установить, что она возлагается лишь на лицо, совершившее преступление или уголовный проступок.

За уголовные проступки следует предусмотреть особые меры уголовно-правового воздействия (например, арест, исправительные работы, лишение права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью, штраф), по своей жесткости являющиеся чем-то средним между видами уголовного наказания и административными взысканиями. Учитывая большую репрессивность этих мер по сравнению с административными, правом их применения целесообразно наделить только су как орган, который должен выносить определение.

Остался неизменным принцип деления преступлений (и только преступлений) в зависимости от характера и степени общественной

опасности на преступления небольшой, средней тяжести, тяжкие и особо тяжкие преступления. Правила дифференциации преступлений также сохранены.

ГФР-де жұбайлардың әрқайсыларының өз фамилиясы туралы сұрақ некелесуде шешеді: «егер олар бір келісімге келмесе, жұбайлар күйеу немесе әйелдің қыз күндегі тегін», ал «ортақ фамилия күйеудің ортақ фамилия ретінде анықтай алады» болып табылады. Мұндай әйелдің дискриминациясын жеңілдету үшін ГГУ күйеуіне құқық береді, оның фамилиясы ортақ болып табылмайды. Ерекше құқықты рөлі күйеудің кісі атының Англия, АҚШ, Францияда және кейбір басқа елдер дәстүр бойынша байқалады.

Отбасылық құқық жанұядағы күйеудің шүбәсіз өкіметі дәстүрлерден бас тартады, соның ішінде (домицилия) жанұяның тұратын жерінің таңдауында.

Ерлі-байлының аралығында қатынастардың едәуір бөлігі (Жапония) іс жүзінде бұнымен біргенің жағдайларымен моральнің салттармен және нормаларымен реттеледі. Азаматтық кодекспен олардың арасындағы мүлкітік қатынастар жұбайлармен және сұрақтардың арасындағы некелесу, жұбайлардың ортақ фамилиясы, істестік және өзара көмек, кәмелетке жетуді табыстың сұрақтарымен қайта шектеледі.

Англосаксон елдеріндегі жұбайлық қатынастардың регламенттеуінің ерекшеліктері. Елдер некелесуді негізгі заңға сүйенген зардап бұл консорциум оған ерлі-зайыпты адамның біріктіруі, жасауында болады. Ағылшын әдебиетінде де, американдық әдебиетінде де толық анықтамасы берілмеген.

Жұбайлардың мүлкіті дүниенің ортақтығының ресми тәртібі Франция, Испания, кейбір АҚШ штаттарындағы Заңы, бөлектіктің тәртібін ескереді - Англия заңы, кейбір АҚШ штаттары, және т.б. Аралас тәртіп (бөліп қойылған ортақтықтың тәртібі) ГФР-де, Финляндияда, Исландияда, Швецияда, Данияда және Норвегия бар.

Шет елдердегі отбасылық құқығы ата-аналармен және балалардың арасындағы қатынастарға зер салады. Бұл қарым-қатынастар некеде де (балалардың туу және тәрбиесі), ажырасудан кейін де (алимент беруі) пайда болады. Баланың тууы, некеде тұрған кезде,

әкесі мен шешесінің нұсқауымен оның туған баласының (жұбайлардың өзара өтініші бойынша) тіркеуі жолымен бекітіледі.

Ортақ құқық елдеріндегі, Англияда және АҚШ-та, баланың туған кезінен бастап «ата-аналардың қорғауларына» түседі. Сонымен бірге осы қорғау кешен ойлайды дұрыс айтады және ата-аналардың міндеттерінің балалардың қатынасында, соның ішінде балалардың қызмет құқығы, олардың емдеуіне олардың дүниесінің қамқоршысы болып, балалардың олардың тұлғаларынан талап ету құқығы.

Ағылшын-американдық елдердің заңы ата-аналардың міндеттерін атап айтпайды, бірақ балаларға мектепке қатысуын қадағалауды қарастырады. Бұл міндеттер дегенмен жиі сақталмайды: Испанияда, Францияда, Англияда және т.б. елдерде мыңдаған балаларда мектеп жас шамасындағы мектепті бітірмейді, болашақта ата-аналармен бірге көп сағат бойы жұмыс істеу керек. Кешенді құқық және ата-аналар және балалардың міндеттері олардың өзара алименттеуімен байланған. Әлбетте балаларды асырауға алименттер ата-аналар береді, олардан бөлек тұратын ата-аналар, балалардың белгілі бір жасқа толғанша дейін, көп жағдайда 18 жасқа толғанша дейін. Өз кезегінде балалар кейбір жағдайларда өзінің ата-аналарын бағуы міндетті. Шетелде шетел азаматымен құрылған неке жарамды немесе жарамсыз деп, сол мемлекеттің неке құрылған неке территориясының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы.

Әдебиеттер

1. Омар, Б.М., Битұрсын Ғ.Ш., Баетов Е.Р. Азаматтық құқықтық қатынастар: жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы/ Б.М., Омар, Ғ.Ш., Битұрсын Е.Р. Баетов.- Түркістан, Баспа – «Тұран» 2012.-280б.

2. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі

3. Балалар құқығы туралы Конвенция (Нью-Йорк, 20.11.89.ж). ҚР Қаулысымен 08.06.94 бекітілген.

4. «Балаларды (қыздарды) асырап алуға байланысты істерді қарау кезінде соттардың Неке және отбасы туралы заңнамаларды қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сот Пленумының Қаулысы 22.12.2000.

Муратова Гулзада Таубатыровна
құқықтану магистрі, аға оқытушы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университет

Дулатова Гүлбақыт Сейсенбековна
құқықтану магистрі, аға оқытушы, gulbakyt_dulat88@mail.ru
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университет

ӨМІР БОЙЫНА БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ШЕТЕЛ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: Аталған ғылыми мақалада өмір бойына бас бостандығынан айыруды Қазақстан Республикасы мен шетел заңнамаларында қолдану ерекшеліктері қарастырылған. Өмір бойы бас бостандығынан айыру өзінің Қазақстан Республикасының қылмыстық жазалар жүйесінде орын алуымен екі қарама-қайшы тенденцияны алға тартады – жазаны ізгілендіру және мемлекеттің жазалау саясатын күшейту: адамның өмірін сақтай отырып, қылмыстық жазаның ең қатаң шарасы болып табылады.

Резюме: В статье рассматривается особенности применения пожизненного лишения свободы в Республике Казахстан и зарубежом. Пожизненное лишение свободы продолжает вызывать неоднозначное к себе отношение представителей различных слоев населения, а также самих осужденных, тем более, что опыт его применения в нашей стране еще не столь велик. Позиции по этому вопросу в обществе и среди научных работников противоположны и в значительной мере связаны с отношением к институту смертной казни.

Summary: The article considers: life imprisonment deprivation of freedom by its existence in the criminal punishment system of the Republic of Kazakhstan presents two contradictory trends - leniency and strengthen public punishment policy: it remains as the heaviest criminal penalties, at the same time. Life imprisonment punishment consist of "appointing perpetrators of serious crime as murder and terrorism. Criminals condemned by law for an indefinite period and sent to the colony of special treatment".

Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, қылмыстық саясат екі векторлы бағытта болу қажет: бір

жағынан – қоғам мен мемлекет үшін аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін жауаптылықты қатандату және екінші вектор – бұл жеңілдету, қоғамға үлкен қауіп туғызбайтын қылмыстар үшін жазаны ізгілендіру, ауыр емес қылмыс жасаған адамдарға ізгілікпен қарау.

Елбасының алға қойған маңызды міндеттерінің біріне өлім жазасын қолдануға мораторий енгізу үшін ұйымдық, материалдық және заңнамалық шарттарды жасауды жатқызуға болады. Президентпен қойылған міндеттерді орындау біздің елімізге Еуропа қауымдастығына толыққұқылы мүше ретінде кіруге мүмкіндік береді, өйткені өлім жазасын қолданудан бас тарту, осы беделді ұйымға қабылдаудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда жасалған батыл қадам – өмір бойы бас бостандығынан айыруды енгізу болып табылады. Осы жаза ғана өлім жазасына нақты балама ретінде танылды.

Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазаның ерекше түрін (өлім жазасын) біртіндеп ығыстыруға және алмастыруға қабілеті бар қорқытудың жеткілікті деңгейде жоғары потенциалына ие. Еуропаның барлық мемлекеттері өлім жазасын өмір бойы бас бостандығынан айыруға алмастыра отырып, заңнамада және іс тәжірибеде жазаның жоғарғы түрінің сақталуы мен қолданылуынан бас тартып, осы жолмен келеді.

Мұндай қадам әлемдік тенденцияларға толық сәйкес келеді, бірақ өмір бойы бас бостандығынан айыру біздің республикамызда салыстырмалы түрде жаңа қылмыстық-құқықтық институт және құқыққолдану тәжірибесінде әзірге жүзеге асырылмаған.

Егер бұл жазаның пайда болу тарихы жөнінде айтар болсақ, онда өмір бойына бас бостандығынан айыру жаза туралы Жинақта белгіленген болатын және Ресейде 1917

жылға дейін қолданылған. Бұл жаза алқа билер сотымен тағайындалатын болған. Мысалы, белгілі мерзімсіз каторгаға жер аударуға және т.б. Кеңес кезеңінде өмір бойы бас бостандығынан айыру заңнамадан жойылды. Бірақ, «ату» баптары белсенді түрде қолданыла бастады. 80-жылдардың аяғында Ресей Еуропа Кеңесіне кіруге ынта жасай бастаған уақытта, онда екі миллионға жуық сотталған адамдары болған, және аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға өлім жазасы жиі қолданылған. Сол уақытта Кеңестік Ресей алдына Еуропа Конвенциясына сәйкес адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша бірнеше шарттар қойды, оның ішінде өлім жазасын жою туралы да мәселе қойылған болатын. Осыдан келіп Ресейде «өмір бойына» қамау туралы ой туындады. Бұл жағдайды бірегей деп атауға болады, өйткені сол кезде күшінде болған қылмыстық кодексте мұндай жаза түрі болмаған [1].

Алайда, сол кезде Ресейде мұндай қадам құқықтық жағынан да экономикалық тұрғыдан да есептелінбегендігін айту керек. Схема былай болды. «Өлімге кесу» үкімдеріндегі қылмыстық істер Жоғарғы Сот пен Бас прокуратураға сараптама жүргізу үшін жіберіліп тұрған. Қылмыстық-құқықтық саралау дұрыс берілген, яғни үкім заң шеңберінде шығарылған деген қорытынды берілген соң іс Президент қарамағындағы кешірім жасау бойынша комиссияға келіп түсетін. Оны жазушы Анатолий Приставкин басқарған болатын. Және де сотталған адам кешірім жасау туралы сұраныс жасаған, жасамағандығына қарамастан құжаттар мемлекет басшысына дайындалатын болған. Өзінің жарлығымен ол жазаны өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстыра алған. Басқа сөзбен айтқанда, 96-жылға дейін осының барлығы соттан тыс тәртіппен жүзеге асқан.

1996 жылы ғана Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексіне өмір бойы бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны белгілейтін бап енгізілді, және де бұл жаза соттық тәртіппен тағайындала бастады. Қазір Ресейде 800-ге жуық сотталған адам өмір бойы бас бостандығынан айыруға кесілген. Олар Свердловск және Вологодск облыстарының колонияларында жазасын өтеуде. Сонымен, жаңа Ресей Қылмыстық кодексінде өмір бойына бас бостандығынан айыру қылмыстық-құқықтық әсер етудің дербес шарасы болып табылады.

Бұл жаза жазалар жүйесінде қарастырылған және жеке баппен реттелген (РФ ҚК 44 және 57 баптары).

Алғашқы рет Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексінде өмір бойы (мерзімсіз) бас бостандығынан айыру тәрізді жазаның жаңа түрі енгізілді [2]. Алайда, мұндай жаза біздің қылмыстық кодексімізде жазалар жүйесіне енгізілген жоқ.

2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бөлім, 46-бабының 4-тармағында өмір бойына бас бостандығынан айыруға бас бостандығынан айырудың бір түрі ретінде сипаттама берілген. Оған сәйкес: «Өмір бойына бас бостандығынан айыру аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде қолданылуы мүмкін. Өмір бойына бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды. Кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін» [3].

ҚР ҚК «өмір бойы бас бостандығынан айыру» терминіне анықтама берілмегендігін айту қажет. Заңшығарушы тек белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ғана анықтама берген: «Бас бостандығынан айыру сотталушыны колония қонысқа жіберу, жалпы, қатаң, ерекше режимдегі түзеу колониясына немесе түрмеге отырғызу жолымен оқшаулаудан тұрады» (ҚР ҚК 48-бабы).

Жаза алдына қойған мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Жаза мақсаттары – қылмыстық жауаптылықты белгілей келе, қылмыс жасаған адамды қылмыстық жазаға тарту арқылы осы шараны жүзеге асыра отырып мемлекеттің оған жетуге ұмтылыс жасайтын соңғы нәтижелер.

Жазаның мақсаттары әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру болып табылады.

Профессор Е.О.Алаухановтың пікірінше әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге жазаны жазалаушылық қасиетімен қол жеткізуге болады. Заңда әлеуметтік әділеттілік жазаның мақсаты деп көрсетілгендіктен, судья жаза тағайындауға өте жауапты қарауға тиіс [4].

Кейбір авторлар өмір бойына бас бостан-

дығынан айыру жазаның барлық алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру үшін белгіленген, бірақ оларға жету деңгейі әртүрлі деген пікірді қолдайды.

Әлеуметтік әділеттілік объективті және субъективті мүмкін шектерде қалпына келтірілетіндігін түсіну маңызды.

Жазаның басқа мақсаты – сотталған адамды түзеу.

Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сәйкес, аталған мақсатқа жету деңгейіне қатысты заң әдебиеттерінде әртүрлі пікірлерді кездестіруге болады. Мысалы, А.П.Детков «өмір бойы бас бостандығынан айыруда түзеу мақсаты жалпы алғанда кері қайтарылмайды. Бірақ ол барынша нақтыланған сипатта болуы қажет және де бүгінгі таңда бостандықтағы өмірге тікелей дайындық (ресоциализация) ретінде түсіндірілмеуі керек. Оның жүзеге асырылуы сотталған адамның адами қасиеттерін сақтауға бағытталған» деп санайды.

Автордың пікірінше, бұл жаза түрін өтеу жағдайлары оны жүзеге асыруды қиындыққа соқтыратындығына қарамастан, өмір бойы бас бостандығынан айыруға қатысты түзеу мақсатын қабыл алмауға болмайды. Онымен қоса, сотталған адамды түзеу мақсатынан бас барту жазаға сазайын тартқызу актісі ретінде көзқарасқа қайта оралуды білдіреді [5].

Өмір бойы бас бостандығынан айыру қылмыстық жазаның түрі ретінде біздің мемлекетімізде ұзақ уақыт болмағандығын ескерсек, онда оны қолдану тәжірибесі аталған жаза бірнеше онжылдықтар бойы қолданылып келе жатқан шет мемлекеттердің тәжірибесіне негізделуі тиіс.

XX ғасырдың басында көптеген шетел мемлекеттерінің қылмыстық жаза жүйесінде өмір бойына түрмеге қамау өлім жазасын біртіндеп ығыстыра бастады.

Бұл тенденция әсіресе 1949 жылы Еуропа Кеңесінің пайда болуынан және Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның қабылдануынан кейін айқындала бастады. Кешірек, 1983 жылдың 24-сәуірінде Стразбургте Еуропалық Конвенцияға қосымша №6 «Өлім жазасын жоюға қатысты» Протокол қабылданды. Құжаттың 1-бабында мемлекеттердің – Еуропа Кеңесі (ЕК) мүшелерінің өлім жазасын қолданудан бас тартуы қарастырылған. Сонымен қатар, 2-бапқа сәйкес, мемлекет – ЕК мүшесі өзінің заңнамасында соғыс кезінде немесе

соғыстың болмай қоймайтын қауіпінде жасалған әрекеттер үшін өлім жазасын белгілеуі мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымымен де ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру мен өмір бойына түрмеге қамау жазаларын орындауды ұйымдастыруға қатысты бірқатар маңызды құжаттар қабылданған. Олардың біреуі белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандармен айналысудың халықаралық стандарттарын белгілеген, қамалғандармен айналысудың минималды стандарттық ережелері. Алайда, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтейтін адамдар бұл құжаттың авторларының назарынан тыс қалған.

Ұзақ мерзімді бас бостандығынан айыру мен өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолданумен байланысты мәселелер алғашқы рет қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушылармен айналысу бойынша БҰҰ IV Конгресінде мәлімденді (Каракос, 1980 жыл, тамыз-қыркүйек). Атап айтқанда, жаза мақсаттарына жету үшін ұзақ мерзімді бас бостандығынан айыруды және өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды қоғамдағы өмірге қайта оралту үшін тиімді шараларды қабылдау қажеттілігі белгіленген.

Барлық шет мемлекеттердің заңнамасында өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын қолдану саласында өзіндік ерекшеліктері бар.

Америка Құрама Штаттарының федералды заңнамасына сәйкес, өмір бойына бас бостандығынан айыру өлім жазасына да және мерзімді бас бостандығынан айыру жазасына да болама ретінде тағайындалуы мүмкін.

Көптеген штаттарының заңнамасы бойынша өмір бойы бас бостандығынан айыру сот үкімімен белгілі бір мерзімге, сондай-ақ анықталмаған мерзімге де тағайындалуы мүмкін. Бірінші жағдайда тағайындалған жаза мерзімі адам өмірінің физикалық ұзақтығынан асып кетуі мүмкін (сот 200 жылдық жаза мерзімін тағайындауы немесе үш өмір бойы бас бостандығынан айыруға кесуі мүмкін). Екінші жағынан, көп жағдайларда соттар өмір бойы бас бостандығынан айыруды тағайындай отырып, сотталған адамды бақылау арқылы мерзімінен бұрын босатылу туралы өтініш беру құқығы 20, 25 немесе 50 жыл өтегеннен кейін пайда болады деп тікелей үкімде көрсетеді. Өмір бойы бас бостандығынан айырудың анықталмаған мерзімінде пробация қызметіне сотталған адамды мерзімінен бұрын босату

туралы мәселесін реабилитациялық бағдарламалардың әсерінің тиімділігіне байланысты (нашақорлықтан емделу, сотталғандардың өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмыстарына қатысу, колледжде оқу және т.б) шешу мүмкіндігі беріледі.

Толық көлемді қамауды қамтамасыз ететін елдердің ішінде АҚШ атауға болады.

Ауыр қылмыстар үшін АҚШ-да толық өмір бойына бас бостандығынан айыру – америка саясатының салдары болып табылады. 2003 жылдан бастап АҚШ-ның 38 штатының 35-і өлім жазасын қолданумен қоса, өмір бойы бас бостандығынан айыруды қолданады. Өлім жазасы қолданылмайтын 12 штатында, Алясканы қоспағанда, босатылу құқығынсыз қамау енгізілген.

АҚШ федералды жүйесінде 25552 адам босатылу құқығынсыз өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеген, оған қоса 80220 адам өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын және шамамен 120 000 адам 20 жылдық мерзімге қамауды өтеген. Бұл шамамен түрменің жалпы халқының 6%. Бұл әлемдегі ең үлкен түрме халқы. Әлемнің түрме контингентінің 25%, жер шарының жалпы халқының 4%.

Сотталғандардың жалпы санының ішінде өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамдардың саны әлемнің жекелеген елдерінде әр түрлі: Солтүстік Ирландияда 20%-дан, Исландияда 0%-ға, дейін. Басқа мемлекеттердегі көрсеткіш мынадай: Шотландия – 11,2%; Англия және Уэльс – 7,5%; Италия – 3,0%; Австрия – 2,9%; Финляндия – 2,2%; Түркия – 4,4%; Швеция – 2,0%; Венгрия – 1,9%; Франция – 1,6% .

Канадада өмір бойы бас бостандығынан айыру міндетті түрде қасақана адам өлтіру үшін тағайындалады. Бірінші дәрежелі кісі өлтіру – аса ауыр қылмыс (адамға қызметтік борышын орындау барысында қаза келтіру немесе нәпсіқұмарлық сипатындағы күш қолдану немесе адамды ұрлау барысында кісі өлтіру), жасаған жағдайда мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі 25 жылды өтегеннен кейін туындайды.

Германияда өмір бойы бас бостандығынан айыру қылмыстардың 19 құрамы бойынша тағайындалады, оның ішінде 15 құрам бойынша мерзімді бас бостандығынан айырудың баламасы ретінде, ал 4 құрам бойынша баламалы емес жаза (ауыр кісі өлтіру, кісі өлтіру,

геноцид, автокөлік жүргізушісіне қарақшылық шабуыл жасау) ретінде тағайындалады.

Германия түрмелерінде сотталған адамдарды босатуға дайындауға үлкен көңіл бөлінеді. Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар онда босатылудан бір жыл бұрын ауыстырылатын ашық түрмелер де бар. Олардың терезелерінде темір торлар жоқ, онда сотталғандар тамақ дайындап, өздерінің киетін еркін киімінде жүреді, достары және жақындарымен телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігі бар, жұмысқа қалалық көлікпен барады.

Польшаның ҚК сәйкес өмір бойы бас бостандығынан айыру бірқатар қылмыстар үшін тағайындалуы мүмкін: адам өлтіру; халықаралық құқықпен тыйым салынған жаппай қырып-жою құралдарын қолдану; соғыс тұтқынын өлтіру арқылы халықаралық құқықты бұзу; Польша Республикасының Президентінің өміріне қастандық жасау. Заңшығарушымен 25 жылын өтегеннен кейін мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігі қарастырылған, онымен қоса заң жазаны өтеу барысында сот бұл мерзімді көбейте алатындығын (сот тәжірибесіне міндетті түрде өтелуге тиіс жаза мерзімі 40 жылға дейін созылғандығы жайында бірнеше жағдайлар мәлім) қарастырады. Польшада өмір бойы бас бостандығынан айыруда өтелетін жылдардың орташа мөлшері 25 жыл.

Грецияда өмір бойы бас бостандығынан айыру іс тәжірибеде жазаны түрмеде 25 жылдық мерзімді өтеуді білдіреді, ал мерзімінен бұрын босату туралы өтінішті білдіру мүмкіндігі кемінде 16 жылын өтегеннен кейін пайда болады. Салыстыру үшін: егер сотталған адамға 25 жылдық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған болса, онда мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі жаза мерзімінің 3/5, яғни 15 жылын өтегеннен кейін пайда болады.

Ұлыбританияда өмір бойы түрмеде қамауды орындау жүйесі сотталған адамды түзеу мекемесіндегі жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан, басқа, одан жеңілірек жағдайларына сотталған адамның түзелу деңгейіне байланысты ауыстыру арқылы режимдік талаптарды біртіндеп жеңілдетуге бағытталған. Қазіргі уақытта Ұлыбританияда өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеудің орташа ұзақтығы 17,5жылды құрайды.

Жапонияның қылмыстық заңнамасы өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасынан

кемінде 10 жылын өтегеннен кейін мерзімінен бұрын шартты түрде бостанылу мүмкіндігін қарастырады. Ол үшін сотталған адам анық түзеліп түзеу мекемесі әкімшілігімен жақсы мінезделіп, қылмыстық өмірге оралу қауіпі болмауы тиіс.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды жазаны өтеу барысында бақылау, бейімдеу оларға әсер ету шараларын ұйымдастыру да бүгінгі өзекті мәселенің бірі. Бұл орайда «100 нақты қадам-Ұлт жоспары» аясында мемлекет-жеке меншік серіктестігін дамыту шеңберінде пенитенциарлық инфрақұрылымды жаңғырту мәселесі қолға алынуда. Осы бастамалар жүзеге асырылған жағдайда бас бостандығынан айыру, соның ішінде өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын да өтеу талаптары едәуір халықаралық стандарттарға сәйкестік табады деп сенеміз [6].

Жалпы алғанда өмір бойына бас бостандығынан айыру шет мемлекеттердің қылмыстық және қылмыстық –атқару заңнамаларына сәйкес түрлі сипатқа ие болып, өзінше ерекшеліктерімен қолданылатынын байқаймыз. Бірқатар мемлекеттерде өмір бойына бас бостандығынан айыру негізгі жазалар қатарында көрініс тапқан.

Қорыта айтқанда Қазақстанның қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасына өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасының жазалар жүйесіндегі нақты орны мен жазаны өтеу жағдайларын одан әрі дифференциациялау бөлігіне қажетті өзгерістер енгізу қажеттілігі байқалады.

Өмір бойы бас бостандығынан айыру Қазақстандық Қылмыстық құқықта жазаның жаңа түрі болып табылады. Бұл жаза түрін қолдану тәжірибесі қазіргі таңда бұл жазаның дұрыс орындалуы, әсіресе, мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы қорытынды жасау үшін жеткілікті тәжірибесі жоқ.

Өмір бойы бас бостандығынан айыру институты кешенді әлеуметтік-құқықтық мәселені алға тартады. Оны шешуде өмір бойы бас бостандығынан айыру саяси-әлеуметтік, экономикалық, психологиялық – педагогикалық және құқықтық категория екендігін ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Куркбаев А.Ж. *Пожизненное заключение как мера наказания в уголовном праве Республики Казахстан // Пожизненное лишение свободы: международные стандарты и практика: мат-лы междунар. науч.- практ. конф. – Алматы: «Фирма Киик», 2003.*
2. *Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 1997ж.*
3. *Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2014ж.*
4. Алауханов Е.О. *Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім). Алматы: 2009.*
5. Детков А.П. *Пожизненное лишение свободы: уголовно-правовые и уголовно-исполнительные аспекты: автореф. дисс. ... канд. юрид. наук. –Томск, 1996. – 148 с.*
6. «Ұлт жоспары-100 нақты қадам» ҚР Президентінің 20.05.2015ж Бағдарламасы.

Жаксыбаева Айгул Есеналиевна
Құқықтану магистрі, аға оқытушы, e-mail: aigulzhaksy@mail.ru
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университет

Салыбек Назира Муратовна
Құқықтану магистрі, аға оқытушы,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университет

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ГАРМОНИЗАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Бұл мақалада авторлық және сабақтас құқықтарды қорғаудың унификациялау және гармонизациялау, оларды реформалау мәселелері қарастырылған

Резюме: В данной статье рассматривается проблемы унификации и гармонизации международного и национального законодательства в области авторских и смежных прав и вопросы их реформирования

Summary: This article discusses the problem of unification of gormanizacii international and national legislation in the areas of copyright and related rights and their reform

«Заңнаманы гармонизациялау» ұғымы заң әдебиетінде бүгінгі күнге құқықтық реттеудің бірден бір мақсаты ретінде жиі мынандай сөз тіркестерімен бірге қолданылуда: біркелкі және өзара бірдей саясатты қамтамасыз ету, келісілген саясатты ұйымдастыру, әрекет ету саласын бірдей сипаттау ол дегеніміз аталған ұғымды қалай түсіндіретімізді қамтамасыз етеді[1].

Осы жерде айтып кететін тағы бір жайт, құқықтық жүйелердегі терминдер мен ұғымдарды пайдалануды біркелкілендіру және реттеуді қамтамасыз ету мақсатынан туындайтын, арнайы әдебиетте жоғарыдағы ұғымдардың қатарлас қолдану барлық уақытта мақсатты болып табылмайды.

«Заңнаманы гармонизациялау»- құқықтық реттеудің арнайы осы арнайы мақсатын белгілеу үшін өте көлемді болып табылады, басқалардан негізгі айырмашылығы осы міндетке құқықтық тұрғыдан қарауды білдіреді. Осы кезде, заңнаманы гармонизациялау деп құқықтық реттеудің дербес мақсатын ғана емес, оған жетуге бағытталған қызметтегі үрдісті айтамыз.

Заңнаманы гармонизациялау құқықтық реттеудің халықаралық деңгейі тұрғысынан

қарағанда- бұл құқықтанушылар қызметінің кешенді жүйесі, оған: әр мүдделі тараптардың құқықтық базасының мазмұнын анықтау; салыстырмалы талдау жасау, сәйкессіздіктерді, қарама қайшылықтарды және олқылықтарды анықтау, әр тараптың заңнама өзектілігін және мүмкіндіктерін бағалау; (одақ, шарт және т.б. шегіндегі) біркелкі немесе унификацияланған құқықтық жүйе құру жолдарын және нақты нысандарды жүзеге асыруға қатысты болжам жасау; таңдап алынған гармонизациялау жобасы шегінде заңнаманың белгілі бір объектісін бірыңғай құқықтық кеңістік кіретінін жүзеге асыру бойынша жұмысты ұйымдастыру (заңнаманың осы объектілерімен реттелетін қоғамдық қатынастарды модернизациялауға бойынша жұмыстарды қосқанда).

Сонымен, егер адамның қызметінің әр түрлі саласындағы қоғамдық қатынастар саласындағы біркелкі құқықтық аумақты немесе халықаралық деңгейде біркелкілендірілген құқықтық жүйені құруды гармонизацияланған құқықтық кеңістікті құрудың соңғы сатысы ретінде қарастыратын болсақ, онда осы мақсаттағы жолымызда барлық мүдделі тараптардың құқықтық жүйені жетілдіру бойынша қызмет етудің үлкен бағдарламасын жүзеге асыру қажеттілігі бар.

Зерттеу мақсатына жетудің әдістеріне келесі әдістер жатады:

- жалпы ғылыми әдістер (тарихи, логикалық, жүйелік, қызметтік әдістер);

- жеке-ғылыми әдістер (статистикалық, нақты-әлеуметтік, әлеуметтік-құқықтық эксперимент, салыстырмалы), арнайы құқықтық әдістер (формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтану, құқықшығармашылық эксперимент әдісі).

Аталған зерттеу түрлі құқықтық жүйедегі заңнамаларды гармонизациялаудағы мәселелерді шешу механизмдеріне негізделеді.

Осы зерттеудің әдістемелік негіздеріне: отандық және шетелдік ғалымдардың, мемлекеттік және қоғамдық зиялылар, осы мәселені шешу жолдары жатады.

Құқықтық қатынастар саласындағы жалпы құқықтық кеңістікті қалыптастыру, олардың пәндік және кеңістік сипаттамасынан басқа, барлық уақытта уақыттық шектерінде барымен міндеттер қиындатылады.

Ұлттық құқықтың халықаралық заңнама нормаларымен гармонизациялау өте көлемді үрдіс болып табылады және толық біркелкілендіруге алып келмеуі қажет.

Осы үрдісте нақты құқық жүйесіндегі құқықтық қатынастар осы немесе басқа блоктарын өзара айырмашылығын және реттеу ерекшеліктерін толық анықтау қажет.

Ұлттық құқықтық жүйенің толық унификациясы немесе әр түрлі мемлекеттердегі қоғамдық қатынастардың түрлі сегменттерін құқықтық реттеудің әр түрлілігі және ерекшелігін білдіретін құқықтың ұлттық әдеп-ғұрыптарының ерекшелігінен бас тарту-заңнаманы гармонизациялау мақсаты болып табылмайды. Осы аталғандарды ескере отырып, бұл үрдістің негізінде рецепция қағидасына негізделгендігін, яғни ұлттық заңнамаға өзіне таңсық халықаралық құқық нормаларының көшірілуін немесе мемлекеттің өз заңнамасы өзгертіліп, толықтырылып, тиісті халықаралық актілерге қарама-қайшылықтарды барынша жоюды білдіреді.

Түрлі мемлекеттік жүйе заңнаманы гармонизациялауы, ішкі мемлекеттік заңнамаға өзгертулерді енгізу қажеттілігін туындатады, ол дегеніміз заңды техниканың барлық механизмін жұмылдыруды білдіреді: жалпы барлық деңгейдегі нормаларды, халықаралық актілерді және ішкі заңнама жүйесін келісу. Белгілі бір мемлекеттің әрекеттегі ұлттық құқықтағы түрлі деңгейдегі нормативтік-құқықтық актілердің гармонизациялануының бірнеше түрі бар: құқықтық норма және акт шеңберіндегі гармонизация, тігінен немесе иерархиялық гармонизация және көлденең деп бөлінеді.

Бірінші деңгей (құқықтық норма және акт шегіндегі гармонизациялау) құқықтық норманың және заңды актіні жобалау міндеттерімен және олардың ішкі элементтерін келісумен байланысты болады. Көлденең гармонизациялау, өз кезегінде реттеудің бір пәніне байланысты актілер шегіндегі нормативтік-құқықтық

актілерді келісу деңгейінде орын алады, сонымен қатар құқықтың әр түрлі саласы шеңберінде реттеудің бір пәні шегіндеде жүзеге асырылады.

Осында айтып кеттін жәйт, осы типтегі гармонизациялау шегіндегі, интеллектуалды меншікке арналған Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі әлі қабылданбаған нормалардың және әрекеттегі Қазақстан Республикасының «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» нормалардың келісу мәселесін айтып кету қажет[2].

Ұлттық заңнаманы көлденең гармонизациялау кезінде жария және жеке құқықтың салаларымен көрсетілетін салалық құқықтық реттеудің өзара әрекет ету мәселесі тұрады.

Жария-құқықтық реттеу және жеке-құқықтық реттеу жүйесі қоғамдық өмірдің құқықтық қатынастарында терең байланыста болады. Пәндік салалар және құқық субъектілерінің қатынастар салалары азаматтық заңнама және конституциялық, әкімшілік және т.б. әрекет етуі арқылы реттелуі мүмкін.

Заңнаманы тігінен немесе иерархиялық гармонизациялау норма шығармашылығы техникасында терең қолданылатын әдіс болып табылады.

Негізгі проблема, авторлық және сабақтас құқықтар реттейтін салалардағы «айрықшы құқық» және «интеллектуалды меншік» категорияларын пайдалануда байқалады [3].

Заңды терминдерді және ұғымдарды унификациялау (біркелкілендіру) мәселесіне байланысты құқық салаларының мен пәндік құқықтық реттеу салаларының классификаторлары үлкен рөл атқарады.

Ұлттық және халықаралық масштабтағы заңнаманы унификациялау жұмысында тезаурус-Еуропалық Одақ (EUROVOC) мүддесі үшін жасалған заңнамалардың терминдерін және ұғымын қамтитын мәліметтер жиынтығы өте пайдалы. Ол алғашында жеті, одан соң тоғыз еуропалық тілде шығарылды[4].

Авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласын қорғаудағы гармонизациялау қажеттілігі осы мәселенің экономикалық аспектісімен байланысты.

Қазіргі жағдайда халықаралық сауданы құқықтық реттеді унификациялау мәселесі өте өзекті, оның ішінде интеллектуалды меншік саудасы саласында.

Мәселенің түбірі сыртқы сауда контрактілерін реттеуде, оның пәні авторлық және са-

бақтас құқықтар пәні болып табылады, әр түрлі мемлекеттер құқықтық аумақтары өте үлкен деңгейде ерекшеленеді - осы жағдай сыртқы нарығында авторлық және сабақтас құқықтарды тиімді жүзеге асыруға кедергісін тигізбеуі қажет.

Келісім шарттық авторлық құқықтық қатынастар шегіндегі авторлық құқықтарды жүзеге асыру проблемасы көп жағдайда авторлық құқық ұлттық заңнамаларының айырмашылықтарының болуымен байланысты. Ішкі заңнаманың жетілдірілмеуі халықаралық құқық нормаларына байланыстырылғанда кері әсерін тигізіп жататындығы байқалады.

Авторлық құқықтың мәнін екі түрлі түсіну бұл саланың авторлық құқық туралы ішкі заңнамамен және халықаралық сауда ережелерімен реттелуінде. Осымен тауар формасына ие болатын интеллектуалды қызмет нәтижелерінің спецификасы немесе «ерекшелігі» айқындалады.

1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған адамдар құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясының 27 бабының 2 тармағында, авторлық құқықтың екі түрлі мәні және оның қорғалу қажеттілігі анықталған: «Өзі автор болып табылатын кез келген ғылыми, әдеби немесе көркем өндірістен туындайтын жеке мүліктік емес және мүліктік мүдделерін қорғауға әркімнің құқығы бар» [5].

Қазақстандық жағдайға келер болсақ, сыртқы тауарлық авторлық және сабақтас құқықтарды жүзеге асырудың проблемалық аспектілері, біраз уақытқа дейін экспорттық және импорттық авторлық шарттарды дербес жасауға мүмкіндіктері жоқ болатын. Авторлық құқықтар саласындағы экспорт және импорт ҚСРО кезіндегі мемлекеттің монопольды жағдайымен түсіндіріледі, сондықтан туынды авторлары шетел ұйымдарымен келісім шарт жасасуға мүмкіндіктері жоқ болатын. 1990 жылдары бұл жағдай өзгеріп авторларға әрекет ету бостандығы берілді [6].

Әрекет етудегі авторлық құқық туралы Қазақстандық заңнама авторлардың шетелдік пайдаланушыларға шектеулер немесе пайдалануға беруге қосымша шарттар қоймайды. Шартта жалпы тәртіпте және тараптардың таңдауы бойынша Қазақстандық немесе шетелдік заңнамаға бағынуы мүмкін.

Сыртқы сауда мәмілелерінде қолданатын ұлттық құқықтық жүйе нормаларындағы айырмашылықтар, коммерциялық шарттардың

келісу және орындау процесін қиындатады. Сонда, бізді қызықтыратын саладағы ұлттық заңнаманың гармонизациялауы аталған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Біркелкі құқықтық режим жасау жолымен кедергілерді жою халықаралық сауданың жақсы дамуына мүмкіндік береді. Ондай жұмыс барлық деңгейде жүргізілуде.

Халықаралық деңгейдегі авторлық құқық саласындағы заңнаманы гармонизациялау мәселесіне өту құқықтың осы категориясын қорғаудың әлемдік жүйесін құрудың ең бірінші қадамдары, яғни екіжақты келісімдер және халықаралық конвенциялар жасасу, оның негізінде ұлттық заңнамаларға талаптарды көшіру, гармонизациялаудың бірінші прецеденттері болды [7].

Әрі қарай сабақтастық үшін біркелкі құқықтық базаны құру қажеттілігі әлімдегі мәдени, саяси және экономикалық интеграцияның интенсификациясымен белгіленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 *Право Европейского союза. М., 2005*
- 2 *Сушков О.А. Гармонизация законодательства об авторском праве в рамках мировых интеграционных процессов в сфере экономики и права. М., 2011*
- 3 *Гармонизация законодательства как общеправовой феномен (В.М. Баранов, М.А. Пшеничнов, «Журнал российского права», N 6, июнь 2009 г.)*
- 4 *Бахин С.В. Сотрудничество государств по сближению национальных правовых систем: (унификация и гармонизация права): Автореф. дис... д-ра юрид. наук. - СПб., 2003*
- 5 *Сироткина О.В. Гражданско-правовые договоры в правовой системе Европейского Союза: проблемы унификации и гармонизации: Дис... канд. юрид. наук. - Ставрополь, 2004*
- 6 *Кутафин Д.О. Унификация и гармонизация норм права о залоге в международном частном праве: Автореф. дис... канд. юрид. наук. - М., 2007*
- 7 *Проблемы унификации международного частного права: монография / отв. ред. А.Л. Маковский, И.О. Хлестова. М.: Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ; 2012*
- 8 *Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве в условиях глобализации мира: международно-правовые аспекты. Монография. - Алматы. 2010*

Шуланбекова Г.К.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, құқықтану, аға оқытушы,
Алматы қаласы, gul15-73@mail.ru

Ауғанбай А.Қ.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2 курс PhD докторанты,
құқықтану, Алматы қаласы, altunia92@mail.ru

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ - ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Түйін. Мақалада елді азық-түлікпен және шикізат өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында ауылшаруашылығын дамытудың кешенді шаралары қарастырылған. Арнайы кешендерді, фермерлік қосалқы шаруашылықтарды дамыта отырып, алдағы уақытта мал шаруашылығы өнімдерін көбейтудің жолдары қарастырылған. Сонымен қатар мал және шикізат өнімдерін өңдеуді құқықтық реттеу тетіктері талқыланған. Мал шаруашылығын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар нәтижелері көрсетіліп, және мемлекеттің мал шаруашылығын дамытуға арналған жоспарларға жетудің жолдары қарастырылған.

Негізгі сөздер: мал шаруашылығы, асыл тұқымды мал шаруашылығы, ветеринария, ветеринариялық қауіпсіздік, азық-түлік қауіпсіздігі.

Резюме. В статье для обеспечения безопасности продовольствия и сырья предоставлены комплексы мер по развитию сельского хозяйства. Для увеличения специальные комплексы, развитие фермерских хозяйств, продукции животноводства рассмотрены варианты в будущем. А так же рассмотрены проблемы правовой обеспечения ветеринарной безопасности. А также приведены итоги государственных программ направленные для развития животноводства, и рассмотрены плановые задачи для развития животноводства в стране.

Ключевые слова: животноводства, племенное животноводство, ветеринарии, ветеринарная безопасность, продовольственная безопасность.

Summary. The article, in order to ensure the country's food and raw materials provided by the package of measures for the development of agriculture. Special facilities, with the

development of farming, livestock products joldariqarastırılған to increase in the future. At the same time, livestock and processing of raw materials discussed the mechanisms of legal regulation. Also, the results of state programs aimed at the development of livestock breeding are presented, and planned tasks for the development of livestock breeding in the country were considered.

Keywords: animal husbandry, livestock breeding, veterinary medicine, veterinary safety, food security.

Мал шаруашылығы қазақ үшін жат шаруашылық емес. Ата-бабамыз ерте кезден бері көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Мал өсіру күн-көрістің негізгі көзі болған, басқаша айтқанда азық-түлігі мал өнімдерімен қамтамасыз етіліп отырған. Ал, қазіргі кездегі қазақтардың азық-түлігі жағдайы туралы көп мәселелер бар. Мал шаруашылығының даму тарихымен аграрлық сала, оның ішінде мал шаруашылығы, ел экономикасының локомотиві болуы үшін елімізде барлық мүмкіндіктер бар. Мал шаруашылығы - ауыл шаруашылығының мал өнімдерін өндіру үшін мал өсірумен айналысатын саласы. Мал шаруашылығы халықты азық-түлікпен жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен (жүн, тері, ет өнімдері қалдықтары, т.б.) ауыл шаруашылығы өндірісін күш-көлік және тыңайтқышпен қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығы өнімдері мен оның қалдықтарынан мал азықтары, дәрі-дәрмектер мен биологиялық белсенді заттар алынады және тоқыма өнеркәсібі де мал санымен байланысты. Мал шаруашылығы салаларына сиыр, қой, ешкі, жылқы және түйе шаруашылықтары жатады.

Қазақстанның ауыл-шаруашылық өнімдері мен өңделген өнімдердің отандық стандартта-

ры халықаралық ережелерге сай болуына көп көңіл бөлініп отыр.

Мал дәрігерлік ғылымының алдында мал шаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты мынандай екі маңызды мәселе тұр:

- мал шаруашылығының ветеринариялық-санитарлық деңгейінің әрдайым өсіп отыруына ықпал ету;

- денсаулыққа қауіп туғызатын заттар мен микроағзаларды анықтаудың оңай және арзан әдістерін жасау [1].

Ветеринариялық қауіпсіздігі қай елдің болмасын тәуелсіздігінің, еркін дамуы мен халқының әл-ауқатының артуының кепілі болып табылады. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау арқылы еліміздің ветеринария қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылуда. Ғылыми негіздерге сүйенсек ет, сүт өнімдерін мол әрі сапалы өндіру үшін асыл тұқымды мал басының үлесі 30 пайыздан кем болмауы тиіс. Сапалы және арзан ет өнімдерін өндірудің алғышарттарының бірі мал өнімдерінің өзіндік құнының 40-45 пайызын құрайтын мал азығының берік жем-шөп қорын жасақтау болып табылады. Ол үшін жемдік астық дақылдарының көлемін ұлғайтып, елімізде мемлекеттік жемдік астық қорын жасақтап, мал азығының сапасы мен құнарлылығын арттыру үшін құрамажем өндірісін жолға қоюымыз керек. Етті ірі қара мал, қой мен жылқы шаруашылығын дамытып, арзан да сапалы, экологиялық таза мал өнімдерін өндіру үшін жыл сайын миллиондаған гектар табиғи жайылымды игеру қажет.

Нақ қазір біздің Үкіметтің негізгі міндеттерінің бірі – агроөнеркәсіпті, оның ішінде мал шаруашылығы саласын кешенді түрде дамыту болып тұр.

Сонымен қатар елімізде асыл тұқымды мал шаруашылығын, яғни тектік әлеуеті жоғары малды өз төлінен өсіруге, оларды сақтауға және өсіруге бағытталған асылдандыру жұмысының жүйесімен қамтылған мал шаруашылығы саласын дамытуымыз қажет. Асыл тұқымды мал дегеніміз – республикалық палатада тіркелген, тұқымның өнімділік бағыты мен деңгейіне сай келетін таза тұқымды мал. Республикалық палатада тіркелген асыл тұқымды малдар уәкілетті орган бекіткен нұсқаулыққа сәйкес бонитирлеуге (бағалауға)

жатады. Бонитирлеуден (бағалаудан) өтпеген асыл тұқымды малдарды асыл тұқымдық мақсаттарда өткізуге жол берілмейді. Бонитирлеуді (бағалауды) бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді. Тұқымды өз төлінен өсіру үшін іріктелген асыл тұқымды тұқымдық мал тексеруге және бағалауға жатады. Асыл тұқымды тұқымдық малды тексеру және бағалау уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүргізіледі [2].

Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 31 қаңтарда өткен «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек екендігі атап көрсетілген. Көптеген позициялар бойынша еліміздің әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола алатындығы. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс екендігі айтылған. Сонымен қатар, астық өнімдері бойынша еліміз Еуразияда «нан кәрзеңкесі» болуы керектігі. Шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көшу қажет екендігі, тек сонда ғана еліміз халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті бола алады деп көрсетілген. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Үкімет пен әкімдерге мынадай тапсырмалар Елбасымен берілген:

- біріншіден, субсидияларды бөлу қағидаларын қайта қарастырып, біртіндеп өнімді сақтандыруға көшу қажеттігі;

- екіншіден, бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау керектігі;

- үшіншіден, өнімнің өңдеу сапасын жақсартып, тауарларды сақтаудың, тасымалдаудың және өткізудің тиімді жүйесін құру қажеттігі;

- төртіншіден, еңбек өнімділігін белсенді түрде арттырып, өндіріс шығындарын төмендету керектігі;

- бесіншіден, жерді пайдалану тиімділігін арттыруға тиістігі. Суармалы егіс алаңын 5 жыл ішінде 40%-ға кеңейтіп, 2 миллион гектарға жеткізу қажеттігі;

- алтыншыдан, өндірісте сұранысқа ие аграрлық ғылыми зерттеулерге салынатын инвестиция көлемін арттыру керектігі аталды.

Ауыл шаруашылығын әртараптандырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспор-

тын 40%-ға көбейтуді тапсырды. Бұл міндеттер агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылуы қажет делінген Жолдауда [3].

Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауын жүзеге асыру бойынша атқарылған жұмыстар қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасының алғашқы нәтижелері туралы баяндамасында: биылғы жылдың I тоқсанында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жоспардағы 2,5% жағдайында 2,9% артып, 353,7 млрд теңгені құрағанын. Бұл орайда мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 3% артты, көлемі - 340 млрд теңгеге жуық. Ауыл шаруашылығына инвестициялар көлемі 22% артқанын атап көрсетті.

Аталған кезеңде азық-түлік өнімдерін өндіру 3,4% артқан. Мал шаруашылығы саласында орта есеппен мал басының 3,1% артуы, ет өндірісі - 3,8%, сүт өндірісі - 3,6% артуы байқалатындығын айтты.

I тоқсанда 182 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Жалпы, бір жыл ішінде 130 мың жеке қосалқы шаруашылықтарды қамтумен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің санын 467-ге дейін жеткізу көзделіп отыр екен.

АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Технологиялар трансферті орталығы құрылды, онда 500-ге жуық озық технологиялардың мәліметтер базасы бар. Сонымен қатар, «Азық-түлік корпорациясы» АҚ базасында шетелдік нарықта отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін ілгерілету бойынша экспорт орталығы құрылған деген қорытынды берген [4].

Астанада I халықаралық “Kazmeat&Milk 2010” атты мал шаруашылығы форумы мен отандық ет өндірушілердің құрылтай съезі болып өтті Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми қолдауымен “Қаз-агромаркетинг” АҚ ұйымдастырған форумда еліміздің мал шаруашылығы саласын дамытудың, осы саланың халықаралық ұйымдарымен әріптестік қатынасын нығайтудың өзекті мәселелері талқыланды. Оның жұмысына Бүкіләлемдік сауда қоғамдастығының, Экономикалық қарым-қатынас және даму қоғамдастығының өкілдері, отандық және шетелдік мал өсірушілер мен мал өнімдерін өндірушілер ассоциациялары-

ның басшылары, алдыңғы қатарлы әлемдік және қазақстандық мал шаруашылығы саласының өнім-дерін экспорттаушылар, мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілер және қайта өңдеушілер, Қазақстан, Ресей, Беларусь, Еуропа және Канаданың іскерлік топтарының өкілдері қатысты. Форумның күн тәртібіне мал шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік тиімділігін жоғарылату, отандық селекцияны дамыту, мал шаруашылығының азық базасын жақсарту, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру, отандық баламалы мал шаруашылығында жүргізілетін әлемдік тәжірибенің әсер етуі, малдың және мал шаруашылығы өнімдерінің логистикасы секілді өзекті мәселелер қойылып отыр. Форумда негізгі баяндаманы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты хатшысы Евгений Аман жасады. Ол өз сөзінде Ауыл шаруашылығы министрлігі еліміздің агроөнеркәсіп кешенін дамыту стратегиясында мал шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөліп отырғандығын, өйткені мал шаруашылығы саласы өсімдік шаруашылығынан маңызы жағынан бірден бір кем емес екендігін, өсімдік шаруашылығын дамытуға осыған дейін өзге салаларға қарағанда, басымдық беріліп келгенімен ендігі кезекте мал шаруашылығының алдынан да дамудың жақсы мүмкіндіктері ашылып отырғандығын, бүгінгі күні бұл саланың да ішкі жалпы өнімге қомақты үлес қосып отырғандығын айтып өтті. Баяндама бойынша бүгінде елімізде 6 миллионнан астам ірі қара, 17,5 миллион қой, 1,5 миллионға жуық жылқы, 155 мың түйе, 33 миллион құс, сондай-ақ 1,3 миллион шошқа бар екен. Бұл көрсеткіш 2000 жылдардың басындағы деңгейге қарағанда, 1,5 есеге артық. Дегенмен, қазіргі кездегі мал шаруашылығының даму қарқыны мен оның өнімділігі нақты мүмкіндіктерге сәйкес келмей отыр. Мұның бірнеше себептері бар. Е.Аман осы мәселелерге нақты тоқталды. Бүгінде малдың 85 пайызы жеке иеліктер мен үй шаруашылықтарында шоғырланғандығын, бұл өз кезегінде мал шаруашылығын қазіргі заманғы технологиялар негізінде дамытуға мүмкіндік бермей келе жатқандығын, өнімнің сапасы төмен болуы да нақ осы мәселеге байланысты екендігін тілге тиек етті. Екінші себеп мал шаруашылығындағы өнім өндіру ісінің маусымдық сипатына байланысты. Яғни, бұл салада өнім өндірудің жүйелілігі әр кезеңде бірдей емес. Соның салдарынан сала әр ай сай-

ын рынокқа тұрақты өнім көлемін бере алмай келеді. Бағаның ауытқымалы сипаты нақ осы мәселеге тығыз қатысты болып отыр. “Үшінші себебіне тоқталатын болсақ, малдардың генетикалық әлеуеті төмен деңгейде. Бүгінде бізде ірі қара тобындағы асыл тұқымды малдың үлесі тек қана 5,6 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш дамыған елдерге қарағанда, он есе кем. Осындай жағдай малдың басқа түрлері бойынша да қалыптасып отыр”, – деп атап өтті жауапты хатшы. Мал шаруашылығы саласын дамыту үшін жаңа бағытта салалық заңнама базасын жетілдіру және оларды халықаралық нормалармен үйлестіру, өндірістік негізде жұмыс атқаратын, мал шаруашылығы өнімдерін ішкі және сыртқы нарыққа тұрақты шығарып отыратын мамандандырылған орта және ірі шаруашылықтарды құру, мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен мал азығы қорын күшейту жөнінде кешенді іс-шаралар жүргізілуде. Сонымен қатар ын-таландыру шараларын әзірлей отырып, саланы ірілендіруге, оны өндірістік негізге қою арқылы малдың генетикалық әлеуетін жоғарылатуға бағытталған мемлекеттік қолдаудың тиімді және айқын тетіктері жасалған. 2015 жылға қарай 35 заманауи бордақылау алаңының, 30 сүт кешенінің, 6 бройлерлік құс фабрикасының құрылысын аяқталуы жоспарлануда [5].

25 тамыз күні «AgroInvest Forum 2017» агроөнеркәсіптік инвестициялық форумы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен инвесторлардың басын қосты. Халықаралық шараға Қытай, Иран, БАӘ, Венгрия, Польша, Ресей, Испания, Түркия елдерінен 100-ден аса адам қатысты. Соңғы 5 жылда "КазАгро" Холдинг және оның еншілес компаниялары агроөнеркәсіптік кешен саласына жалпы көлемі 375 миллиард теңгеден асатын шетелдік инвестицияны тартып үлгерген. Қазіргі таңда 10 жылға 100 миллион евро алу үшін Еуропалық инвестициялық банкімен келіссөздер жүргізілуде. Бұл қаржы бірқатар жобаларды қаржыландыру үшін жұмсалмақ.

Сонымен қатар, спикерлердің айтуынша агроөнеркәсіптік кешенге инвестиция тартудың бір түрі – тікелей инвестициялар қорын құру. Капитализациясы 40 миллион долларды құрайтын Қазақ-Венгер тікелей инвестициялық қоры жұмысын бастап та кеткен. Қор – агроөнеркәсіптік кешенінің іске асқан, бірақ қазіргі таңда қаржы тапшылығын тартып

отырған жобаларын дамытуды, мал, құс, балық шаруашылықтары мен жеміс-көкөніс, сүт өндірісі, дәнді және майлы дақылдарды ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру бағытындағы жаңа жобаларды қаржыландыруды көздейді. Ал қосымша инвесторларды тарту арқылы Қор капитализация көлемін 150 миллион долларға дейін ұлғайтуды жоспарлады [6].

Жалпы, Үкіметтің «Мал шаруашылығын дамытпай, экономикамызды өркендете алмаймыз» деп үн қатуы мұң екен, еліміздегі игі жақсылардың да назары осы салаға ауа бастады. Бүгінде бабын келістіргендердің дені мал басын көбейтуді жөн санап-ақ жүр. Әйтсе де қазір кеңестік кезеңдегідей мал басын жоспарлап көбейтудің ауылы келмесе кеткен. Қазірде сонау 30-жылдардан бері өзіндік құнын төмендетпеген қазақтың еділбай қойы, қылшықты қойы, биязы жүнді қойларының тұқымы ұсақталып, өрісіміз тарылып, асыл тұқымды мал алудың тетігін таба алмай жүргеніміз жасырын емес. Ал Голландия, Германия, Норвегия, Австралия тәрізді елдер мал басын асылдандырып, халықаралық ветеринария ұйымының алдында бедел жинап үлгергелі қашан?! Осындайда «ежелден мал өсіру қанында бар мал баққан қазақтың жоғары межеден көріне алмауына не себеп?» деген сауал еріксіз туындайды [7].

Рас, біз нарықтық қағидаттарды алғаш көңілге түйе бастаған тұста Австралиядан, Англиядан асыл тұқымды қошқарлар алдырып, асылдандыру арқылы мал басын көбейтпекші болдық. Бірақ ұшақпен алдырып, «ұшпаққа шығарады» деген сол қошқарлар үмітімізді ақтамады. «Ақыр соңында австралиялық қошқарлар қазақы ортаға бейімделе алмады. Оларды қазақы қойлармен будандастырғанда жақсы нәтиже бермеді» деген пікірлер қаулап қоя берді. Сөйтіп, мал басын асылдандыруда жолы болғандардың саны болар-болмашы көрсеткішке ғана жетті. Не істеу керек? Ал енді болашақта бұл проблемалар өзіндік шешімін табу үшін нендей шаралар қолданған жөн?

Сондықтан, қазақтың ежелден келе жатқан мал тұқымдарын жергілікті жерге бейім санын көбейтіп, сапасын арттыруымыз керек. Біздің табиғи жағдайларымызға бейімделген малдардың да жем-шөп талмағайтынын ескеруіміз қажет. Көп шығын шығармай табиғи жайылымдарда өсетін малдың ірі қараның

күшімен біз бірінші кезекте мемлекетіміздің сұранысын толық жабуымыз керек. Шет елге шығару, оны сату бұл екінші кезекті мәселе. Еуропалық, әлемдік стандартқа жетеміз деп, шетелдік мал тұқымдарын көбейтеміз деп жүріп өз еліміздің асыл қазынасы болған мал шауашылығынан айырыламыз. Шетелдік асыл тұқымды малдардың машақатынан біз сол шетелдерге тәуелді болып қаламыз. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін өзіміздің байырғы мал тұқымдарын көбейту арқылы ауыл шаруашылығын да, азық-түлік қауіпсіздігін де қорғай аламыз. Бұл істе жекелеген кәсіпкерлердің, қалталылардың мүддесін емес, елдің мүддесін ойлауымыз орынды.

Соңғы уақытта осы мал басын асылдандыруға қатысты еліміздің генетиктері «1999-2000 жылдардағыдай шетелден асыл тұқымды малдың өзін алдырғаннан гөрі олардың мұздатылған эмбриондарын алу арзан әрі өте тиімді» дегенді жиі қаулап жүр. Мамандардың есебінше, өзге елдің асыл тұқымды бір қошқары 3000 долларды құрайды. Ал олардың эмбриондарын сатып алу бұдан әлдеқайда арзан. Сондықтан шетелден қошқар тасып әуре болғанша, олардың қатырылған эмбриондарын әкелу әлдеқайда тиімді.

Бұл ретте Эксперименталды биологиялық ғылыми-зерттеу институтының директоры Мәкен Тойшыбеков былай дейді:– Логикалық түрде ойлап қарасак, бұл ұсыныстардың жаны бар. Біз осы әдісті өз институтымызда тәжірибемізде қолданып көрдік. Шүкір, мұздатылған эмбриондарынан тұқым алу үрдісінің нәтижесі оңтайлы болды. Сол асыл тұқымды ағылшын қошқарларының эмбриондарын алып, оларды еділбай қойына салып көрдік. Нәтижесінде қазақы ортаға бейімделген сапалы тұқым алуға мүмкіндік туды. Біз осы әдіс арқылы бүгінде 52 қозы алып отырмыз. Асыл тұқымды малды көбейтуде таптырмайтын әдіс. Сондықтан мал басын асылдандыруда оны тереңдетібіз дегеніміз жөн, – дейді [8].

Бұл әдістер бойынша алынған 52 қозы 52 миллионға жеткенше қаншама қаржы кететіні белгісіз. Олардың етінің сапасы денсаулыққа зиянды болатыны өз алдына бір мәселе. Совет одағы кезіндегі Қзақстанда көбейтілген арқар меринос қойының етінің сапасыздығы, денсаулыққа зияндығы бізге бүгінгі күні белгілі болып отыр. Жүнінің сапасына қызығып еттің сапасы, оның бағып қағудың ауыртпалығы ескерілмеген. Суық ауа-райға, таулы

аймақтарға, құмға да бейім қазақы қойлардан басқасы бізге тиімдісі емес. Салмағын көбейтеміз деп сапасын жоғалтып аламыз. Бізге бейім етті, сүтті мал тұқымдарын көбейту бірінші мемлекеттік бағдарлама болуы керек. Біздің мақсатымыз өз нарығымызды 100 пайызға толтырып өзімізбен бауырлас көрші мемлекеттерден қалмауымыз керек. Біздің асыл тұқымды малдарға басқа мемлекеттің қызығуын қамтамасыз етуіміз керек. Қой, сиыр, жылқыны асылдандыруда алдыңғы қатарда болуымыз шарт. Еуропа бізге нысана емес.

Қалай десек те, қазақ баласы «малым – жанымның садағасы» деген қағидамен күн кешті. Жаугершілік заманында да өрісін тарылтпауға, өзегін талдырмауға тырысқан қазақ баласы мал қадірін ұғынған халық. Өркениеттілікке бір табан жақындап, дамушы елдердің қатарына қосылуды көксеген ұлтымыз ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығы саласының жөні бөлек екендігін ескерусіз қалдырмасы анық. Десек те, біз әлі де болса көршілерімізден ет-сүт өнімдерін «сұраудан» жалықпай келеміз. Тіпті осы осалдығымыздың аңысын баққан қайсы бір көршілеріміз сапалы-сапасыз өнімдерін елімізге тоғытып-ақ жатыр. Ал бұл үрдіс бізге осы салаға деген реттеу мен бақылауды нығайта түсу қажеттігін меңзейтінде.

Басқа мал түлігінің ішінде жылқының алатын орны ертеден-ақ ерекше болатын. Жылқы жыл он екі ай бойына басқа үй жануарлары бара алмайтын жайылым алқаптарына барып жайыла алады. Яғни төрт түліктің ішінде жылқы малының ғана алыс жайылымдарға тұяғы жетеді. Оларды қуаңшылық, не қатты қыс айларында 600-700 шақырымға дейін айдап әкетіп, басын аман сақтауға болады. Қыс айларында жылқыға құдық, қора керек емес.

Екінші – үйірлі жылқы шаруашылығын дамыту арқылы жайылым алқаптарындағы шипалы өсімдіктердің жойылып кетпеуін қамтамасыз етеміз. Өйткені, миллиондаған жылдар бойына жайылым алқабы мен жайылатын жануарлардың арасында бір-біріне бейімделген өзара байланыс бар. Мысалы, жылқы жайылу арқылы сол алқаптың шөбін тазалап кетеді және өсімдіктен түскен дәнді тапап, топырақ қабатына енгізеді. Мал жайылған жерде, сәйкесінше, тыңайтқыш болатыны да түсінікті. Біз сексенінші жылдары тәжірибе жасадық. Бір алқапты қоршап, шөбін жылма жыл шауып алып тұрдық. Ол жер он жылдай уақыт

өткенде тақырлана бастады. Ал шөбін де шаппай, малды да жайылуға жібермеген жердің шөбі төрт-бес жылда жойыла бастады. Орнына пайдасыз, улы, тікенді шөптер қаптап кетті.

Үшінші – жоғарыда аталған жайылым алқабы сақталса, топырақтың беткі қабаты эрозияға ұшырамай, жер асты көлдердің ластанбауына, құрғап кетпеуіне мүмкіндік береді. Ертеде ата-бабаларымыз мал жайылатын жерге киіз үй де тіктірмей, жайылым алқаптарын көз қарашығындай сақтаған ғой.

Төртінші – жайылым алқабы жақсы сақталса, сол даланы мекендеген жабайы жануарлар мен құстар да жойылмайды.

Бесінші – халықты жергілікті шипалы шөптерден өндірілген табиғи өнім – қымызбен қамту арқылы сексен түрлі аурудың алдын алуға және емдеуге мүмкіндігіміз бар. Осылайша ұлттық медицинаны жаңғыртып, шетелдерден келетін тағамдар мен дәрі-дәрмекке жұмсалатын миллиард-таған қаржыны үнемдей аламыз.

Алтыншы – үйірлі жылқы шаруашылығы технологиясы дұрыс жолға қойылса, оған жұмсалатын шығын түліктің басқа түрлерімен салыстырғанда әлдеқайда аз. Мысалы, шошқа шаруашылығынан 18-20 есе, ірі-қара шаруашылығынан 12-13 есе, қой шаруашылығынан 4,5-5 есе, құс шаруашылығынан 2,5-3 есе экономикалық жағынан тиімді. жылқы шаруашылығын дамыту, қымыз, шұбат өндіруді көбейту арқылы халықтың денсаулығын күшейтеміз, яғни азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Жетінші – осы технология бойынша өндірілетін өнім экологиялық тазалығы жағынан өндірістің өзге түрімен, тіпті басқа мал шаруашылығымен салыстырғанда теңдесі жоқ. Оның үстіне қазіргі кезде жылқы шаруашылығы өнімдеріне әлем елдерінің сұранысы артып отыр. Себебі, таза тағамға деген тәуелділік зор. Ал дүние жүзінде мұндай өнімді шығарумен айналысатын жеті мемлекет қана бар. Шаруашылықтың бұл түрі саламатты өмір салтын қалыптастыруға да зор мүмкіндік беретіні баршаға түсінікті.

Сегізінші – шаруашылықтың бұл түрін дамыта келе тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамти аламыз: бір ғана қымыз фермасының өзіне 25 адам керек. Ұлттық ат спортына 20 адам керек. Атпен саяхаттауға – 12 адам, қымызбен емдейтін шипажайларға 18 адам керек. Дана халқымыз «жылқы – төрт түлік-

тің патшасы» деп тегін айтпаған ғой, осы бағдарлама іс жүзіне асса, біз өндіріске мал шаруашылығының қалдықсыз технологиясын нақты енгіземіз. Яғни ет пен сүттен басқа тері, жүн, сүйек және халал стандартымен мал сою цехтарын ашып, тағы да 40 адамды тұрақты жұмыспен қамти аламыз. Бұл дегеніңіз, қазақтың ұлттық технологиясы саналатын жайылымдық мал шаруашылығын дамытудың баламасыз жолы [9].

Осылардың бәрі жүзеге асқанда біздің ұтарымыз не? Алдымен ауылдың және даланың экологиялық ахуалын түзетеміз. Одан бөлек бүкіл әлемдік стандарт бәсекесіне төтеп беретін экологиялық таза тағамдар мен өндіріске қажетті шикізаттарды өндіре аламыз. Сондай-ақ, өнімдерімізді экспортқа шығара аламыз. Шипалы қымыз бен шұбат өндірудің кластерлік жүйесін құру қажеттілігі де талас туғызбайды. Мұндағы мақсат – бөбектердің тағамын өндіру, шипажайлар мен емханаларды шипалы сусынмен және нәрлі тағамдармен қамту болмақ. Шұбат өндірісі бар болғанымен, әлі де көбейтуді қажет етеді, қымыз өндірісі төмен, тіптен жоқ деуге болады, ал, қазір бүкіл шетелдіктер қымыз ішуге көшіп, оны әлемге танылған бренд өнімге айналдырып жатыр. Кезегін күтіп тұрған осындай міндеттер ойдағыдай жүзеге асу үшін отандық технология мен отандық өнімге деген халықтың сұранысы мен қызығушылығын оята білу қажет деп есептеймін. Осыған сай арнайы заң қабылдау қажет. Міне, үйірлі жылқы шаруашылығын дамыту арқылы тек азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай халықты жұмыспен қамтамасыз етіп, табиғатқа да, экологияға да тигізер пайдасы мол екен.

Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін өзіміздің байырғы мал тұқымдарын көбейту арқылы ауыл шаруашылығын да, азық-түлік қауіпсіздігін де қорғай аламыз. Бұл істе жекелеген кәсіпкерлердің, қалталылардың мүддесін емес, елдің мүддесін ойлауымыз орынды. Бізге бейім етті, сүтті мал тұқымдарын көбейту бірінші мемлекеттік бағдарлама болуы керек. Біздің мақсатымыз өз нарығымызды 100 пайызға толтырып өзімізбен бауырлас көрші мемлекеттерден қалмауымыз керек. Біздің асыл тұқымды малдарға басқа мемлекеттің қызығуын қамтамасыз етуіміз керек. Қой, сиыр, жылқа асылдандыруда алдыңғы қатарда болуымыз шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абалкин Л. Экономическая безопасность: угрозы и их отражение, 1994 год
2. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі №278 Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000278_#z24
3. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар // [http://](http://www.akorda.kz)

www.akorda.kz

4. www.primeminister.kz
5. <https://egemen.kz/article/mal-sharuashylygy-gyn-damytudagy-manyzdy-kadam>
6. <http://www.ortcom.kz/astanada-auyl-sharuashyly-y-investor/>
7. <http://zhasalash.kz/>
8. «Ауыл шаруашылығы экономикасы», Абдильдина Л.И., Бельгибаев К.М.-Алматы: Кайнар, 1996-608с.
9. <http://www.egemen.kz/>

Шаншарбаева Ботакоз Сейдалыевна
Докторант 2-го курса юридического факультета
(Ph.D) докторантуры КазНУ имени аль-Фараби, м.ю.н.,
старший преподаватель кафедры Правовых дисциплин КазАТиСО, 88bota88@mail.ru

АДМИНИСТРАТИВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ НОРМ ЗЕМЕЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СИСТЕМЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВОГО ПРИНУЖДЕНИЯ

Резюме. Индивидуальная превенция земельных правонарушений и их последствий подразумевает осуществление системы мер воспитательного, а при необходимости правового характера, направленного на коррекцию поведения конкретных земельных правонарушителей в сторону законопослушания, а также, способствующих прекращению определенными лицами, противоправных проступков в сфере земельных отношений.

Түйін. Жер құқық бұзушылықтарының және оның салдарларының жекеше алдын алу тәрбиелеу сипатындағы, ал қажет кезінде құқықтық сипаттағы заңға бағыну жағындағы жер құқықбұзушылықтарын жасаушылардың тәртібін түзеуге бағытталған, сонымен қатар жер қатынастары аясындағы құқыққа қайшы теріс қылықтарды тоқтатуға әкелетін шара жүйесін іске асыруды қарастырады.

Summary. Individual prevention of land offenses and their consequences means implementation of system of measures educational, and in need of the legal character directed to correction of behavior of specific land offenders towards law-abiding and also, promoting the termination by certain persons, illegal offenses in the sphere of the land relations..

Одним из важнейших условий деятельности собственников земельных участков и землепользователей, являющихся хозяйствующими субъектами в сфере земельных, сельскохозяйственных и иных отношений, является совершенство и стабильность земельного законодательства, незыблемость правового регулирования которых выражается в определенных правилах поведения, оптимально способствующих земельному правопорядку и безопасности. И в этом аспекте неумолимо значение права как организующего фактора, устанавливающего свод формализованных норм общественного поведения обязательных для исполнения. Указанные нормы находят выражение в форме нормативно-правовых актов, которые в совокупности составляют действующее законодательство Республики Казахстан, регламентирующее все виды земельных отношений.

Для того чтобы обеспечить эффективность деятельности собственников земельных участков и землепользователей, защитить их от противоправных посягательств с чьей бы то ни было стороны, государство вынуждено применять меры государственно - правового принуждения, направленных для создания оптимальных и безопасных условий их функционирования.

Государственно - правовое принуждение, одной из составных частей которого является административно - правовое принуждение, осуществляется посредством юрисдикционных, правоприменительных актов. Сами по себе юридические нормы лишь предусматривают возможность принуждения. Реально же властно-принудительные свойства правового регулирования концентрируются в актах применения права. К тому же существование общественного правопорядка и безопасности в сфере земельных отношений, в условиях сегодняшнего дня, без использования принудительных мер правового характера представляется проблематичными. В указанном аспекте необходимо отметить, что именно правовое принуждение выполняет функцию одного из средств охраны существующего правопорядка и безопасности и представляет собой один из широко распространенных методов государственной деятельности.

Одним из видов правового принуждения в сфере земельных отношений является юридическая ответственность, которая наступает в результате нарушения норм законодательства, регламентирующего земельные отношения.

В теории современного права существуют пять видов юридической ответственности, применяемые за земельные правонарушения, которые классически отражают правовую сущность и юридическое значение этого вида государственно-правового принуждения:

- дисциплинарная;
- материальная;

- гражданско-правовая;
- административная;
- уголовная.

В сфере земельных отношений, для обеспечения правомерного поведения субъектов земельных отношений с целью обеспечения земельного правопорядка, земельной безопасности, сохранности и неприкосновенности земли как объекта собственности и т.д., применяются все виды юридической ответственности.

В современной юридической литературе широко исследуется негативный (ретроспективный) аспект юридической ответственности, где юридическая ответственность рассматривается в различных ее аспектах:

- как разновидность социальной ответственности;
- как правовая категория;
- как правоотношение;
- как ценностное явление [1, с.38].

Мы рассматриваем юридическую ответственность как разновидность социальной ответственности и полагаем, что основанием для возникновения юридической ответственности во всех сферах жизнедеятельности человеческого общества, в том числе и в сфере земельных отношений, всегда является правонарушение (преступление), как противоправное, общественно опасное, виновное и наказуемое деяние, посягающее на общественный правопорядок, безопасность, здоровье, жизнь, права и свободы человека, на собственность и на существующий порядок управления. Нет правонарушения (преступления), нет, и не может быть юридической ответственности.

Таким образом, юридическая ответственность за нарушение норм земельного законодательства - это применение к нарушителю земельного законодательства предусмотренных санкцией различных юридических норм, мер государственного принуждения, выражающихся в виде неблагоприятных последствий, которые наступают для правонарушителя в результате совершенного им правонарушения, и представлены в форме различных лишений, а в частности - лишений личного, организационного и имущественного характера [2, с. 161].

Созвучно сказанному выражает свои мысли и А.Х. Хаджиев, который характеризуя правовую природу юридической ответственности за нарушение норм земельного законодательства, констатирует, что «юридическая

ответственность, принизывая всю систему правового регулирования, призвана обеспечить принудительное исполнение практически всех нормативных предписаний и запретов. Но следует иметь в виду, что юридическая ответственность выступает крайним средством в цепочке правового упорядочения и вступает в действие лишь в случаях отклоняющегося поведения субъектов земельных правоотношений.

Юридическая ответственность представляет собой одну из разновидностей мер государственного принуждения, наступает за совершение правонарушения и состоит в обременении правонарушителя обязанностью претерпевать неблагоприятные последствия личного и имущественного характера...

...В самом широком смысле система юридической ответственности направлена на выполнение охранительных функций, суть которой заключается в защите существующего земельного строя и вытеснении из сферы земельных отношений негативных явлений и процессов. Одновременно она призвана содействовать возникновению, развитию и закреплению, во взаимодействии с другими регулирующими средствами, новых и позитивных тенденций, порядков и правил в земельных отношениях» [3, с. 303-304].

Таким образом, выполняя предназначенные ей правом государственно-правовые функции, юридическая ответственность в сфере земельных отношений выступает в роли фактора, гарантирующего, закрепляющего, регулирующего и охраняющего земельные отношения и именно эти цели во многом обуславливают существование регулятивной и охранительной функции права. К сказанному следует добавить то, что юридическая ответственность не ограничивается кругом названных функций. Спектр ее воздействия значительно шире и она включается в свой состав и иные функции права, такие как:

- воспитательная;
- правовосстановительная;
- организующая;
- карательная и др.

Таким образом, юридическая ответственность является формой социального контроля, составной частью правового регулирования земельных отношений, юридическим средством воздействия на отклоняющееся поведение и на интересы субъекта земельных пра-

воотношений. Юридическая ответственность всегда реализуется в форме правоприменения, имеет свою строго обусловленную законодательством процессуальную регламентацию, обеспечивается силами государственного принуждения и силой органов государственной власти. При этом, некоторые исследователи исходят из того, что социальная роль права предопределила, что под юридической ответственностью как разновидностью социальной ответственности понимается:

- в одном случае, обязанность отвечать (или дать отчет за свои противоправные действия) [4, с.35];
- в другом случае, реализация санкции правовой нормы [5, с.94];
- в третьем случае, разновидность обязанности, которая наносит ущербный, нежелательный характер для субъекта, на которого она возлагается [6, с.41] и т.д.

Юридическая ответственность за земельные правонарушения, посредством угрозы лишиться благ, которыми обладает собственник земельного участка или землепользователь, не только оказывает сдерживающее влияние на удовлетворение собственных интересов субъекта земельных правонарушений, если они не согласуются с правовыми требованиями, но и стимулируют, правда, негативным образом правомерное поведение.

Поэтому многообразие фактических обстоятельств, возникающих в в сфере земельных отношений вызывающих необходимость применения мер юридической ответственности, требует определенной процедуры их обнаружения и привлечения виновного лица к ответственности за со-вершенное противоправное деяние. Поэтому все отношения, возникающие в результате противоправных деяний и их последствий, строго регламентируются нормами действующего законодательства и это необходимо для всемерного обеспечения и защиты прав и законных интересов собственников земельных участков и землепользователей.

Круг субъектов юридической ответственности за нарушение норм земельного законодательства достаточно широк. Ими являются должностные лица органов государственной власти и управления, граждане, ведущие крестьянское (фермерское) хозяйство, владельцы личных подсобных хозяйств, другие работники сельскохозяйственных коммерческих ор-

ганизаций, работники сельскохозяйственных государственных предприятий и учреждений и иные субъекты земельных правоотношений, наделенные свойствами правосубъектности, то есть достигшие определенного возраста и обладающие соответствующей правоспособностью и дееспособностью.

Зачастую юридическая ответственность в сфере земельных отношений достаточно определена. Вместе с тем, классификация различных видов юридической ответственности в сфере земельных отношений за нарушение законодательства свидетельствует об их широком многообразии.

Таким образом, юридическая ответственность за нарушение норм земельного законодательства это логически - правовое последствие антиправомерного поведения лица, противоречащего регулятивному предписанию правовой нормы. Результатом подобного конфликта между требованием закона (правовой нормы) и волевым поведением субъекта является причинение социального вреда, на который общество (государство) с неизбежностью отвечает своей определенной реакцией [7, с. 6].

В системе института юридической ответственности за нарушение норм земельного законодательства, из всех видов юридической ответственности за земельные правонарушения, превалирующая роль отводится административной ответственности, как виду юридической ответственности, имеющему универсально-широкий диапазон принудительно - правового воздействия, так как «административная ответственность является одной из разновидностей юридической ответственности и имеет с ними общие закономерные черты:

- административная ответственность носит принудительный, властный характер;
- административная ответственность дает отрицательную оценку поведения правонарушителя» [8, с. 6-7].

Административная ответственность применяется за нарушение земельного законодательства и причинение вреда земельным ресурсам, либо создания реальной угрозы его причинения, если эти правонарушения по своему характеру, степени общественной опасности не требуют в соответствии с законодательством уголовного преследования.

Меры административной ответственности за нарушение норм земельного законодатель-

ства являются одним из видов репрессии, применяемых компетентными органами государственной власти в отношении лица, виновного в совершении земельного правонарушения. Отсюда следует, что административная ответственность представляют собой способ охраны социальных благ (земельного правопорядка, земельных прав и интересов физических и юридических лиц и т.д.) путем осуществления органами исполнительной власти и судами юрисдикционной деятельности в связи с совершенным земельным правонарушением.

С теоретической точки зрения, в контексте сказанного, являются справедливыми выводы А.Б. Агапова, который среди характерных особенностей административной ответственности выделяет следующие:

1) административная ответственность налагается за правонарушения, не представляющие высокой степени общественной опасности. Вследствие этого карательные санкции государства за такие противоправные деяния именуются административными проступками (правонарушениями), в отличие от них преступления представляют несоизмеримо более высокую степень опасности для общественных и частно-правовых интересов;

2) ответственность по административному праву всегда представляет собой следствие противоправного действия (бездействия) юридического или физического лица. В возникающих правоотношениях всегда участвуют субъекты публично-правовой сферы (области общегосударственных интересов) – органы исполнительной власти и наделенные ее полномочиями должностные лица. Все виды правовой ответственности налагаются органами (должностными лицами) государства, однако одним из участников административного правоотношения всегда является орган исполнительной власти или исполнительно - распорядительный орган местного самоуправления (муниципальный орган);

3) административная ответственность по преимуществу наступает вследствие правонарушений в сфере общегосударственных, а не частно-правовых интересов [9, с. 10].

Однако, следует указать на то, что сама по себе административная правонарушаемость характеризуется высокой степенью латентности (скрытности), что приводит к тому, что их совершение во многих случаях остается «незамеченным», что приводит к тому, что вино-

вный остается не наказанным, а следовательно в его сознании формируется установка о том, что подобное деяние не влечет ответственности и их можно совершать и в дальнейшем.

Кроме того, это чревато и тем, что противоправное поведение в сознании правонарушителя становится явлением «привычным», а частое совершение административных правонарушений может привести к «порочной легкости» в совершении преступлений, то есть противоправных действий с высокой степенью общественной опасности и вредности.

Поэтому надо полагать, что каждый факт совершенного административного правонарушения в сфере земельных отношений, должен приводить к соответствующим правовым последствиям, а виновные должны нести соответствующее совершенному их деянию наказание, тем более, что подобная постановка проблемы является непосредственным условием для реализации одного из принципов реализации административной ответственности – принципа неотвратимости наказания, за совершенное противоправное деяние.

Характеризуя институт административной ответственности, следует обращать особое внимание на то, что институт административной ответственности имеет ряд специфических признаков позволяющих ее дифференцировать от других видов юридической ответственности, и это способствует ее более детальному и углубленному пониманию. К числу таких признаков можно отнести:

- административная ответственность устанавливается только законодательными и подзаконными актами, либо их нормами об административных правонарушениях действовавшего во время совершения этого правонарушения, временем совершения административного правонарушения признается время осуществления указанного деяния независимо от времени наступления последствий;

- компетенцией привлечения к административной ответственности обладают уполномоченные законодательством на то органы, либо должностные лица, которым право привлечения к административной ответственности предоставлено действующим законодательством;

- за совершенные административные правонарушения административные взыскания должны быть предусмотрены действующим законодательством;

- применение административного взыскания не влечет за собой судимости;
- административная ответственность связана с государственным принуждением и отрицательными для правонарушителя последствиями;
- может применяться, как судом, так и другими уполномоченными на то органами;
- меры административной ответственности применяются в соответствии с законодательством, регламентирующим производство по делам об административных правонарушениях;
- порядок привлечения к административной ответственности имеет фиксированные законодательством сроки давности;
- административная ответственность установлена для всех лиц независимо от рода деятельности и профессии, в том числе и для юридических лиц;
- административная ответственность характеризуется множественностью правовых норм, которыми регулируются разнообразные аспекты деятельности органов государственного управления в различных отраслях и сферах жизнедеятельности государства [10, с. 116-117].

Мерой административной ответственности за нарушение земельного законодательства, является административное взыскание, предусмотренное нормами административного законодательства об административной ответственности. Административные взыскания традиционно выражаются в виде морального, либо в материального воздействия на личность правонарушителя.

Некоторые административные взыскания сочетают в себе одновременно и моральное осуждение, и материальное воздействие, и временное ограничение прав нарушителя (например, административный арест, лишение специальных прав, и другие) [11, с. 283]. Вместе с тем, административное взыскание не имеет своей целью причинение физических страданий лицу, совершившему административное правонарушение, или унижение его человеческого достоинства, а так же нанесение вреда деловой репутации юридического лица.

Подводя итоги вышесказанного, следует указать на то, что наиболее применяемыми видами административных взысканий за нарушение норм земельного законодательства является предупреждение и административный штраф.

Правовое значение предупреждения, как самостоятельного вида административного взыскания, состоит в официальной даче органом (должностным лицом), уполномоченным налагать административное взыскание, отрицательной оценки совершенного правонарушения и предостережении физического или юридического лица о недопустимости повторного противоправного поведения в сфере земельных отношений.

По процедуре оформления предупреждение как вид административного взыскания в соответствии с административным законодательством, выносится в письменной форме и является средством предостережения правонарушителя должностным лицом.

Предупреждение в большей степени является мерой морального воздействия и в основном выполняет превентивную функцию, так как способствует прекращению дальнейшей противоправной деятельности.

Список использованных источников:

- 1 Богданова М.С. О понимании юридической ответственности в современных условиях // *Юрист*. – 1997. - № 7. – С. 35-59.
- 2 Жетписбаев Б.А. *Аграрное право Республики Казахстан (часть Особенная): Учебник*. – Алматы: Данекер, 2002. – 218 с.
- 3 Хаджиев А.Х. *Земельное право Республики Казахстан (Общая часть): Учебное пособие / Под ред. д.ю.н., проф. Н.Б. Мухитдинова*. – 2-ое изд. перераб. и доп. – Алматы, ЮРИСТ, 2002. - 376с.
- 4 Тархов В.А. Понятие юридической ответственности // *Правоведение*. – 1973. - № 2. – С. 34-39.
- 5 Лейст О.Э. *Санкции в советском праве*. – М., 1962. – С. 94.
- 6 Черданцев А.Ф., Кожевников С.П. О понятии и содержании юридической ответственности // *Правоведение*. – 1975. - № 5. – С. 40-47.
- 7 Титова Н.И. *Материальная ответственность работников сельскохозяйственных предприятий*. – М., Юридическая литература, 1978. – С. 6.
- 8 Таранов А.А. *Административная ответственность Республики Казахстан*. - Алматы. Жети - Жаргы, 1997. – 56 с.
- 9 Агапов А.Б. *Административная ответственность: Учебник*. – М.: «Статут», 2000. – 251 с.
- 10 *Административная ответственность в Республике Казахстан: конституционно-правовые проблемы. Учебник для вузов / Под ред. д.ю.н., профессора Б.А. Жетписбаева*. – Алматы, 2012. - 352с.
- 11 Алехин А.П., Кармолицкий А.А., Козлов Ю.М. *Административное право Российской Федерации. Учебник*. – М.: ЗЕРЦАЛО, 1996. – 680 с.

Абдрасилова Бану Кайратбековна

Заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университет, Шымкент қаласы

Бердекова Роза Мырзаханова

Құқық магистрі, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университет, banu_abdrasilova@mail.ru

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

Түйін: Бүгінгі таңда мемлекеттің ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы ең басты назары экономикалық даму процестерінің басқарылуына, ұйымдық құрылымдық буындардың тиімді жолдарына, ішкі өзін өзі бақылау жүйесін құруға және қылмыстылықты тазартуға аударылуы тиіс. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алу, яғни, оның себептері мен шарттарына ықпал жасау болуы керектігін ескерген жөн деп есептеймін.

Халқымызда «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген қанатты сөз бар. Сондықтан да, құлқынның қамын ойлаған кейбіреулердің теріс әрекеті бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесе ымырасыз күрескеніміз дұрыс.

Резюме: Понятие «коррупция» рассматривается в двух аспектах — философском (широком) и социально-юридическом (узком). В широком смысле — это порча, упадок. Обладая свойством полисемии, коррупция не является отклонением от нормы и имея латинское происхождение, термин «коррупция» означает: 1) соращение, подкуп; 2) порядок; 3) извращенность, превратность (мнений), расстройство, расшатанность, плохое состояние здоровья. В целом те же значения указанный термин имеет в романских, германских и славянских языках. В некоторых славянских языках «коррупция» понимается как взятка; глаголы, например, «корумпирати» — на сербскохорватском переводятся как «подкупать, давать взятки», а прилагательные, например, «корупенеску» — на чешском буквально означают «подкупной, продажный».

Summary: The concept "corruption" is considered in two aspects — philosophical (wide) and social and legal (narrow). In a broad sense is a damage, decline. Having property of polysemanticism, corruption is not an aberration

and having Latin origin, the term "corruption" means: 1) seduction, bribery; 2) order; 3) perversity, falsity (opinions), frustration, looseness, ill health. In general the specified term has the same values in Romance, German and Slavic languages. In some Slavic corruption languages it is understood as a bribe; verbs, for example, of "korumpirata" — on Serbo-Croatian are translated as "to bribe, bribe", and adjectives, for example, to "korupenesk" — on Czech literally mean "bribeable selling".

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын одан әрі айқындалды. Жарлық Қазақстанға әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіруге мүмкіндік берген азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, ұлттық экономиканың өсуі, бизнесті жүргізу жағдайларын, халықтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік белсенділігін жақсарту, электрондық үкіметті енгізу жөніндегі қолданылып жатқан шаралар да заңға бағыну мәдениетін және жүріс-тұрыстың жалпы қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы модельдерін қалыптастыру үшін алғышарттар жасайды.

Сонымен бірге экономиканың одан әрі өсуі, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің неғұрлым дамыған бәсекеге қабілетті отыз елінің қатарына кіру жөніндегі өршіл міндетті жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешу мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыртуға негізделген жаңа жүйелі шаралар қабылдауды және оны іске асырудағы азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруды талап етеді, бұл сыбайлас

жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берері сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні даусыз.

Сыбайлас жемқорлық деп мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті адамның не оған тенестірілген адамның лауазымды тұлғалардың қызметтік өкілеттігін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықтылық алу не басқа адамға немесе ұйымға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделерін кереғар пайдалану нәтижесінде жеке адамның заңды құқықтары мен мүдделеріне, қоғамның, мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеліп соғатын заңсыз іс-әрекеттерді айтамыз.

Сыбайлас жемқорлық туралы 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заң қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» Жарлығы жарияланды.

2003 жылы 25 қыркүйекте «Сыбайлас жемқорлыққа күрес мәселесі бойынша бірқатар заңды актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қыметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданды.

2007 жылғы 21 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалаық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Осы заңға сәйкес парақорлық (пара алғаны, пара бергені, парақорлыққа делдалдық) үшін қылмыстық жауаптылық және жаза күшейтілді.

Жемқорлық әлемнің көптеген елдеріне тараған, қалыптасқан қылмыстық болып табы-

лады. Жемқорлық (коррупция) сатып алу деген ұғымды білдіретін латын сөзінен шыққан, орыс тілінде кең қолданылатын сөз, біздер оны сыбайлас жемқорлық деп аударып, заңымызда да солай тұжырымдалған.

1979 жылы БҰҰ-дың Бас Ассамблеясы және сыбайлас жемқорлық мәселелері жөніндегі аймақаралық семинар (Гавана 1990 ж.) мынадай анықтаманы ұсынды: «Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын заңсыз пайда алуға бағыттауы» [1].

Енді бір анықтама 1999 жылғы «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» атты Еуропа Кеңесінің Конвенциясында берілген, онда: «Сыбайлас жемқорлыққа – мемлекеттік, муниципалдық немесе өзге де қоғамдық қызметшілердің немесе коммерциялық не өзге де ұйымдардың қызметшілерінің өз мәртебесін кез келген мүлікті заңсыз алуы, оны иемденуге құқықты болуы, қызметті немесе жеңілдікті пайдалануы, сондай-ақ аталған тұлғалардың осындай мүлікті, оны иемдену құқығын басқа тұлғаға беру, қызмет көрсету және жеңілдіктер ұсыну жатады» [2].

Кейбір ғалымдардың пікірінше осы анықтама толық емес, себебі сыбайлас жемқорлық құбылысы құқық ұғымының шеңберінен әлдеқайда кең.

М.О. Нәукенов: «Сыбайлас жемқорлық» және «ұйымдасқан қылмыс» ұғымдарын бірібірімен байланыстыра қарауды ұсынады. Оның пікірінше, сыбайлас жемқорлықты ұйымдасқан қылмыс өкілдері мемлекеттік органдар жұмысын «бақылау» құралы ретінде пайдаланады, бұндай жағдайда қылмысты әлеуметтік тұрғыдан бақылау бейтараптанады, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыс өкілдері билік органдарын өз мақсатына жету үшін пайдаланады және саяси шешімдер қабылдауда ықпал жасайды [3].

А.С. Қалмұрзаев сыбайлас жемқорлықты: «кез келген қызметкердің қызмет жағдайын пайда күнемдік мақсатында пайдалануы», - деп сипаттайды [4].

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2-бабына сәйкес: «Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген

адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүлктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады» [5].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес» [6].

Қазіргі отандық әдебиеттерде: «Сыбайлас жемқорлық - (латын тілінен «corruptio» - пара беріп сатып алу, құқық бұзу, құлдырау деген мағынаны білдіреді) деп қоғамдық және саяси қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың сатқындығын, оларды сатып алуды, яғни саяси, экономикалық, әскери және тағы басқа да салалардағы қызметкерлердің қолындағы билігінің мүмкіндіктерін және қызмет бабын жеке басын байыту мақсатында пайдалануын айтады».

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше: «Сыбайлас жемқорлық - бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаған қылмысы [7].

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

- сыбайлас жемқорлық құбылысының өзіне тән белгілері бар;
- сыбайлас жемқорлық - бұл, ең алдымен, әлеуметтік құбылыс;
- халықаралық құжаттарда жемқорлықтың нақты анықтамасы жоқ;
- әрбір мемлекет қазіргі құқықтық дәстүрлер негізінде өздерінің жемқорлыққа қарсы құралдар жиынтығын анықтайды;
- жемқорлық ұғымы қазіргі қоғамдағы жемқорлықтың құқықтық анықтамасына негізделмеген.

Сөйтіп, айтылғандарды қорыта келе, сыбайлас жемқорлық - бұл екі жақ арасындағы «мәміле» деп тұжырымдауға болады, оның бірі – өз лауазымдық өкілеттігін заңға қарсы пайдаланатын мемлекеттік немесе жеке қызметте жұмыс істейтін тұлға, екіншісі – мем-

лекеттік немесе жеке құрылымды өз басының пайдасы, яғни материалдық жағдайын көтеру, артықшылық алу, заңда көзделген жауапкершіліктен таю тағы үшін пайдаланатын адам. Осындай құбылыс екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

1. мемлекеттік қызметшінің өзі алдына келген адамды пара, сыйақы беруге мәжбүрлейді.

2. белгілі бір адам, бұл ұйымдасқан қылмыс өкілі болуы мүмкін, мемлекеттік қызметшіге көп жағдайда психологиялық қысым көрсетіп, оны «сатып алу» мақсатында пара, сыйақы алуға итермелейді [8].

Сыбайлас жемқорлықтың түрлері мен типологиясын қарастыру үшін, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің қызметтік бабын өз басының пайдасына пайдалануына, пара беруші мен пара алаушының мәртебесіне, пара берушінің өзіне алған пайдасына, пара берудің мақсатына, сыбайлас жемқорлықтың таратылуы және жиілігіне қарай келесі жіктелімге назар аударалық [9].

Сыбайлас жемқорлықтың кеңістік ерекшеліктерін талдау кезінде айқындалғандай, елдегі сыбайлас жемқорлықтың өріс алу дәрежесі экономиканың даму деңгейіне тікелей байланысты. Алайда керісінше фактіні байқауға да болады. Халықаралық Валюта қоры жүргізген зерттеудің нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлық ел экономикасының дамуына едәуір кедергі келтіреді. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық елге келетін инвестициялар легін қысқартатыны, дарынды адамдарды өнімсіз жұмысқа тартатыны, бай табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануға жол беретіні, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық құрылымдық экономикалық өркендеуді арттыруға бағытталған реформалардың жүргізілуін тежейтіні айқындалды. Елдің табиғи ресурстармен (орман, минералдық, су ресурстары) жақсы қамтылуы да сыбайлас жемқорлықтың дамуының бір факторы болып есептеледі. Елдегі бұндай байлыққа екі тұрғыдан қарауға болады. Бір жағынан, елде бай табиғи ресурстардың болуы ел экономикасы өркендеуінің негізі болып, сыбайлас жемқорлықтың төмендеуіне себеп болуы керек. Екінші жағынан, табиғи байлық ел экономикасының өркендеуін емес, өзіне пайда алуды мақсат тұтқан сыбайлас жемқорлық субъектілерін қызықтырады [10].

Халықаралық Валюта қоры жүргізген зерттеу көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық мем-

лекетке түсетін жылдық табысты төмендетеді, себебі салық төлеушінің, салық төлеуден заңсыз босатудың мүмкіндіктері пайда болады немесе салық басқармасы әлсіз жұмыс істейді. Жемқорлықтың өріс алу себептерінің аса маңыздысы - мемлекеттік және жеке секторлар қызметкерлерінің еңбекақы көлемі [11].

Әрине, еңбекақысы төмен болғандықтан, шенеуніктер қосымша табыс көздерін іздестіреді, осындай жағдайда шенеуніктер ресми қызметтік міндеттерін асыра пайдаланып, пара алады. Мемлекеттік қызметшілердің табысы үлкен көлемді болғандықтан, олар өз қызметінің қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қарамағындағы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасамауына жағдай туғызады: қызмет бабында өз міндеттерін адал да мінсіз орындаған қызметшілерді көтермелейді, сыйақы беруге ұсынады, заңды түрде лауазымын көтереді. Осындай жағдайда лауазымды тұлғалар өз қызыреті шеңберінен шықпауға, заңды бұзбауға, әділ әрі адал болуға тырысады [12].

Білім беру жүйесі экономиканың өрістеуінің аса маңызды жетістіктерінің бірі болып саналады. Қоғамның білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым моральдық-адами және құқықтық нормалардың бұзылуы өте сирек кездеседі. Осыған орай, қоғамның білім деңгейі мен сыбайлас жемқорлықтың даму деңгейінің арасында тиісті дәрежеде байланыс бар деген ойдамыз. Айтылғандарды қорытындылай келе, айтатымыз:

- жағымсыз әлеуметтік-экономикалық факторлар кез келген мемлекетте сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы, өрістеуі және таратылуының себептері болып табылады.

- алайда жоғарыда көрсеткеніміздей, әлеуметтік-экономикалық факторлар белгілі бір жағдайларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қолданылған құралдар болуы әбден мүмкін.

Саяси себептер. Тәжірибе көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық мемлекеттің экономикалық және саяси дамуына кері әсер етеді [13].

Сыбайлас жемқорлықтың дамуына ықпалын тигізетін саяси факторларға мемлекеттік құрылымның ерекшеліктерін жатқызуға болады. Қоғамның демократиялануына байланысты сыбайлас жемқорлық «жаңа» салаларды игерді, бұл – саяси партияларды, электораттық лауазымдық қылмыстарды қаржыландыру, сайлауда сайлаушылар дауысының басым

көпшілігін алуды қамтамасыз ету үшін саяси демеушілер жүйесін дамыту. Демократияландыру үдерісі саяси қызметті жүзеге асыру үшін орталық биліктің біршама өкілеттіктерін аймақтық және жергілікті билікке беруді көздейді, ал бұндай жағдай кейбір басшыларға жаңа конституциялық өкілеттіктерін асыра пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы пікірге Швейцария мемлекеті дәлел бола алады, ондағы демократияның тарихи тамыры тереңде жатыр. Тарихи дерек көздер көрсеткендей, мемлекетте басқару нысанының күрт өзгеруі де мемлекеттік құқық бұзушылықпен қатар жүреді, ал халық ондаған жылдар бойы саяси тұрақсыздықтан зардап шегеді [14].

Мемлекетте қоғамдық - саяси бостандықтың орнығуы азаматтардың өзін мемлекеттің толық құқылы мүшесі ретінде сезінуге, билікті жүзеге асыруға, қоғамның істеріне араласуға бейімдейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құралы ретінде әлеуметтік-құқықтық бақылау Жапония мен АҚШ-та кең өріс алды.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады:

- бостандыққа ие азаматтық қоғам - мемлекетте жемқорлық деңгейі өте төмен болуының кепілі.

- саяси тұрлаулылық, үкіметтің, басшылардың жиі ауысуы, сыбайлас жемқорлықтық өрістеуінің басты шарты.

- мемлекеттің жалпы саяси бағытының жиі өзгеруі елдегі әлеуметтік - экономикалық ахуалдың тұрақсыздығына әкеп соғады.

Ұйымдық-институционалды себептер. Соңғы кездері жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық мемлекеттіліктің институционалды негіздеріне сіңіп, олардың қызметінің тиімсіздігі, дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан, есеп беру және бақылау жүйесінде нақтылық болмағандықтан кең өріс алуда. Мемлекеттің ұлттық экономикаға араласу факторына нақтырақ тоқталайық. Экономика саласында мемлекеттің өкілеттігі кең тараған жағдайда сыбайлас жемқорлықтың дамуына алғышарттар қалыптасады, ал бұл – «мемлекет қоятын шектеулерден қашудың бірден бір тәсілі».

Билік және сыбайлас жемқорлықты бақылау бір-бірімен тығыз байланысты екені баршамамызға мәлім. Сыбайлас жемқорлық – биліктің қауқарсыздығының көрсеткіші. Нақты

институционалды ұйымның болмауы, қызметтің егжей - тегжейлі регламенттенбеуі, құқық бұзушылықтың бақыланбауы және жасалған қылмыс үшін жауапқа тартылмауы - басқару аппаратының қауқарсыздығына және сыбайлас жемқорлықтың дамуына әкеп соғады .

Құқықтық сипаттағы факторлар. Сыбайлас жемқорлық - бұл әлеуметтік жауыздық, біріншіден мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді, екіншіден мемлекеттік биліктің беделіне залал келтіреді, үшіншіден қоғам мен мемлекет билігінің өкілеттіктерін моральдік түрде құлатады. Мемлекеттік аппараттың тиімсіз ұйымдастырылуының салдарынан қоғамда құқықтық реттеудің кемшіліктері де орын алуы ықтимал. Құқықтық реттеудің кемшіліктеріне кейбір елдердің заңнамасында сыбайлас жемқорлық сипатындағы мәмілелер жасасқаны үшін қылмыстық жауапқа тарту және жазалау жүйесінің болмауы, мемлекеттік қызметті өтеу жөніндегі нақты ережелер мен регламенттің жоқтығы жатады. Ал бұндай жағдай ұйымдасқан қылмыспен астасып жатқан кәсіпкерліктің және биліктің тығыз байланыста жұмыс істеуіне өте тиімді. Осыған орай фаворитизм, протекционизм, лоббизм өркендеуде. Сонымен қатар непотизм мен саяси демеушілік те кең тараған. Сыбайлас жемқорлық қалыпты нормаға айналады. Ал бұл – құқық қорғау органдарының, көп жағдайда осы органдардың өзі де сыбайлас жемқорлыққа малынған, біріншіден, институционалды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге күші жетпейді, екіншіден құқық қорғау органдарын сыбайлас жемқорлық субъектілері өз заңдарына бағындырады .

Қылмыс жасағандардың басым көпшілігі жазаға тартылмағандықтан, қылмыстық істерін одан әрі жалғастыра береді. Көп жағдайда сот жүйесі сыбайлас жемқорлық субъектісіне қатысты өз бетінше және тәуелсіз шешім шығара алмайды. Тәуелсіз құрылымдар енгізілген бірқатар елдер (АҚШ-та тәуелсіз прокурор, Гонгконгта, Сингапурде, Малайзияда, Тайванда тәуелсіз комиссия) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ісінде нақты жетістіктерге қол жеткізді. Бұндай мекемені құру кезінде билік пен мүлік, саясат пен ақша мәселесі жүйелі шешімін табуы керек.

Мәдени-этикалық сипаттағы факторлар. Сыбайлас жемқорлыққа мәдени - этикалық факторлардың ықпал етуіне баға беру жеңіл емес, себебі бұл сала «материалды емес» .

Алайда қоғамның мәдениеттілігін сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі ретінде қарастыруымыз тиіс. Дін, мәдениеттің ажырамас бөлігі бола тұрып, қоғамда сыбайлас жемқорлықтың дамуының алғышарттары болуы мүмкін. Сондықтан қоғамда бір әрекет норма деп танылса, оны қылмыс деп жариялау қиындық келтіреді [15].

